

ҚАЗМҰНАЙГАЗ БАРЛАУ ӨНДІРУ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2011



ҚҰРЫЛЫМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ МЕН БАС ДИРЕКТОРДЫҢ БАЯНДАМАСЫ	4
ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ	7
ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІН ҰСТАНУ	7
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІ	7
КОМПАНИЯНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ	8
ДИРЕКТОРЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ	11
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	11
БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ	12
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	13
АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	15
СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ	16
ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ	17
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	18
ДИРЕКТОРЛАР МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮЛЕСТЕРІ	18
НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЖДҚ ҰСТАУШЫЛАР	19
ДИРЕКТОРЛАР ШАРТТАРЫ, ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАТ ПЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫ	19
ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ	19
ҰЛЫБРИТАНИЯДА САЛЫҚ САЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТ	21
ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТАЛДАУ	24
ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	24
БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН БОЛЖАУ	25
ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ	25
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ	26
2012 ЖЫЛЫ ЖОСПАРЛЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ	29
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ	30
ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАР ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ	39
КАПИТАЛ ӨТІМДІЛІГІ МЕН РЕСУРСАРЫ	42
ТӘУЕКЕЛДЕР	44
СЫРТҚЫ ОРТА ТӘУЕКЕЛДЕРІ	44
НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	45
ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	46
САЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІ	47
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	48
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	49
ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	50
БІРІКТІРІЛГЕН ҚАРЖЫ ЕСЕБІ	51
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	52
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП	53
ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП	54
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП	55
КАПИТАЛДА ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП	57
БІРІКТІРІЛГЕН ҚАРЖЫ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР	58
АКЦИОНЕРГЕ АҚПАРАТ	97
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ	97
АКЦИОНЕРЛЕР ӨТІНІМДЕРІ	97
ВЕБ-САЙТ	97
БАЙЛАНЫСУ ДЕРЕКТЕРІ	98

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ МЕН БАС ДИРЕКТОРДЫҢ БАЯНДАМАСЫ



Ләззат Киинов
Директорлар кеңесінің төрағасы

2011 жыл «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ үшін күрделі болды. Кейбір оқиғалар бізді 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын ұстана отырып, қысқа мерзімдегі Компанияның операциялық қызметіне түзетулер енгізуге мәжбүрлеп отыр.

Табыстылық тұрғысынан Компания 2011 жылды өзінің акционерлері үшін шамамен 1,4 млрд. АҚШ долларын тауып, жақсы нәтижелермен аяқтады. Сонымен бірге 2010 жылмен салыстырғанда бір акцияға табыстың 9% төмендеуі байқалады. 2011 жылғы қаңтардан бастап экспорттық кедендік баж салығының мөлшерлемелерінің екі еселенуі Компания табысына әсерін тигізді. Алайда өндіру көлемдерінің төмендеуі мен осыған байланысты мұнай экспортының көлемінің төмендеуі негізгі фактор болды: 2011 жылы ҚМГ БӨ топтастырылған өндіру көлемі 12,3 млн. тонна (тәулігіне 250 мың баррель) құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 7%-ға кем.



Алик Айдарбаев
Бас директор
(Басқарма төрағасы)

Өндіру көлемдерінің төмендеуіне әсер еткен негізгі фактор «Өзенмұнайгаз» (ӨМГ) өндірістік филиалындағы наразылық акциясы болды. Наразылық акциясы 2011 жылғы мамырда бірнеше адамның аштық жариялауынан басталды, оларды қолдап кейіннен еңбек ұжымының бірнеше жүздеген өкілдері жұмысты тоқтатып тастады. Еңбекақыны көтеру жөніндегі талаптарын кәсіподақ қолдамады, себебі бұл талаптар 2011 жылғы наурызда қол қойылған Ұжымдық шартқа қайшы келді. Ресми мемлекеттік және сот органдары наразылық білдірушілер сүйеніп отырған сілтемелердің заңнамаға қайшы келетінін бірнеше рет растады.

Компания менеджменті мен наразылық білдіруші қызметкерлердің ұзақ уақытқа созылған қарама-қайшылығы басталды. Бұл жағдай өңірдегі, әсіресе Жаңаөзен қаласындағы әлеуметтік қақтығыстың артуына әкеп соқты. Жағдай «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) компаниясында да наразылық акцияның өтуімен ұшыға түсті.

2012 жылдың басында ӨМГ мен ҚБМ бұрынырақта жұмыстан шығарылған жұмыскерлерін еңбекпен қамту туралы мемлекеттік органдардың ұсынысын қолдап ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі екі жаңа сервистік компания – көлік және бұрғылау компанияларын – Маңғыстау облысында жұмыс істейтін басқа компанияларға және ҚМГ БӨ қызметтер көрсететін, жалпы штаттық саны шамамен 2 000 адамдық компания құру туралы шешім қабылдады. Осылайша, 2012 жылғы қаңтарда Жаңаөзен қаласында «Бұрғылау жұмыстары басқармасы» және Ақтау қаласында «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» құрылды.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Компанияның жаңадан келген менеджменті кеніштердегі операциялық қызметке қатысты өзінің саясатын қайта қарады. Қызметкерлердің маңызды рөлін мойындай отырып, менеджмент жүйелі түсіндіру жұмыстарын жолға қоюға, материалдық емес ынталандыру жүйесін құруға, еңбекақының төлену жүйесін жариялы етуге, жұмыскерлерді Компания қызметінің тиімділігін арттыру процесіне тартуды көздеп отыр. Бұдан басқа менеджмент өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология мәселелерін жүйелі түрде шешуге ұмтылып отыр.

Өндірістік қуатты модернизациялауға елеулі күш жұмылдырылады. «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалында 1 000 бірлік арнайы техникаға қызмет көрсетуге арналған сервистік орталық құрылысын бастау, ұңғымаларды тығындау үшін сұйықтықтар дайындайтын екі торап, жерасты жабдықтарын диагностилеу және жөндеу цехтарын салу жоспарланып отыр.

Жаңа заманауи сервистік орталықтар мен цехтардың жұмысы парктегі арнайы техникаға қызмет көрсету сапасын жақсартуға, ұңғымаларды тығындауға арналған сұйықтықтар құрамының тиімділігін арттыруға, ұңғымаларда жұмыстардың жөндеуаралық кезеңін ұлғайтуға, кәсіпорында өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, сондай-ақ мұнай өндіруді тұрақтандыру мен ұлғайтуға көмектесетін болады.

Өндірістік-шаруашылық қызметті жүргізуде өндірістік филиалдарға қажетті еркіндікті беру үшін, олар 100% акциялары ҚМГ БӨ тиесілі акционерлік қоғамдар болып қайта құрылды. Бұл кеніштегі менеджменттің жауапкершілігін арттырады, акционерлік қоғам қызметтерінің жариялығын арттырады және ұжымдық басқаруға қойылатын заманауи талаптарға сәйкесетін болады.

Орташа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдегі дамуында Компания 2020 Стратегиясында көрсетілген қағидаларға сүйенеді. Директорлар кеңесі мен менеджмент осы Стратегияны ұстанады және 2006 жылы IPO кезінде анықталған мақсаттарды ұстанады. 2011 жылы Компания осы мақсаттарға жетуге бағытталған бірқатар қадамдар жасады.

2011 жылы Компания геологиялық барлау жобаларына қатысты өз портфелін едәуір кеңейтті. Федоровский блогын қазуда 50-пайыздық үлес сатып алынды, оның көмірсутектік қорлары 133,6 миллион баррельге бағаланады. Батыс Қазақстан облысында Федоровский блогының жанында Карповский Солтүстік блогы бар, оны барлау құқығын Компания былтырғы жылы сатып алды. Карповский Солтүстік блогының болашағы зор алынатын ресурстары мұнай баламасының 240 миллион барреліне бағаланады. Осы екі блоктың географиялық жақындығы жалпы инфрақұрылымды құру мен пайдалануға мүмкіндік береді.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында 2011 жылы Темір, Теріскен, Қаратон-Сарықамыс блоктары мен Өзен және Қарамандыбас кен орнына жапсарлас аумақ геологиялық шикізатты барлауға арналған төрт келісімшарт сатып алынды. Барлық блоктар бойынша геологиялық ресурстар мұнай баламасында шамамен 1,5 миллиард баррельді құрайды. Барлау жемісті болған жағдайда олар компанияның, оның ішінде Өзен және Ембі тобындағы кен орындарында алына-тын қорларын орташа мерзімді келешекте ұлғайтады.

Осы активтерді сатып алу, Компанияның геологиялық барлау жобаларының портфель сапасын күшейткені сөзсіз. Бұл белсенді геологиялық барлау есебінен қорлардың органикалық өсуін қамтамасыз етуіне баса назар аударуды қарастыратын Компанияның даму стратегиясына сәйкес келеді.

Бұдан басқа ҚМГ БӨ бас компаниямен Каспийде оффшорлық блоктарға қатысу мүмкіндігі туралы меморандумға қол қойды. Компания Жамбыл, Үстірт (Өлі Қолтық), Жеңіс, Година, С-1 және СЧ-2, сондай-ақ Өріктау атты теңіз блоктары кіретін бірқатар мұнайгаз жобалары бойынша геологиялық-физикалық және қаржы-экономикалық деректерге қол жеткізді. ҚМГ БӨ осы жобалардың инвестициялық тартымдылығына техника-экономикалық және коммерциялық бағалау өткізді және осыған байланысты «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясына ұсыныс жасалды.

2011 жыл соңында Компания артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасын аяқтады, оның шеңберінде 37 миллиард теңгеден астам жалпы сомаға екі миллионнан астам акция сатып алды. Бұл бағдарлама Қазақстанның қорлар рыногын едәуір жандандырды, операциялардың елеулі үлесін құрады. Бұдан басқа ҚМГ БӨ қарапайым акцияларды сатып алу бағдарламасын бастады, оның шеңберінде Компания Қазақстан қор биржасында қарапайым акцияларды және Лондон қорлар биржасында депозитарлық жаһандық қолхаттарды сатып ала бастады. Осылайша, менеджмент Компания құндылығы мен оның болашағына сенім білдірді.

ҚМГ БӨ геологиялық барлау, жаңа сатып алулар мен мұнай-газ активтеріне инвестициялар арқылы өзінің даму стратегиясын іске асыруды бұрынғыша жалғастыру мүмкіндіктеріне ие. Қаржылық орнықтылық Компания ұстанатын ұжымдық басқарудың жоғары стандарттарымен нығайтылады. Сарапшылардың пікірінше Компаниядағы ұжымдық басқарудың негізгі басымдылықтары - тәуелсіз директорлардың негізгі акционерлер ықпалын теңдестірудегі тәжірибесі мен менеджмент жұмысының қатаң бақылануы. Сарапшылар сондай-ақ Компания жариялылығының жоғары деңгейін, инвесторлармен байланыс бойынша белсенді жұмысты және ҚМГ БӨ акционерлерінде дауыс құқығының елеулі көлемінің болуын атап кетті.

Осылайша, кейбір қиындықтарға қарамастан Компания келешекке үлкен сеніммен қарайды. Менеджмент құрылған акционерлік қоғамдардың еңбек ұжымдарымен тұрақты және қызығушылықты диалог құра келіп, Директорлар кеңесінің қолдауына сүйене отырып, Компания акционерлерінің мүддесіне сай қызметін қамтамасыз ете алады.

Ләззат Киинов
Директорлар кеңесінің төрағасы

Алик Айдарбаев
Бас директор
(Басқарма төрағасы)

ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІН ҰСТАНУ

Жылдық есептің осы бөлімі Ұлыбританияның (FSA's Disclosure and Transparency Rules) DTR 7.2 (Ұжымдық басқару туралы ереже) Қаржы қызметі басқармасының жариялылық туралы ережелеріне сәйкес әзірленді.

ЖДҚ Ұлыбританияның Листингілік агенттігінің ресми тізіміне қосылған шетел компаниясы ретінде Компания Ұлыбританияның Ұжымдық басқару кодексін ұстануға міндетті емес. Алайда DTR 7.2 сәйкес Компания өзінің жылдық есебінде қазақстандық ұжымдық басқару кодексін ұстанатыны туралы ақпаратты, Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін және практикада қосымша қолданылатын ұжымдық басқарудың қолданыстағы қағидалары тура-

лы ақпаратты беруге міндетті. Оған қосымша Компания Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексінде сипатталған практикадан оның қолданыстағы ұжымдық басқару практикасында бар ерекшеліктер туралы ақпаратты береді.

Директорлар ұжымдық басқарудың маңыздылығын мойындайды және Компанияда ұжымдық басқарудың жоғары стандарттарын дамытуды қолдайды. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания үшін қосымша міндеттемелерді белгілейтін ұжымдық басқару ережелерін дамытып арттыруға ниеттеніп отыр.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Қазақстандық ұжымдық басқару кодексінде Қазақстандағы ұжымдық басқарудың үздік практикасы берілген. Қазақстандық ұжымдық басқару кодексі ұжымдық басқару саласында бар халықаралық тәжірибені және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде 2025 жылғы қыркүйекте құнды қағаздар рыногының мәселелері бойынша Сараптамалық кеңестің шешімімен бекітілген Қазақстандық акционерлік қоғамдардың ұжымдық басқару қағидаларын қолдану ұсынымдарын есепке алып құрылған. Кодекс Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының кеңесімен 2005 жылғы наурызда және Эмитенттер кеңесімен 2005 жылғы ақпанда мақұлданды.

2011 жыл ішінде Компания барлық елеулі аспектілерде қазақстандық Ұжымдық басқару кодексінің ережелерін сақтады.

Компания Өзінің ұжымдық басқару кодексі ретінде Ұлыбритания Кодексінің кейбір ережелерінен тұратын өзгерістерімен Қазақстандық Ұжымдық басқару кодексін қабылдады. Компания қабылдаған өзгерістер ұжымдық басқару бойынша ҚМГ БӨ қосымша міндеттемелерін белгілейді. Компания осы қосымша өзгерістер Компания қабылдайтын ұжымдық басқару режимін елеулі нығайтады деп санайды. ҚМГ БӨ сондай-ақ Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексінің басқа ережелерін есепке қабылдайды және келешекте өзінің ұжымдық басқару стандарттарын жетілдіруге ұмтылатын болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына қосымша Компанияның ұжымдық басқару кодексінің қосымша ережелері (атап айтқанда қазақстандық ұжымдық басқару кодексі):

- Ұжымдық басқарудың қосымша қағидалары енгізілді:
 - Қоғамның тәуелсіз қызметі қағидалары.
 - Жауапкершілік қағидасы.
- Кейбір қағидалар түрлі ережелермен толықтырылды, атап айтқанда:
 - Әлеуметтік саясат қағидалары.
 - Компания акционерлерімен өзара қарым-қатынас құрылымы туралы ереже.
 - Директорлар кеңесінің төрағасы мен бас директор арасындағы өкілеттіктерді бөлу.

- Директорлар кеңесі төрағасының міндеттемелерін сипаттайтын ережелер.
- Тәуелсіз директорлардың ең аз саны туралы талап.
- Тәуелсіз директорлардың «тәуелсіздігін» белгілеу талаптары мен қағидаларын реттейтін қосымша ережелер.
- Компания директорлары үшін ақпаратқа қол жеткізу және біліктілігін арттыруы туралы ережелер.
- Директорларға сыйақы қағидаларын реттейтін ережелер.
- Ішкі ақпаратты қорғау туралы ереже.

Компанияның ұжымдық басқару кодексінің қолданыстағы редакциясы және ұжымдық басқару ережесінің сипаты ҚМГ БӨ сайтында орналасқан.

КОМПАНИЯНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Төменде Компанияны ұжымдық басқару кодексі мен Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі ережелері арасында негізгі айырмашылықтар сипатталған.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі директорлардың директорлар кеңесі төрағасының қызмет нәтижелерін бағалау үшін және қажетіне қарай басқа жағдайларда кемі жылына бір рет Директорлар кеңесі төрағасының қатысуынсыз жиналыс өткізуін қарастырады. Сондай-ақ Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің қызметін бағалау кем дегенде үш жылда бір рет өткізіліп тұруы керек.

ҚМГ БӨ ұжымдық басқару кодексі осы талаптардан тұрмайды. 2011 жылы төрағаның қатысуынсыз тәуелсіз директорлардың жеті жиналысы өткізілді, онда мына мәселелер қарастырылды: жаңа редакцияда Компанияның даму стратегиясы, Қазақстан Республикасында және оның

шекарасынан тыс мұнай-газ активтерін сатып алу бойынша жобалар, Компанияның мажоритарлық акционерлерімен өзара қарым-қатынасы, сақтандыру бағдарламасы, Компанияның мұнай химия жобаларына әрі қарай қатысу мәселелері, Компанияның ақша қаражаттарын басқару мен Ақша қаражаттарын басқару саясатын ұстану, ішкі аудит пен ішкі бақылау мәселелері, Директорлар кеңесіне және Басқармаға тағайындау мәселелері мен сатып алу саясаты.

Директорлар кеңесі төрағасының қызметін директорлармен бағалау ресми өткізілген жоқ. Директорлар кеңесінің қызметі жыл сайын тәуелсіз кеңесшімен бағаланады.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексінің ережелеріне сәйкес лауазымға тағайындағаннан кейін Директорлар кеңесінің төрағасы Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексінде берілген тәуелсіздік өлшемдерін қанағаттандыруы керек.

Компанияның ұжымдық басқару кодексінде директорлар кеңесінің төрағасының тәуелсіздігіне қатысты ереже қосылмаған және директорлар пікірі бойынша директорлар кеңесінің төрағасы Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексінің тиісті ережесінде немесе Компанияның ұжымдық басқару кодексінің тиісті ережесінде берілген тәуелсіздік өлшемдерін қанағаттандырмас еді.

Аудит бойынша комитет туралы ереже Директорлар кеңесінің төрағасы Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексімен қарастырылған мүмкіндікке қарамастан аудит бойынша комитет мүшесі болып табылмауы керек. Бұндай айырмашылық директорлар кеңесінің төрағасы ірі акционер өкілі болып табылатын жағдайдан шығып аудит бойынша комитет туралы ережеде әдейі қарастырылған.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі бойынша төрағадан басқа директорлар кеңесі мүшелерінің жартысы тәуелсіз директорлар болуы керек. Бұған қарағанда Компанияның Ұжымдық басқару кодексі мен жарғысы Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуын талап етеді.

2011 жылы төрағаны қосып санағанда сегіз адамнан тұратын директорлар кеңесінің құрамына үш тәуелсіз директор кірді: Филип Дэйер, Пол Мандука және Эдвард Уолш.

Компания Жарғысына сәйкес, мүдделік пен мәмілелерді қосқанда бірқатар түйінді мәселелер тәуелсіз директорлардың көпшілігінің мақұлдауын талап етеді. Компания Жарғысымен ұжымдық веб-сайтта танысуға болады.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі бойынша Кеңес аға тәуелсіз директор ретінде тәуелсіз директорлардың біреуін тағайындауы керек.

Директорлар кеңесі осы уақытта акционерлер құрылымын ескеріп аға тәуелсіз директорды тағайындаған жоқ. Аға тәуелсіз директордың болуы туралы талап ара-тұра қарастырылатын болады.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексіне сәйкес, төраға күн тәртібінің барлық тармақтарын, атап айтқанда стратегиялық мәселелерді талқылау үшін жеткілікті уақыттың қамтамасыз етілуіне жауапты.

Компанияның ұжымдық басқару кодексінде бұндай ереже жоқ, алайда практикада бұл талап сақталады.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексіне сәйкес, төраға барлық директорлардың директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде атқаратын қызметтері үшін қажетті шамада өз білімі мен тәжірибесін жетілдіріп, Компанияға қатысты ақпаратты үнемі жаңартып тұруын және әр директормен оның жеке дамуына қатысты қажеттігін жиі талқылап тұруы қажет.

Бұл талаптар Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ және 2011 жыл ішінде орындалған емес.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі Төрағаның Компанияның негізгі акционерлермен сыйақы мәселелері бойынша байланысты үзбеуін талап етеді.

Бұл талап Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ. Сыйақыларды төлеу мәселесі әдетте мажоритарлық акционер – ҚМГ ҰК алдын ала келісуді талап етеді.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі төрағаның акционерлер болжамын директорлар кеңесінің қаперіне жеткізуін, сондай-ақ басқару мәселелері мен стратегияны негізгі акционерлермен талқылауды қамтамасыз етуге жауаптылығын қарастырады.

Бұл талап Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ. Осыған қарамастан 2011 жыл бойына директорлар кеңесінің жиналысы барысында төраға ірі акционер – ҚМГ ҰК болжамын директорлар кеңесіне жеткізді, сондай-ақ басқару мәселелері мен стратегиялар мажоритарлық акционер – ҚМГ ҰК талқылау жүргізілді.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі басқару жұмысын келісілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне тыңғылықты талдау, оның қызметіне бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ берілетін қаржы ақпаратының толықтығына көз жеткізуді, сондай-ақ қаржылық бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйесі тиімді және сенімді болып табылатындығына көз жеткізу керектігін қарастырады.

Компанияның ұжымдық басқару кодексі бұндай жауапкершіліктің тиімділігі Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жүктейді.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі атқарушы емес директорлардың атқарушы директорлардың тиісті сыйақы деңгейлерін анықтауға, бұдан басқа тағайындауда жетекші роль атқаруды және қажет жағдайда атқарушы директорларды лауазымынан босатқан кезде және мұрагерлікті жоспарлауда жауапкершілігін қарастырады.

Бұл талап Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ. 2011 жыл ішінде атқарушы директор – Бас директор лауазымы ірі акционер – ҚМГ ҰК бастамасы бойынша тағайындалып босатылды.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі бойынша акционерлер барлық директорларды жыл сайын сайлап отыруы қажет.

Бұл талап Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде 2011 жылы Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексінің талаптары сақталған жоқ.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі Директорлар кеңесінің стратегиялық мақсаттарға жету кезінде қабылдануы мүмкін елеулі тәуекелдер табиғаты мен деңгейін анықтауда жауаптылығын қарастырады.

Бұл талап Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ. Алайда осы жылдық есепте тәуекел факторлары туралы ақпарат берілген.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексі аудит бойынша комитет өкілеттігі Компанияны ішкі қаржылық бақылауына шолуды қамту керектігін қарастырады және егер ол тәуелсіз директорлардан тұратын тәуекелдер бойынша жеке комитет немесе кеңестің өзінің өкілеттігіне тіке жатқызылмаса Компанияның ішкі бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйелеріне шолу, сондай-ақ аудит бойынша комитеттің Компания қызметкерлері құпия негізде қаржылық есеп мәселелері немесе басқа мәселелер бойынша мүмкін бұзушылықтар туралы алаңдаушылық білдіре алатындай қабылданатын іс-шаралар қарастыруына жауапты болуын қарастырады.

Бұл талап Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ. Компанияда тәуекелдер бойынша жеке комитет құрылмаған және жоғарыда көрсетілген уәкілеттіктер комитет ережелеріне сәйкес аудит бойынша директорлар кеңесі комитетінің құзыретіне жатқызылған. Аудит бойынша комитет қызметі туралы толық ақпарат осы есептің 15 бетінде берілген.

- Ұлыбританияның ұжымдық басқару кодексіне сәйкес директорлар Комитет қандай негізде ұзақ мерзімді келешекте құнын жинақтап немесе сақтайтынын және Компанияның мақсаттарына жетуі бойынша стратегиясын түсіндіруі керек.

Бұл талап Компанияның ұжымдық басқару кодексінде жоқ. Осы жылдық есепке Компания қай негізде ұзақ мерзімді келешекте құнын жинақтап немесе сақтайтыны және Компанияның мақсаттарына жетуі бойынша стратегиясына түсініктеме енгізілген.

ДИРЕКТОРЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Компанияның ұжымдық басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма жылдық есептің нақтылығына және Компанияның қаржы есебіне жауапты болады.

Ұлыбританияның листингтік агенттігінің жариялылық ережелеріне сәйкес (UKLA's Disclosure and Transparency Rules), әр Директорлар кеңесінің мүшесі, қолда бар ақпаратқа қарай мыналарды растайды:

- ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржы есебі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін, бірге жинақталған Компания мен оның еншілес компанияларының балансына қатысты анық және шынайы көрінісін береді;
- басшылық есебі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі мен қаржылық жағдайының нәтижелері бойынша шынайы деректерді, еншілес кәсіпорындармен олардың жалпы міндеттемелерін, сондай-ақ олар кездесетін маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерге сипаттамаларды қамтиды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2011 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі сегіз мүшеден тұрды, олар мыналар:

ТАӘ	Лауазымы
Сисенғали Утеғалиев	Директорлар кеңесі төрағасының қызметін жүзеге асырады
Алик Айдарбаев	Директорлар кеңесінің мүшесі (бас директор)
Ержан Жанғаулов	Директорлар кеңесінің мүшесі
Асқар Балжанов	Директорлар кеңесінің мүшесі
Әсия Сырғабекова	Директорлар кеңесінің мүшесі
Филип Дэйер	Тәуелсіз директор
Пол Мандука	Тәуелсіз директор
Эдвард Уолш	Тәуелсіз директор

2011 жылғы 31 наурызда өткен кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысының қорытындылары бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Бозжанов Төлеген Жұматұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
- Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Өтеғалиев Сисенғали Әжіғалиұлы сайлансын.

2011 жылғы 5 мамырда өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Ибрашев Кенжебек Ниязұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
- Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Айдарбаев Алик Серікұлы сайлансын. Директорлар кеңесінің шешімімен Айдарбаев Алик Серікұлы Компания Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2011 жылғы 22 желтоқсанда Компанияның Басқарма төрағасы (Бас директор) Асқар Балжанов өзінен өкілеттіктерді алды. Осы уақытқа дейін директорлар кеңесінің төрағасы лауазымын атқарып жүрген Алик Айдарбаев ҚМГ БӨ Басқарма төрағасы (Бас директор) болып сайланды.

2012 жылғы 27 ақпанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Асқар Балжановтың өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы және Ләззат Кииновты Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі ретінде сайлау туралы шешім қабылданды.

2012 жылғы 13 наурызда Директорлар кеңесінің шешімімен Киинов Ләззат Кетебайұлы Компания директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 13 наурыздағы жағдай бойынша құрамы:

- Ләззат Киинов – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің төрағасы

- Алик Айдарбаев – бас директор, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Басқарма төрағасы
- Ержан Жанғаулов – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету бойынша бас менеджер;
- Әсия Сырғабекова - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаржы директоры
- Сисенгали Утегалиев - «ҚазТрансОйл» АҚ бас директор орынбасары
- Пол Мандука - ҚМГ БӨ тәуелсіз директоры
- Эдвард Уолш - ҚМГ БӨ тәуелсіз директоры
- Филип Дэйер - ҚМГ БӨ тәуелсіз директоры

Компанияны ұжымдық басқару кодексіне сәйкес директорлар кеңесі директорлар тәуелсіздігі фактін белгіледі және Филип Дэйер, Пол Мандука мен Эдвард Уолш сипаты бойынша және шешім қабылдау кезінде тәуелсіз болып табылады деп анықтады. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне елеулі әсер ететін немесе етуі мүмкін қандай да бір қатынастар немесе жағдайлар жоқ деп белгіледі.

БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ

2011 жылы Компания Басқармасы құрамына бас директор мен оның орынбасарларын қоса жоғары дәрежедегі басшылар кірді.

2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша Басқарма мүшелері:

ТАӨ	Лауазымы
Алик Айдарбаев	Бас директор және Басқарма төрағасы
Владимир Мирошников	Бас директордың орынбасары
Жаннета Бекежанова	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Асқар Әубәкіров	Бас директордың ұжымдық басқару мен активтері басқару жөніндегі орынбасары
Бағытқали Бисекен	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
Тарас Хитуов	Қызметкерлер мен әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор
Киікбай Ешманов	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры
Жұмабек Жамауов	«Ембімұнайгаз» ӨФ директоры

2011 жыл ішінде Компанияның директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- 2011 жылғы 5 мамырда Басқарма мүшесі ретінде Бағытқали Бисекенді сайлау туралы шешім қабылданды (Өндіріс бойынша бас директордың орынбасары).

- 2011 жылғы 22 желтоқсанда бас директор (Басқарма төрағасы) Балжанов Асқардың өкілеттігін тоқтатқаны және бас директор ретінде (Басқарма төрағасы) Айдарбаев Аликті сайлау туралы шешім қабылданды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Компанияның Директорлар кеңесі, Басқармасы мен бас директоры арасында өкілеттіктерді тарату Компанияның жарғысымен 12 және 13 бөлімдерде анықталады. Директорлар кеңесі акционерлер алдында Компания қызметін тиімді басқару мен тиісті бақылауға жауапты болады және шешімдер қабылдаудың бекітілген жүйесіне сәйкес әрекет етеді.

Директорлар кеңесінің барынша маңызды қызметтері Компанияның стратегиялық даму бағыттары мен саясатын анықтау, мұнай-газ активтерін әлеуетті сатып алулар туралы шешім қабылдау және өзге де елеулі мәселелер болып табылады.

Басқарма бірінші кезекте осы қызметтерді іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және Компанияның ағымдағы операциялық қызметіне жауапты болады. Басқарма директорлар кеңесі алдында Компания мақсаттарына жету үшін өткізілген жұмыстардың жағдайына есеп береді.

Директорлар кеңесі жиналысты тұрақты негізде және қажетіне қарай өткізеді.

2011 жыл ішінде Директорлар кеңесі 20 жиналыс өткізді, оның ішінде жеті жиналыс – ашық дауыс беру, 10 жиналыс – сырттай дауыс беру және 3 жиналыс – телефонмен конференц-байланыс арқылы өткізілді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесі өзгеден бұрын мына мәселелерді қарастырды:

- Компанияның мұнай-газ активтерін сатып алуы: «Карповский Северный» АҚ қатысудың 100 пайыздық үлесі; «Ural Group Limited» (Блок Федоровский) компаниясына қатысудың 50 пайыздық үлесі, Қазақстан Республикасында көмірсутекті шикізатты барлауға арналған төрт келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдалануға арналған 100 пайыздық құқық (Темір, Теріскен, Қаратон, Сарықамыс).
- Компанияның қарапайым акцияларын кері сатып алу бағдарламасы
- Тәуекелді басқару саясаты

- Қоғам тәуекелдерін сақтандыру бағдарламасы
- Компания бюджеті мен бизнес-жоспарын бекіту
- Қоғамның 2011 жылға арналған стратегиялық картасын бекіту
- Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясаты
- Компанияның өткен жылға біріктірілген қаржы есебін алдын ала бекіту
- Қауымдасқан тұлғалар – ҚМГ ҰК еншілес ұйымдарымен өзара қарым-қатынас мәселелері
- Компаниямен мүдделікпен мәмілелер бекіту
- Еншілес ұйымдардың жоғары органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелері
- Комплаенс мәселелері
- Құнды қағаздармен мәміле бойынша саясат
- Ақпаратты ашу саясаты
- Ұлыбританияның жемқорлық туралы заңының сақталу мәселелері (UK Bribery Act)
- Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау
- Директорлар кеңесінің комитетін қалыптастыру
- Еңбек ұжымдарының мәселелері
- Бас директор (Басқарма төрағасы) мен Басқарма мүшелерін сайлау
- Басқарма мүшелеріне лауазымды еңбекақы көлемін және еңбекті төлеу шарттары мен сыйақы бөлуді анықтау
- Директорлар кеңесі мен басқарманың 2010 жылғы жұмысы туралы есеп
- Директорлар кеңесінің 2010 жылғы жұмысын бағалау бойынша есеп
- Ішкі аудит кеңесінің жоспары мен есебін, Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының орындалу барысын қарастыру
- Менеджменттің, ішкі аудит қызметі басшысының және Компанияның ұжымдық хатшысының қызмет тиімділігінің түйінді көрсеткіштерінің қорытынды нәтижесі (КПД)
- Ішкі аудит қызметі мен ұжымдық хатшының кадрлар мәселелері
- Опциондық бағдарламаға сәйкес опциндар беру

Директорлар кеңесі 2011 жылы мына құжаттарды бекітті:

- Жұмыскерлер еңбегін төлеу ережесі
- Тәуекелді басқару саясаты
- Құнды қағаздармен мәміле бойынша саясат
- Ақпарат ашу саясаты
- Ішкі аудит бойынша ішкі регламенттеуші құжаттары

- Ақша қаражатын басқару саясатына өзгерістер мен толықтырулар
- Компанияның еншілес ұйымдарының филиалдары туралы ереже

Сондай-ақ директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына Компания Жарғысына өзгерістер енгізуді қарастырып ұсынды.

Директорлар кеңесі мен комитет жиналыстарына директорлар кеңесі мүшелерінің және комитет мүшелерінің қатысуы

2011 жылы өткізілген жиналыстар саны	СД	КА	КН	КВ	КСП
Сисенғали Утеғалиев	16				2
Алик Айдарбаев	13				4
Асқар Балжанов	19		2		4
Кенжебек Ибрашев	6				1
Әсия Сырғабекова	18				3
Төлеген Бозжанов	1				
Ержан Жанғаулов	19				
Пол Мандука	20	9	2	6	5
Филип Дэйер	20	9	2	6	5
Эдвард Уолш	20	9	2	6	5

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. 2011 жылы тұрақты түрде жиі негізде және қажетіне қарай Компания басқармасының 46 жиналысы өтті.

2011 жылы Компания басқармасы Компанияның операциялық қызметіне қатысты мынадай барынша маңызды мәселелерді қарастырды:

- Бірқатар қазақстандық мұнай-газ компанияларында жер қойнауын пайдаланудың 100 пайыздық құқығы мен қатысу үлестерін сатып алу бойынша мәмілелер мақұлданды.
- Қоғамның Вьетнамда мемлекеттік лицензиялық раундқа қатысуы бойынша жобаны іске асыру мақұлданды.
- Бірқатар шетел компанияларында 100 пайыздық қатысу үлесін сатып алуды бағалау бойынша жобаларды іске асыру мақұлданды.

- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ 2011-2013 жылдар кезеңіне арналған орташа мерзімді өндірістік бағдарламасы бекітілді.
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ 2011-2015 жылдар кезеңіне өндірістік жоспары бекітілді.
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «НБК» ЖШС арасында қосылу туралы шарт-мүдделелік болатын мәміле жасау мақұлданды.
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ 2012-2016 жылдар кезеңіне өндірістік жоспар бекітілді.
- 2012 жылға бюджет пен 2012-2016 жылдарға бизнес-жоспар мақұлданды.
- ИСУ стандарттарына сәйкес Компанияның ішкі қызметін реттейтін бірқатар процедуралар бекітілді.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің және Компанияның лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын Компания қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері

2011 жылы көрсетілген Комитет құрамына тек тәуелсіз директорлар кірді, атап айтқанда: Пол Мандука (Комитет төрағасы), Филип Дэйер және Эдвард Уолш. Аудит жөніндегі комитетке тағайындау үш жылдық кезеңге жүзеге асырылады, ол Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері тәуелсіз болып қалатын жағдайда үш жылдан қосымша екі кезеңге ұзартыла алады.

Жиналыстар саны

2011 жыл ішінде Аудит жөніндегі комитет тоғыз жиналыс өткізді. Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы комитет жиналыстарын өткізу кезеңдігі мен мерзімдері туралы шешім қабылдайды. Жиналыстар саны Комитет міндеттемелерін орындау бойынша талаптарға сәйкес анықталады. Сонымен бірге Компанияның қаржы есебін дайындау мен аудит өткізу циклдерінің негізгі күндерімен сәйкес келуі керек, жыл ішінде кемі төрт жиналыс болуы керек (ішкі және сыртқы аудиторлардың аудиторлық жоспарлары дайын кезде және аралық қаржы есептері аяқталуға жақын, алдын ала хабарландырулар мен жылдық есеп кезінде).

Аудит жөніндегі комитеттің жауапкершілігі мен міндеттемелері

Аудит жөніндегі комитет басқалардан бұрын Компанияның қаржы ақпаратынан тұратын кез келген есептерге, тәуекелдерді басқару жүйесіне мониторинг пен ішкі бақылау жүйесіне және осы процеске компания аудиторларын қатыстыруға жауапты болады. Ол сондай-ақ Компанияның ішкі бақылау процедураларының сақталуын тексеретін Компанияның ішкі аудит қызметінен ақпарат алады. Атап айтқанда комитет заңнама талаптарының, Ұлыбританияның листингтік агенттігінің (UKLA) және Қазақстан қорлар биржасының (KASE) қолданатын ережелерінің сақталуы, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету мәселелерімен айналысады.

Директорлар кеңесі жылдық қаржы есебін алдын ала мақұлдауға жауапты болады.

Аудит жөніндегі комитет кезеңді түрде сатып алулар мен шегерулер бойынша ірі мәмілелерді тексереді және кез келген мәселелерді қарастырады, оларды Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетне хабарлап қарастыруды өтінеді.

Жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысында Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы арқылы Аудит жөніндегі комитетінің қызмет нәтижелерін баяндайды және Аудит жөніндегі комитетінің қызметімен байланысты сауалдарға жауап береді.

Аудит жөніндегі комитетінің 2011 жылғы қызметі

- Қаржы есебі
 - ХКЕС сәйкес қаржы есебін дайындау мәселесі қарастырылды
 - Қазақстан және Лондон қорлар биржасында ашу үшін тоқсандық және жылдық қаржы есептері бекітілді
- Салық салу мәселелері
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі
 - Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізілді
 - Аудит жөніндегі комитетте өзін өзі бағалау өткізілді
 - Сақтандыру бағдарламасы
- Ішкі аудит
 - Ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспары қаралып мақұлданды
 - Ішкі аудит тиімділігіне бағалау өткізілді
 - Аудит жөніндегі комитеттің 2010 жыл ішінде жұмысы туралы есеп қаралып мақұлданды
- Компанияның ақша қаражатының қозғалысына болжау
 - Ақша қаражатын басқару саясатының сақталу мәселелері

- Бас бухгалтер мен бас бухгалтер орынбасарының лауазымына кандидаттарды қарастыруға қойылатын талаптар бекітілді
- **Комплаенс**
 - Құнды қағаздармен мәміле бойынша саясат
 - Ақпарат ашу саясаты
 - Ұлыбританияның жемқорлыққа күрес заңының сақталу мәселесі (UK Bribery Act)

СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

Сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшелері

2011 жылы көрсетілген комитет құрамына тек тәуелсіз директорлар кірді. Оның мүшелері Филип Дэйер (Комитет төрағасы), Пол Мандука және Эдвард Уолш болып табылады. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесі мүшесі ретінде өкілеттігі мерзімдерімен сәйкес келеді.

Сыйақылар жөніндегі комитеттің жауапкершілігі мен міндеттемелері

Сыйақы комитеті Компанияда қолданыстағы Директорлар кеңес мүшелерін, бас директорды, Басқарма мүшелерін және Компанияның өзге қызметкерлеріне сыйақы жүйесіне мониторингке, оның ішінде басқа компаниялармен салыстырғанда сыйақы саясатына талдауға жауапты болады.

Сондай-ақ Сыйақылар жөніндегі комитеті Компанияның директорлар кеңесінің мүшелеріне, бас директорға және Басқарма мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу көлемі мен шарттарын анықтау қағидалары мен өлшемдері бойынша және Компанияның опциондық жоспар шарттарын және Компания басшылары мен қызметкерлерін ынталандырудың басқа да ұзақ мерзімді бағдарламаларын мақұлдау бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу мен беруге жауапты болады.

Сыйақы комитеті сыйақы саласында және Компанияда қолданыстағы сыйақы жүйесі саясатын Компанияның даму стратегиясымен және оның қаржы жағдайымен, сондай-ақ еңбек нарығындағы жағдаймен келісуге қадағалауды жүзеге асырады.

Сыйақы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, Листингілік ережелер мен Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма мүшелері мен Компанияның директорлар кеңесіне сыйақы мен өтемақыларына қатысты ақпараттың тиісті ашылуын қамтамасыз етуге қадағалауды жүзеге асырады.

Бұдан басқа Сыйақы комитеті Компанияның директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы көлемі мен төлеу тәртібін анықтау бөлігінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Сыйақы комитеті Директорлар кеңесі алдында өзінің жұмысы туралы жиі есеп беріп тұрады және бұдан басқа жыл сайын директорлар кеңесіне ақпарат берумен сыйақы комитеті туралы ережені Комитеттің сақтауына талдау жүргізеді.

Сыйақылар жөніндегі комитетінің 2011 жылы қызметі

2011 жыл бойына Сыйақылар жөніндегі комитет алты жиналыс өткізді. Комитет жиналысы қажетіне қарай өткізіліп тұрады, бірақ кез келген жағдайда алты айда бір реттен сирек емес өтеді. Жиналыстар Комитет төрағасының, Комитет мүшесінің бастамасы бойынша немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша шақырыла алады.

2011 жылы сыйақы комитеті мынадай мәселелерді қарастырды:

- Басқарма мүшелерінің лауазымдық еңбекақыланының көлемдері мен еңбек шарты мен сыйақы бөлуді анықтау

- Басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметінің басшысы және Компанияның ұжымдық хатшысының қызметінің түйінді тиімділік көрсеткіштерінің (ТТК) қорытынды нәтижесі
- Басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, ұжымдық хатшының ТТК бекіту және сыйақы бөлу
- Операциялық бағдарламаға қатысты мәселелер
- Шығындарды басқару бойынша жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша сыйақы жүйесін енгізу бойынша ұсыныстар

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде тәуелсіз директорларға есептелген сыйақылардың жалпы сомалары:

ТАӘ	Жылдық 000 \$ US	Физикалық қатысу 000 \$ US	Телефон- видео қатысу	Тәуелсіз ди- ректорлар жиналысы 000 \$ US	Комитетті басқару	Жиыны 2011 (салық шегерумен) 000 \$ US	Жиыны 2011 (салықты қоса) 000 KZT
Пол Мандука	150	70	15	17,5	25	277,5	45 326
Эдвард Уолш	150	70	15	17,5	15	267,5	43 692
Филип Дэйер	150	70	15	17,5	15	267,5	43 692
Итого	450	210	45	52,5	55	812,5	132 710

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері директорлар кеңесінің мүшелері ретінде сыйақы алмайды, бірақ осындай тағайындаумен байланысты шығындарды өтеуге құқылы болады.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

2011 жылы Тағайындаулар жөніндегі комитетінің құрамына: Алик Айдарбаев (Комитет төрағасы, 28 шілде 2011 жылдан), Асқар Балжанов (Комитет төрағасы, 28 маусым 2011 жылға дейін), Эдвард Уолш, Пол Мандука және Филип Дэйер кірді.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компания органдарында лауазымдарды атқару үшін мамандарды іріктеу кезінде Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ Компанияның лауазымды тұлғаларын ауыстыру кезінде мұрагерлікті қамтамасыз ету, Компанияның директорлар кеңесі мүшесі, бас директор, Басқарма мүшесі және ұжымдық хатшы лауазымына кандидаттарды іріктеу өлшемдерін анықтау болып табылады.

Тағайындаулар жөніндегі комитеті директорлар кеңесі және Басқарма құрамында өзгерістермен байланысты, ұжымдық хатшы лауазымының өкілеттігі тоқтауы мен тағайындалуымен, зейнеткерлікке шығумен және қосымша мен алмастыратын директорларды тағайындаумен байланысты мәселелерді қарастырады.

Тағайындаулар жөніндегі комитетінің 2011 жыл ішінде қызметі

2011 жыл ішінде Комитет екі жиналыс өткізді, онда мынадай мәселелер қарастырылды:

- Директорлар кеңесі мүшесін сайлау туралы ұсыным
- Басқарма мүшесін сайлау туралы ұсыным

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2011 жылы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құрамына: Эдвард Уолш (Комитет төрағасы), Кенжебек Ибрашев (2011 жылғы 5 мамырға дейін), Асқар Балжанов, Алик Айдарбаев (2011 жылғы 28 маусымнан) кірді.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компанияның директорлар кеңесіне Компания қызметінің басым бағыттарын анықтау және оның даму стратегиясы мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және беру болып табылды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 2011 жыл ішінде қызметі

2011 жыл ішінде Комитет бес жиналыс өткізді, онда мынадай мәселелер қарастырылды:

- Стратегиялық карта және қызмет тиімділігінің түйінді көрсеткіштерінің тізілімі (ТТК)
- Сатып алулар бойынша мәмілелер мен халықаралық даму мүмкіндіктері
- Атқарымдық стратегиялар
- Қоғамның келешекте геологиялық барлау жұмыстарын дамыту бағдарламасы туралы ақпарат
- Мұнай-химия жобасына қатысу

ДИРЕКТОРЛАР МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮЛЕСТЕРІ

Директорлар мен Басқарма мүшелерінің Компанияның қарапайым, басымдықты акциялары мен ЖДҚ 2011 жылғы 31 желтоқсанда берілген Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері берген ақпаратқа сәйкес үлестері:

ТАӘ	Қарапайым акциялар саны	ЖДҚ саны	Артықшылықты акциялар саны
Сисенгали Утеғалиев	1 929	5	-
Алик Айдарбаев	-	-	-
Асқар Балжанов	-	49 102	-
Кенжебек Ибрашев	-	-	-
Әсия Сырғабекова	-	-	-
Төлеген Бозжанов	-	-	-
Ержан Жанғаулов	-	8 681	-
Пол Мандука	-	6 828	-
Филип Дэйер	-	-	-
Эдвард Уолш	-	6 828	-
Владимир Мирошников	2 745	2 312	-
Абат Нұрсейітов	-	-	-
Бенджамин Фрейзер	-	-	-
Мәлік Сәулебай	806	6 826	-
Эльдан Салимов	-	-	-
Ботагөз Әшірбекова	-	-	-

НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЖДҚ ҰСТАУШЫЛАР

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төменде саны туралы хабарлануы керек 2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша акциялар иеленген Компанияның құнды қағаздарын ұстаушылардың тізімі берілген. Бұл талап ЖДҚ ұстаушыларға таратылмайды, алайда

Компания 2009 жылғы 30 қыркүйекте Қытай Халық Республикасының China Investment Corporation (CIC) мемлекеттік инвестициялық қоры ЖДҚ нысанында Компанияның шамамен тең мәнді 11% акцияларын сатып алғаны туралы ақпаратты көрсету керек деп санайды.

Акционер	Қарапайым акциялар саны	Артықшылықты акциялар саны	Барлық орналастырылған акциялар
Шығарылған акциялар саны	70 220 935	4 136 107	74 357 042
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ иелігінде	43 087 006	-	43 087 006
Шығарылған акционерлік капиталдан пайыз	61,36%	0,00%	57,95%

ДИРЕКТОРЛАР ШАРТТАРЫ, ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАТ ПЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫ

Директорлармен шарттар

- Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Төлеген Бозжанов өкілеттігі мерзімінен бұрын 2011 жылғы 31 наурызда тоқтатылды.
- Сисенғали Утеғалиев Директорлар кеңесінің мүшесі болып 2011 жылғы 31 наурызда тағайындалды.
- Кенжебек Ибрашевтың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігі 2011 жылғы 5 мамырда мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- Алик Айдарбаев 2011 жылдың 5 мамырында Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды.

Басқарма мүшелерінің еңбек шарттары

Басқарманың барлық мүшелері Компаниямен еңбек шартын бекітті, ол бойынша әдетте оларға жол жүру кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру мен Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде шығындарды өтеу беріледі.

Жоғарыда аталғандардан басқа Компанияның директорлар кеңесінің мүшелерімен немесе Басқарма мүшелерімен басқа ешбір еңбек шарттарын бекіту жоқ және болжанбайды.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қаржы-шаруашылық қызметке ішкі бақылау жүйесі қызмет етеді. Жүйе COSO Internal Control Framework пен COSO Enterprise wide risk management сияқты өзін сенімді көрсете білген халықаралық әдістемелер, сондай-ақ Лондон қорлар биржасының листинг ережелерінің талаптары мен Ұлыбританияның Ұжымдық басқарудың Біріктірілген кодексін есепке алып әзірленген. Ішкі бақылау жүйесінің негізгі міндеті Компанияның акционерлік құнын сақтау мен

арттыруды есепке алып өзінің стратегиялық мақсаттарына Компанияның жетуімен байланысты елеулі тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару арқылы Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғамның ішкі бақылау жүйесі Ревизиялық комиссияны, Аудит бойынша директорлар кеңесінің комитетін, Қоғам басқармасы жанында Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет, тәуелсіз аудиторды, сондай-ақ Ішкі аудит қызметін қамтиды.

Ішкі бақылау жүйесінің элементтері арасында бағыну мен өзара әрекет етудің қолданыстағы тәртібі оның тиімді қызмет етуі үшін қажетті тәуелсіздік деңгейін қамтамасыз етеді және осы салада халықаралық алдыңғы қатарлы практикаға сәйкеседі.

Директорлар 2011 жыл ішінде Компания қақтығысқан елеулі тәуекелдерді анықтап, бағалап және басқарған процестер қызмет еткенін растайды. Сонымен бірге директорлар ішкі бақылау жүйесін құру кезінде тәуекелдерді ескеретін тәсілді пайдаланды және тиімділігін қарастырды.

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің түйінді элементтері өзіне мыналарды қамтиды:

- Қаржылық, операциялық, әкімшілік саясат, ақша қаражаттарын басқару саясаты мен басқа процедуралар сияқты Компанияның ішкі құжаттамасы.
- Компанияда операциялық, қаржылық қызмет пен қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуымен байланысты жұмыстарға тұрақты мониторинг.

Компанияның ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне Компанияның ішкі бақылау жүйесі қаншалықты қалыптасқанын және тиімді әрекет ететіні туралы объективті ақпаратты береді. Өз жұмысында ішкі аудит қызметі компания қызметінің сындарлы маңызды салаларын анықтап және барынша назар аударуға, сонымен компанияның жалпы тиімділігі мен ұжымдық басқару сапасын арттыруға көмектесуге мүмкіндік беретін бейімделген тәсіл тәуекелін пайдаланады. Ішкі аудит қызметінің есептері ішкі бақылау жүйесінің жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қамтиды. Ішкі аудит қызметі Басшылықпен ұсыныстардың орындалуын тексереді және олар бойынша Аудит жөніндегі комитет мен директорлар кеңесіне есеп береді.

Бұдан басқа қаржы тәуекелдері бойынша ақпаратты 24 парақтан бастап, қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері мен қаржы жағдайына талдау бөлімінен табуға болады. Компания тәуекелдерінің пішіні бойынша жалпы ақпаратты 44 парақта «Тәуекелдер» бөлімінде табуға болады.

Тәуекелдерді басқаруға қатысты Басқарма Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетті құрды және оның қызметі бойынша толық ақпарат төменде берілген.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті

2011 жылы Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет өз қызметін бас директор Асқар Балжановтың төрағалық етуімен жүзеге асырды. Комитет құрамына тәуекелді басқару қызметінің басшысы, өндіріс бойынша бас директордың орынбасары – Ақтау қаласында оперативті басқару тобының басшысы, экономика және қаржы бойынша бас директордың орынбасары, ұжымдық басқару және активтерді басқару бойынша бас директордың орынбасары, басқарушы директор – қаржылық бақылаушы, экономика және қаржы бойынша басқарушы директор, құқықтық мәселелер бойынша басқарушы директор, ақпараттық технологиялар бойынша басқарушы директор, қызметкерлер мен әлеуметтік саясат бойынша басқарушы директор, қауіпсіздік техникасы, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау бойынша басқарушы директор мен ұжымдық хатшы кіреді. Ішкі аудит қызметінің басшысы Комитет жиналыстарында бақылаушы ретінде қатысады.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компанияда тәуекелдерді басқару бойынша мәселелерді шұғыл қарастыру, Басқармаға тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін ұсыныстар дайындау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг пен Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне бизнес-процестер тиімділігі деңгейін арттыру және Компанияның стратегиялық мақсаттарға жетуі үшін тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру болып табылады.

2011 жыл бойына Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті төрт жиналыс өткізді, онда мынадай мәселелер қарастырып, шешім қабылдады:

- Тәуекелді басқару саясатының жобасын қарастыру және бекіту.
- Ағымдағы жағдай бойынша жалпы шолу мен тәуекелді басқару жүйесін дамыту жоспары.

- ТБК жиналысында қарастырылған мәселелер бойынша тапсырмалар мәртебесі.
- «ҚМГ» БӨ» АҚ түйінді лауазымдар тізілімі туралы мәселе.
- «ҚМГ» БӨ» АҚ сақтандыру бағдарламасы бойынша тәуелсіз кеңесші таңдау мәселесі бойынша мәртебе.
- Тәуекелді басқару жүйесіне жалпы шолу мен ағымдағы мәртебесі және ТБК жиналыстарының әрі қарайғы жоспары.

ҰЛЫБРИТАНИЯДА САЛЫҚ САЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

Төменде берілген шолу осы құжат шыққан күндегі Ұлыбритания заңнамасы мен Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар бойынша мемлекеттік басқармасының практикасына негізделген, олардың әрбірі кері күшке ие болып өзгеруі мүмкін. Егер ешбір нұсқаулар болмаса, осы шолу (1) Ұлыбританияның салық мақсаттарында резиденттері болып табылатын, (2) кез келген басқа юрисдикцияда салық салу мақсаттарында резиденттер болып табылмайтын және (3) олармен акциялар немесе ЖДҚ иелену байланысты («Ұлыбританиядан ұстаушылар») Қазақстан Республикасында тұрақты мекемеге ие емес акциялар немесе ЖДҚ абсолют бенефициар иелері үшін Ұлыбританияның салық салуда кейбір салдарларына ғана қатысты болады.

Бұдан басқа осы шолуда (1) акциялар мен ЖДҚ негізгі капитал ретінде иелік ететін Ұлыбританиядан ұстаушылар үшін тек салық салдарлары қарастырылады және Ұлыбританиядан ұстаушылардың кейбір басқа санаттарына, мысалы дилерлерге қатысы болуы мүмкін салық салдарлары қарастырылмайды; (2) Ұлыбританиядан ұстаушы тіке немесе жанама компанияның дауысқа ие акцияларының 10 немесе одан артық пайыздарын бақыламайтыны рұқсат етіледі; (3) ЖДҚ ұстаушылар негізгі акцияларға бенефициарлық құқық пен осындай акциялар бойынша дивидендтерге ие болуы рұқсат етіледі, және (4) өзімен сақтандыру компанияларын, инвестициялық компанияларды немесе зейнетақы қорларын білдіретін Ұлыбританиядан ұстаушылар үшін салық салдарларын қарастырмайды.

Осы шолу жалпы басшылық болып табылады және Ұлыбританиядан нақты ұстаушылармен заңды мен салық мәселелері бойынша консультация ретінде арналмаған және олай қарастырылмауы керек. Сәйкес инвесторларға өз консультанттарында жалпы салық салдарларына қатысты салық мәселелері бойынша, оның ішінде Ұлыбритания заңнамасы мен Ұлыбританияның олардың нақты жағдайларында салық пен кедендік алымдар бойынша мемлекеттік басқарма практикасына сәйкес акциялар немесе ЖДҚ сатып алу, иелену және шегеру салдарлары бойынша консультация алуы керек.

Төлем көзінде табыс салығы

ЖДҚ бойынша алынатын табыс көзі Ұлыбританияда емес деп есептеген жағдайда, мұндай табыс Ұлыбританияда төлем көзінде салық салынуы керек. Акциялар бойынша дивидендтер төлеу Ұлыбританияда төлем көзінде салық салынбайтын болады.

Дивидендтерге салық салу

Акциялар немесе ЖДҚ бойынша дивиденд алатын Ұлыбританиядан ұстаушы төлеу көзінде қазақстан салық есебіне қандай да бір соманың болуын есепке алып төлем көзінде қазақстандық салықты шегергенге дейін төленген дивидендтің жаппай сомасына (жағдайға байланысты) Ұлыбританияның табыс немесе ұжымдық салығын төлеуге міндетті болуы мүмкін. Ұлыбританиядан ұстаушы – Ұлыбритания резиденті болып табылып және Ұлыбританияда тұратын жеке тұлға акциялар немесе ЖДҚ бойынша төленген дивидендке Ұлыбритания табыс салығын төлейтін болады және алынған дивидендтен тоғыздан бірге тең өтелмейтін салық несиесіне құқығы болады. Ұлыбританиядан ұстаушы – резидент болып табылатын, бірақ Ұлыбританияда тұрмайтын және қаражатты аудару негізінде Ұлыбританияның салық салуына құқығы бар жеке тұлға дивиденд аударылған немесе Ұлыбританияға аударылған деп саналатын шамада акциялар немесе ЖДҚ бойынша төленген дивидендке Ұлыбританияның табыс салығын төлейтін болады, сондай-ақ алынған дивидендтен тоғыздан бірге тең өтелмейтін салық несиесіне құқығы болады.

Ұлыбританиядан акцияларды ұстаушы, Ұлыбританияның компания – резиденті болып табылып, салықтан бас тартуға қарсы анықталған ережелерге қатысты жағдайлардан басқа кезде акциялар немесе ЖДҚ бойынша төленген дивидендке ұжымдық салықты төлеуге жатпайды.

Шеттету немесе шартты шеттету кезінде салық салу

Ұлыбританиядан акциялар немесе ЖДҚ ұстаушыдан үлесті шеттету салық салынатын табысқа немесе Ұлыбританиядан ұстаушының жағдайына байланысты және салық салудан бостатылуға жататын Ұлыбританияда алынатын табысқа салық салу мақсатында рұқсат етілген шегеруге әкелуі мүмкін. Жеке тұлға болып табылатын және Ұлыбританияда тұратын Ұлыбританиядан ұстаушы акциялар немесе ЖДҚ үлесті шеттеткен кезде салық салынатын

табысқа капитал өсуіне Ұлыбритания салық төлеуге міндетті. Жеке тұлға болып табылатын және Ұлыбританияда тұрмайтын және қаражат аудару негізінде Ұлыбританияда салық салыну құқығына ие Ұлыбританиядан ұстаушы акциялар немесе ЖДҚ үлесті шегерген кезде алынған салық салынатын табыс Ұлыбританияға аударылған немесе аударылған боп саналатын шамада капитал өсуіне Ұлыбритания салығын төлейтін болады. Атап айтқанда ЖДҚ-дан Лондон қорлар биржасында мәмілелер табыс аударылуына әкелінуі мүмкін, ол сәйкес Ұлыбританияда капитал өсуіне салық салынатын болады.

Жеке тұлға – акция немесе ЖДҚ ұстаушы, резидент болуды тоқтататын немесе кемі толық бес жыл ішінде Ұлыбританияда тұрмаса салық мақсатында осы акциялар немесе ЖДҚ осы кезең ішінде шеттетеді, Ұлыбританияға қайтып келген жағдайда шеттету кезінде Ұлыбритания резиденті болмаған және онда тұрмаған уақытына қарамастан капитал өсуіне Ұлыбританияда салық төлеуге міндетті.

Заңды тұлға болып табылатын Ұлыбританиядан ұстаушы акция немесе ЖДҚ сатудан алынатын кез келген табысқа салынатын салықты Ұлыбританияның ұжымдық салығын төлейтін болады.

Қазақстан салығының төлем көзінде қолданысы

Акциялар мен ЖДҚ бойынша дивидендтер төлеу төлем көзінде қазақстандық салық салынады. Ұлыбританиядан ұстаушыда – жеке тұлғада осындай төлемдерден ұсталған төлеу көзіндегі қазақстандық салықты Ұлыбританияда осындай соманы есепке алуды есептеу тәртібіне сәйкес осындай төлемдерге арналған табыс салығы есебіне есептеу құқығы болуы керек. Ұлыбританияның компания-резиденті болып табылатын Ұлыбританиядан ұстаушы төленген дивидендке ұжымдық салықты әдетте төлемейді және осы үлгімен төлем көздерінде кез келген қазақстандық салықтан оларды шегеруді талап ете алмайды.

Елтаңбалық алым және елтаңбалық алымға балама салық («ЭГСН»)

Мәміле рәсімдейтін немесе бір немесе бірнеше акцияларды не ЖДҚ беру туралы келісімнен тұратын құжат (i) Ұлыбританияда қол қойылмаған немесе (ii) Ұлыбританияда орналасқан қандай да бір меншікке немесе Ұлыбританияда жасалған немесе жасалатын әрекетке қатысты болмайды (Ұлыбританияда банк шоттарында төлемдерге қатысуды қамтуы мүмкін) деген жағдайда осы құжат жарияланған құнға елтаңбалық алым салынбауы керек.

Тіпті егер Мәміле рәсімдейтін немесе бір немесе бірнеше акцияларды не ЖДҚ беру туралы келісімнен тұратын құжат (i) Ұлыбританияда қол қойылған және (немесе) (ii) Ұлыбританияда орналасқан қандай да бір меншікке немесе Ұлыбританияда жасалған немесе жасалатын әрекетке қатысты болған болса да, практикада, егер бұндай құжат Ұлыбританияда қандай да бір мақсаттар үшін талап етілмесе, Ұлыбританияда осы құжаттың жарияланған сомасына елтаңбалық алым төлеу қажеттігі болмауы керек. Егер Ұлыбританияда жарияланған құнға елтаңбалық алымды төлеу қажеттігі тұндаса, пайыздар мен айыппұлдарды төлеу қажеттігі болуы мүмкін.

ЖДҚ құны фунт-стерлингте көрсетілген құнды қағаздарға жататындықтан, «құжат ұстаушыға» арналған елтаңбалық алым ЖДҚ арқылы берілетін ЖДҚ шығарылуына, не құнды қағаздар берілуіне төленбеуі керек.

Акциялар (i) Ұлыбританияда орналасқан тізілімде тіркелмегені немесе (ii) компания Ұлыбританияда тіркеп шығарған акциялармен бірікпейді деген жағдайда акцияларды немесе ЖДҚ беру туралы шартқа ЭГСН салынбауы керек.

ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТАЛДАУ

Төменде берілген құжат міндеті Компанияның операциялық және қаржылық қызметі нәтижелерінде тенденциялар мен елеулі өзгерістерді түсіну мен бағалауға көмек болып табылады. Осы шолу Компанияның біріктірілген қаржы есептеріне негізделген

және оны біріктірілген қаржы есептерімен және ілеспе ескертпелерімен бірге оқу керек. Барлық қаржы деректері мен оларды талқылау ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржы есептеріне негізделеді.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (осында және әрі қарай – Компания немесе ҚМГ БӨ) көмсірсүтегі шикізатын барлау, бұрғылау, өндірумен және жаңа мұнай-газ активтерін сатып алумен айналысады. Мұнай-газ нысандарының негізгі қызметі Каспий маңы ойпатында, Маңғыстау және Оңтүстік-торғай мұнайлы бассейндерінде жүзеге асырылады. Компанияның тікелей негізгі акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (ҚМГ ҰК), ол Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекет мүдделерін білдіреді. Компания 47 мұнай және газ кен орындарын игереді, оның ішінде «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалы (бұдан әрі ӨМГ ӨФ) – 2 кен орны, «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалы (бұдан әрі ЕМГ ӨФ) – 40 кен орны, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС – 5 кен орны. Бұдан басқа Компания «Қазгермұнай» БК» ЖШС, CCEL, Ural Group Limited BVI («UGL») ЖШС мұнай мен табиғи газды өндіру бойынша бірлесіп бақыланатын компанияларда 50 пайыздық үлеске, сондай-ақ ПетроҚазақстан Инкте 33 пайыздық үлеске ие.

Компания мына учаскелерде барлауды жүзеге асырады: Лиман, Тайсойған, Р-9, Қаратон-Сарықамыс, Өзен, Қарамандыбас блогында, «Федоровский» (UGL) блогында, Карповский Северный («Карповский Северный» АҚ) бло-

гында, Темір, Теріскен, Жарқамыс Шығыс -1 «ҚМГ БӨ «Барлау активтері» ЖШС) блоктары, сондай-ақ Солтүстік теңіздің Британдық секторында барлауға лицензияда қатысудың 35 пайыздық үлесіне ие, онда «Уайт Беар» перспективалы құрылым орналасқан.

Компанияның үлестік қатысуын ескеріп, Компанияның мұнай өндіруі («Қазгермұнай» БК» ЖШС 50 пайыздық үлес, «Қаражанбасмұнай» АҚ 50 пайыздық үлес және ПетроҚазақстан Инк. 33 пайыздық үлес) 2011 жыл ішінде 12 341 мың тонна немесе тәулігіне 250 мың баррель құрады (ӨМГ ӨФ және ЕМГ ӨФ – тәулігіне 159 мың баррель, ПетроҚазақстан Инк. – тәулігіне 41 мың баррель, «Қазгермұнай» БК ЖШС – тәулігіне 32 мың баррель, CCEL («Қаражанбасмұнай» АҚ) – тәулігіне 18 мың баррель).

Жоғарыда аталған кәсіпорындар «Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың қаржылық және операциялық қызметіне шолу» бөлімінде толық қарастырылған. Осы қаржы жағдайы мен қаржы-экономикалық қызмет нәтижелерін талдау, егер өзгесі көрсетілмесе, Компанияның тек негізгі активтеріне қатысты болады (ӨМГ ӨФ, ЕМГ ӨФ және 100 пайыздық еншілес ұйымдар).

БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН БОЛЖАУ

Есептік кезең ішінде Компанияның қаржы жағдайына әсер ететін негізгі макро-экономикалық факторларына мыналар жатады: мұнай бағасының қарқыны, валюта бағамдарының ауытқуы, оның ішінде АҚШ долларына теңгені айырбастау бағамы мен елде құнсыздану қарқындары.

2011 жылы нарыққа шолу

Брент сұрыпты мұнайдың 2011 жыл ішінде бағасы орташа 2010 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда баррельге 32,07 АҚШ доллармен салыстырғанда ұлғайып баррельге 111,26 АҚШ долларын құрады.

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(АҚШ доллары/баррель)				%	(АҚШ доллары/баррель)		%
109,36	113,41	86,46	26%	Brent (DTD)	111,26	79,18	41%

Компанияның табыстарының, қаржы активтері мен қарыздарының үлкен бөлігі АҚШ долларында, ал шығындардың негізгі бөлігі – теңгеде көрсетілген. Компания валюта тәуекелін өз портфелінде АҚШ долларында аталған қаржы құралдарының үлесін төмендету немесе ұлғайту арқылы басқарады.

Теңге/АҚШ доллары айырбастау бағамы мен көрсетілген кезеңдер ішінде тұтынушы бағаларының индексі («ТБИ») бойынша өлшенген елдегі құнсыздану қарқыны мына үлгімен қалыптасты:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
147,91	146,55	147,49	0%	Орташа айырбастау бағасы, 1 АҚШ долларына теңге	146,62	147,35	0%
1,2%	1,1%	2,6%	-54%	ТБИ	7,4%	5,2%	-5%
148,40	147,87	147,40	1%	Айырбастау бағамы, теңгерім күніне 1 АҚШ долларына теңге	148,40	147,40	1%

Дереккөз: Қазақстан Ұлттық банкі

Теңге бағамы АҚШ долларына қатысты 2010 жыл ішінде орташа 147,35 теңге/АҚШ долларынан 2011 жылы орташа 146,62 теңге/

АҚШ долларына бекітілді. 2011 жыл ішінде құнсыздану деңгейі 2010 жылы 5,2%-бен салыстырғанда 7,4% құрады.

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

Компанияның негізгі активтеріндегі мұнай өндіру көлемі 2011 жыл ішінде 7 900 мың тонна құрады, бұл 2010 жыл ішінде балама көрсеткіштен 10% кем.

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
1 293	1 056	1 492	-13%	ӨМГ ӨФ	5 082	5 966	-15%
715	721	718	0%	ЕМГ ӨФ ⁽¹⁾	2 818	2 800	1%
2 008	1 777	2 210	-9%	Барлығы	7 900	8 766	-10%

¹ 2011 ж «НБК» ЖШС мұнай өндіруін қосқанда.

Өндірудің төмендеуінің негізгі себебі 2011 жылғы мамырдан тамызға дейін ӨМГ ӨФ өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жаппай жұмысқа шықпауы болып табылады, ол ұңғымалар қорына қызмет көрсету режимінің бұзылуына, геологиялық-техникалық іс-шаралар мен мұнай кәсіпшілігі жабдығына жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізбеуіне әкелді. Бұдан басқа 2011 жылдың наурыз басы мен сәуір басында қолайсыз ауа-райы жағдайына орай электр энергиясын жеткізушілердің электр беру желілерін апаттық ажыратуы орташа тәуліктік өндірудің төмендеуіне әсерін тигізді.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұңғымалардың пайдалану қоры 5 912 өндіруші және 1 603 тоғытпалы ұңғымаларды қамтиды. Оның ішінде ӨМГ ӨФ - 3 637 өндіруші және 1 154 тоғытпалы ұңғымалар, ЕМГ ӨФ - 2 275 өндіруші және 449 тоғытпалы ұңғымалар. Компания кен орындарының негізгі бөлігі жоғары суланумен және мұнай өндіру деңгейінің жалпы төмендеуімен сипатталатын бұрғылаудың кеш кезеңдерінде тұр. Мұнай өндіру бойынша белгіленген жоспарларға жету үшін Компания пайдаланып бұрғылау, ұңғымаларды күрделі жөндеу мен мұнай өндіруді қарқындандыру бойынша іс-шаралар жұмыстарын жүргізді.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

2011 жыл ішінде Компания 2,3 млрд. теңге сомаға сейсмикалық зерттеулер жүргізді. 2011 жыл ішінде іздестіру-барлау бұрғылауларына шығындар 8,2 млрд. теңге⁽¹⁾ құрады, олардың ішінде 2,6 млрд. теңге 7 құрғақ барлау ұңғымаларын есептен шығаруға жұмсалды және 1 млрд. теңге 4 жеткізе барлау ұңғымаларын шегеру шығындарына жұмсалды. 2012 жылы Компания 2,1 млрд. теңге сомасына сейсмологиялық жұмыстарды және 23,5 млрд. теңге⁽¹⁾ сомасына іздестіру-барлау бұрғылауды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. 2012 жылы геологиялық-барлау жұмыстарына арналған шығындардың өсуі Уайт Беар құрылымында барлау бұрғылауды бастаумен және 2011 жыл соңында сатып алынған «Карповский Северный» АҚ 2 барлау ұңғымаларын бұрғылаумен байланысты.

Есептік кезең ішінде ӨМГ ӨФ бұрғылаудан пайдалануға 172 ұңғыма (122 мұнай, 50 тоғытпалы) енгізілді, бұл 2010 жылға қарағанда 14 ұңғымаға артық. Бұл жағдайда жаңа ұңғымаларды енгізуден мұнайды өндіру 2010 жыл ішінде 149,3 мың тоннамен салыстырғанда 185,6 мың тонна құрады. Есептік кезеңде 769 ұңғымаға күрделі жөндеу жүзеге асырылды, бұл 389,3 мың тонна қосымша өндіруді қамтамасыз етті. 2011 жылы ӨМГ ӨФ қыртысты сумен жару бойынша 150 ұңғымалық-операциялар жүргізу есебінен қосымша 223,4 мың тонна мұнай игерілді.

Есептік кезең ішінде ЕМГ ӨФ 65 ұңғыманы іске қосты. (63 мұнай, 2 тоғытпалы), бұл 2010 жылға қарағанда 8 ұңғымаға артық көрсеткіш. Бұл жағдайда жаңа ұңғымаларды енгізуден мұнай өндіру 2010 жыл ішінде 57,7 мың тоннамен салыстырғанда 70,7 мың тонна құрады. 2011 жылы 297 ұңғымаға күрделі жөндеу жүзеге асырылды, бұл 73,1 мың тонна қосымша өндіруді қамтамасыз етті. ЕМГ ӨФ қыртысты сумен жару бойынша 10 ұңғымалық-операциялар жүргізу есебінен қосымша 16 мың тонна мұнай игерілді.

2011 жыл ішінде Компания Лиман, Р-9, Тайсойған, Қаратон-Сарықамыс, Өзен-Қарамандыбас, Батыс Новобогат, Шығыс Жарқамыс-1, Темір, Теріскен, Федоровский барлау блоктарында және Уайт Беар телімінде геологиялық барлау жұмыстарын, сондай-ақ С.Нұржанов, Батыс Прорва мен Шығыс Мақат кен орындарын жетілдіре барлауды жүргізді.

Лиман блогы бойынша 165 шаршы шақырым шаршы шақырым көлемінде Оңтүстік Шығыс Новобогат құрылымында 3D сейсмикалық зерттеулер орындалды. Жобалық тереңдігі 1 400 м болатын Г-3 ұңғымасында 1 250 м забойында бұрғылау тоқтатылды. ГИС бекіту бойынша сынауға 3 нысан бөлінді, 3-нысанды сынау кезінде

¹ Көрсетілген сомалар ҚМГ БӨ қаржылық жағдайы туралы біріктірілген есебінде «Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» ретінде танылатын Федоровский блогында іздестіру-барлау бұрғылауға шығындардың 50%-дық үлесін қамтиды (2011 жылы 2,5 млрд. теңге мен 2012 жылы 2,5 млрд. теңге).

мұнай дебиті тәулігіне 36 тонна құрады. Г-4 ұңғымасы 1 650 м жобалық тереңдікке дейін бұрғыланды. ГИС бекіту бойынша өнімдік қыртыстардың болмауына қарай және ұңғыма кернінің деректері бойынша жойылды.

2012 жылы Лиман блогында Оңтүстік Шығыс Новобогат мұнайдың анықталған қыртыстарын шектеу мақсатында 1 600 және 1 400 м жобалық тереңдіктермен тұз үсті орташа триастық шөгінділерді тексеру үшін 2 барлау ұңғымаларын бұрғылау жүргізілетін болады. Бұдан басқа 2012 жылы 2011 жылғы деректер 3D алынған нәтижелері бойынша 2 болашағы зор учаскелерді анықтау мақсатында әрбірінің тереңдігі 2 500 м болатын 2 тұз үсті ұңғымалар бұрғыланатын болады.

P-9 блогы бойынша 2011 жыл бойына Шоқат құрылымында 224 шаршы шақырым көлемінде 3D сейсмикалық жұмыстар орындалатын болады. Жалпы тереңдігі 9 236 м №100 (Есболай), №100 (Масабай), №102 (Қызылкала ЮВ), №100 (Солтүстік Қамыскөл) және №100 (Оңтүстік Қамыскөл) ұңғымалары геологиялық себептермен бұрғыланды.

2011 жылы бұрғылаудың теріс нәтижелеріне байланысты 2012 жылы барлық геологиялық барлау жұмыстарын тоқтату және блоктар шегінде жұмыстарды әрі қарай жалғастыру орындылығына талдау жүргізу туралы шешім қабылданды.

Тайсойған блогы бойынша 2011 жылы 150 шаршы шақырым көлемінде Уаз және Қоңдыбай алаңдарында 3D сейсмикалық зерттеулер жүргізілді. 2011 жылы Қоңдыбай алаңында №13, №20 барлау ұңғымаларын және пайдалану бағанасын түсірмей геологиялық себептер бойынша жойылған №1 (Бажир) бұрғылау жүргізілді.

2012 жылы Тайсойған блогында триас шөгінділерінде мұнай мен газ шөгінділерін анықтау мақсатында Уаз алағында 1 300 м жобалық тереңдікті 1 іздестіру-барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарланып отыр. 3D-МОГТ сейсдобарлау бажир құрылымында (шығыс қанат) геологиялық құрылымын нақтылау және триас шөгінділерінің жаңа нысандарын анықтау мақсатында жоспарланып отыр.

2012 жылы Қаратон-Сарықамыс блогында Кеңарал болашағы зор құрылымда 3 000 м тереңдікті 1 іздестіру ұңғымасын және тереңдігі 3 500 м болатын Досмұхамбет кен орнының шығыс қанатында 1 ұңғыманы бұрғылау күтіледі. Бұдан басқа 2012 жылға блоктың геологиялық құрылымын зерттеу және деректерді іздестіру-барлау ұңғымаларының шөгінділік тиімділігін арттыру мақсатында 3Д/2Д материалдарын кешенді түсіндіруде пайдалану шеңберінде 390 физ. Т көлемде магнитті теллурлық зондтау (МТЗ) басталады.

Геологиялық құрылымын анықтау және Қаратон-Сарықамыс блогында учаскелердің әрі қарайғы перспективасын анықтау үшін Солтүстік, Бұлатай мен С. Нұржанов құрылымының солтүстік қанатында 3Д сейсмикалық барлау көлемдерінің 160 шаршы шақырым басталады.

Өзен-Қарамандыбас блогы бойынша 2011 жылы Бодрай құрылымында тереңдігі 2 200 метр болатын барлау ұңғымасын бұрғылау аяқталды. ГИС нәтижелері бойынша ұңғымада орташа юралық шөгінділерде 4 нысан бөлінді. Өткізілген сынақ нәтижелері бойынша ұңғыма геологиялық себептермен жойылды.

Бодрай құрылымының геологиялық қатарын, сондай-ақ блоктың солтүстік және оңтүстік бөліктерінде басқа бөлінген құрылымдарды нақтылау мақсатында 2012 жылы 3D-МОГТ сейсмикалық зерттеулер жүргізу мен алынған деректерді 715 шаршы шақырым көлемде өңдеу жоспарланады.

Батыс Новобогатинск кен орнында сынаудағы бірінші триастық шөгінділерде 2 511 м тереңдікке дейін №19 барлау ұңғымасы бұрғыланды. 2012 жылы жобалық тереңдігі 2 600 м болатын №20 барлау ұңғымасы бұрғыланды.

Шығыс Жарқамыс-1 блогы бойынша 2011 жылы 200 шаршы шақырым көлемде 3D және 610 пог. км көлемде 2D сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді. Нақты тереңдігі 4 750 м Түсқұм құрылымында тұз асты ұңғымасы бұрғыланды. Қазіргі уақытта бірінші нысанға сынау басталды. Ағын шақыру үшін қосымша қыртысты қышқылмен өңдеу өткізілді және қазіргі уақытта ұңғыма игерілу үстінде.

2012 жылы осы блокта Тұсқұм құрылымының тұз асты шөгінділерінде 4 500 м жобалық тереңдікті іздестіру-барлау ұңғымаларын (РА-2-Т) бұрғылау, сондай-ақ 2D МОГТ сейс-мобарлау деректерін 1 000 пог. км көлемде Шығыс Жарқамыс-1 блогының ортаңғы және батыс бөліктері бойынша өткен жылдар ма-териалдарымен бірлесіп қайта өңдеу және қайта түсіндіру жоспарланып отыр.

Темір блогы бойынша 2011 жылы 975 пог. км. көлемде 2D сейсмо барлау далалық жұмыстар жүргізілді.

2012 жылы Темір учаскесінде кейіннен өңдеумен және түсіндірумен 3 500 шаршы шақырым көлемде гравиметриялық зерттеу-лер жоспарланады.

Теріскен блогы бойынша 2011 жылы 1 000 пог. км көлемде 2D сейсмосбарлау деректерін өңдеу және түсіндіру аяқталды.

2012 жылы 2D сейсмосбарлауды өңдеу мен түсіндіру нәтижелеріне талдау мен жалпылап жинақтау жоспарланады және осы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарын әрі қарай жалғастыру нақтыланатын болады.

Федоровский блогы бойынша 2011 жылы 13 500 м жалпы метрмен 3 тұз асты ұңғымалары бұрғыланды, олар 2012 жылы кейіннен сынаулар жүргізу үшін уақытша консервацияларға енгізілді. Бұрғыланған ұңғымаларға сынау мерзімдерін ауыстыру құзыретті органда газ жағуға рұқсат алумен байланысты.

Бұрғыланған 3 ұңғыманы сынаудан басқа Рожковское кен орнын бағалау жобасына сәйкес 2012 жылы жобалық деректері сәйкес 4 500 және 5 200 м, 2012 жылға арналған жұмысшы бағдарламада бекітілген 2 ұңғыманы бұрғылау жоспарланған. Сондай-ақ 747 шаршы шақырым 3D-деректерін қосымша өңдеу мен Рожковское кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану үшін абаттандыру жобасын аяқтау жоспарланған.

2011 жылғы желтоқсанда Компания ҚР батыс Қазақстан облысында «Карповский Северный» АҚ 100% акциясын сатып алу бойынша мәмілені жабуы туралы хабарлады.

2012 жылы Карповский Северный блогында лицензиялық-келісімшарт міндеттемелеріне сәйкес жобалық тереңдігі 5 600 мен 5 250 м болатын 2 барлау ұңғымаларын бұрғылау, сондай-ақ 335 пог. км көлемінде 2D далалық сейсмосбарлау жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Уайт Беар құрылымы бойынша 2011 жылы геологиялық-техникалық зерттеу бойынша жұмыстар орындалды. Бұрғылау мен сынау бағдарламасы бекітілді. Бұдан басқа PL 1722 лицензиясы бойынша аумақты жартылай қайтару жүзеге асырылды.

2012 жылы Уайт Беар құрылымында жобалық тереңдігі 5 900 м болатын White Bear West 22/4b-F барлау ұңғымасын бұрғылау, сондай-ақ 22/8в блоктары, 22/9в бөлігі бойынша алдын ала көлемі 106,7 шаршы шақырым болатын 3D сейсмикалық деректерді сатып алу қарастырылған.

С. Нұржанов кен орнында 2011 жылы жалпы жобалық тереңдігі 5 500 м болатын №509, №707 жеткізе барлау ұңғымаларын бұрғылау аяқталды. №509 ұңғымасы 47,5 т/тәу дебитімен 3 177-3 197 м аралығын сынауда жатыр, №707 ұңғымасы геологиялық себептермен жойылды.

2012 жылы С. Нұржанов кен орнының шығыс қыратында 2 000 м жобалық тереңдігімен валанжийлік шөгінділерге барлау ұңғымасын бұрғылау қарастырылады.

Батыс Прорва кен орнында 2011 жылы тереңдігі 3 560 м болатын №402 ұңғыма бұрғыланды, ағысты сорғымен сынау кезінде 108,6 м3/тәу сусыз көлемде мұнай ағымы алынды.

2012 жылы триасты шөгінділерді барлау мақсатында 3 500 м жобалық тереңдігімен №401 барлау ұңғымасын бұрғылау қарастырылады.

Шығыс Мақат кен орнында 2011 жылы триасты шөгінділерге 1 501 м тереңдігімен №105 ұңғыма бұрғыланды, ұңғыма геологиялық себептермен жойылды.

Жеткізе барлаудың бекітілген жобасына сәйкес 2012 жылы кен орнының солтүстік-батыс блогында жобалық тереңдігі 1 550 м болатын №103 барлау ұңғымасын бұрғылау қарастырылады.

2012 ЖЫЛЫ ЖОСПАРЛЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

2012 жылы ӨМГ және ЭМГ ӨФ мұнай Өндіру 8,6 млн. тонна деңгейінде жоспарланады, оның ішінде ӨМГ ӨФ - 5,8 млн. тонна, ЭМГ ӨФ - 2,8 млн. тонна. Өндірудің осы көлемін қамтамасыз ету үшін 2012 жылы 156 Өндіру, 79 тоғытпалы ұңғымаларын бұрғылау, сондай-ақ бар ұңғымаларда іс-шараларды орындау, оның ішінде қыртысты гидрожару, ұңғымаларды күрделі жөндеу, забой маңы аймақтарына әсер ету мен Өндіруші ұңғымаларды іске қосу жоспарланған.

2012 жылдың I тоқсанында ӨМГ және ЭМГ жоспарды 150 мың тоннаға (шамамен 7%), орындаған жоқ, бұл кідіріс Батыс Қазақстандағы ауа-райының қолайсыздығынан болып отыр. I тоқсанның нәтижелерін ескерсе, межеленген 8,6 миллион тонна көлеміндегі жылдық жоспарды орындау қиынға түседі. II тоқсандағы өндіру қарқынына байланысты Компания жыл ортасында 2012 жылға арналған өндіру жоспарын растайды, немесе нақтылайды.

Өндіру көлемін қамтамасыз ету үшін Компания ӨМГ ӨФ мына нысандарын салуды бастауды жоспарлап қойды: жөндеу және диагностикалау бойынша екі цех (НКТ, қарнақтар мен тереңдік сорғылар), жабдықпен басуға арналған сұйықтықты дайындау телімі, арнайы техникаға автосервистік орталық, жинақтау телімі мен басқа нысандар.

Осы нысандарды салу:

- ақаулы, жұмыс ресурсы төмендеген жабдықтарды пайдалануға жіберуді тоқтату;
- сорғы қарнақтарының үзілуі себебінен жер асты жөндеу сандарын қысқарту салдарынан ұңғыма жұмысының жөндеу аралық кезеңін ұлғайту;
- жерасты жөндеу санын қысқарту және жабдықтар тоқтап тұруын азайту есебінен мұнай Өндіруді өсіруге қол жеткізу;

- арнайы техниканың қолданыстағы паркінде диагностилеу, жөндеу мен қызмет көрсету сапасын жақсарту;
- кәсіпорында өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Жаңаөзен қаласында 16 желтоқсанда болған оқиғаларға байланысты Компанияның Директорлар кеңесі 2012 жыл басында Жаңаөзен мен Ақтау қалаларында екі сервистік кәсіпорын құру туралы шешім қабылдады («ҰЖБ» ӨҚБ және «ТКЖҰҚБ» ЖШС), ол 2 000-нан астам адамды еңбекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сервистік кәсіпорын қызметінің негізгі түрі ұңғымаларға жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру және ӨМГ ӨФ мен өңірдің басқа кәсіпорындары үшін тасымалдау қызметтерін көрсету болып табылады, бұл Өндірудің ағымдағы деңгейін ұстауға оң әсерін береді.

Сервистік кәсіпорындарға өз қызметін қысқа мерзімде бастау мүмкіндігін беру мақсатында 20,6 млрд. теңге бөлінді. Осы қаражатқа 2012 жылы арнайы техника мен жабдықтарды сатып алу, сондай-ақ екі вахталық кеңшарды және Қаламқас пен Қаражанбас кен орындарында екі өндірістік базаларды салуды бастау жоспарланып отыр. Осы нысандарды салу өндірістік қызметті жүзеге асыру (ұңғымаларды жөндеу, тасымалдау қызметтері) және вахта жұмыскерлерін қажетті санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету үшін қажетті.

Компанияның 2012 жылы күрделі шығындары 126,5 млрд. теңге деңгейінде болжанды. Бұл жағдайда Компанияның 2012 жылы бюджеті мұнайға бағалардың өзгеруін, теңгеде айырбастау бағамын, құнсыздану мен басқа да факторларды көрсету үшін кезеңді түрде қайта қаралатын болады.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Компания қаржы есебін теңгеде дайындайды, сомалар АҚШ долларында ақпаратты пайдаланушылардың қолайлығы үшін ғана келтірілген және жиынтық табыс туралы біріктірілген есеп пен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы біріктірілген есеп үшін

сәйкес кезеңге орташа айырбастау бағамы бойынша және қаржылық жағдай туралы біріктірілген есеп үшін кезең соңына арналған бағам бойынша келтірілген. «Бизнес жүргізу шарттары мен болжам» бөлімін қараңыз.

Негізгі көрсеткіштер

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)				%	(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)		%
175 447 580	145 688 364	164 212 856	7%	Табыстар	721 194 169	609 242 398	18%
29 618 398	25 148 870	30 061 954	-1%	Өндірістік шығындар	117 465 026	110 747 524	6%
23 746 316	17 162 683	22 740 153	4%	Сату шығындары мен әкімшілік шығындар	100 173 285	92 276 532	9%
66 029 291	56 127 601	54 279 249	22%	Табыс салығынан басқа салықтар	284 027 851	179 709 999	58%
3 355 758	1 951 378	1 172 261	186%	Барлау шығындары	5 985 224	2 072 263	189%
12 601 727	11 308 128	10 197 074	24%	Тозу, ескіру және амортизация	45 494 136	35 486 128	28%
646 193	1 269 323	875 866	-26%	Негізгі құралдардың шығуынан шығын	4 043 980	2 200 613	84%
39 449 897	32 720 381	44 886 300	-12%	Операциялық табыс	164 004 667	186 749 339	-12%
44 282 243	50 310 508	77 693 561	-43%	Кезең ішінде табыс	208 930 886	234 501 890	-11%
2 004	1 923	1 848	8%	Өндірістік шығындар (баррель үшін теңге) ⁽¹⁾	2 020	1 717	18%
13,55	13,12	12,53	8%	Өндірістік шығындар (баррель үшін АҚШ доллары) ⁽¹⁾	13,78	11,65	18%
37 506 462	20 913 686	36 406 044	3%	Күрделі шығындар ⁽²⁾	104 977 365	88 251 917	19%

¹ Мұнай тоннасы үшін 7,36 баррельден келтірілген.

² 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде біріктірілген қаржы есебінде берілген ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес барлау және бағалау активтеріне арналған шығындарды қоса күрделі шығындар.

Тасымалдау бағдарлары

Компания игерілген мұнайды үш негізгі бағдар бойынша жеткізеді: Каспий Құбыржолы Консорциум (КҚК), «ҚазТрансОйл» АҚ

тиесілі Өзен-Атырау-Самара (бұдан әрі – ӨАС) (Қазақстан Республикасында) және төменде кестеде келтірілгендей ішкі нарыққа жеткізеді:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан		2011	2010
ӨАС арқылы экспорт					
0,9	0,6	1,0	Мұнай көлемі (миллион тоннада)	3,5	4,3
46%	38%	48%	Мұнай сатудың жалпы көлемінен %	46%	50%
57%	49%	56%	Мұнай сатудан жалпы табыстан %	56%	58%
КҚК арқылы экспорт					
0,5	0,5	0,7	Мұнай көлемі (миллион тоннада)	2,2	2,5
28%	29%	31%	Мұнай сатудың жалпы көлемінен %	29%	29%
35%	41%	38%	Мұнай сатудан жалпы табыстан %	37%	35%
Ішкі нарық					
0,5	0,5	0,4	Мұнай көлемі (миллион тоннада)	1,9	1,8
26%	32%	21%	Мұнай сатудың жалпы көлемінен %	25%	21%
8%	10%	7%	Мұнай сатудан жалпы табыстан %	7%	7%

Жоғарыда аталған экспорттық бағдарлардың салыстырмалы табыстылығы құбыржолдарында мұнай сапасына, халықаралық нарықта басым бағалардан және қолданылатын құбыржолы тарифтерінен байланысты болады.

Атап айтқанда КҚК сапа банкі бойынша шығындарға қарамастан мұнайға арналған барынша жоғары бағалар шартында осы құбыржолында мұнайдың барынша жоғары сапасы есебінен тасымалдау үшін барынша пайдалы бағдар беріледі. Құбыржолдары бойынша мұнайды жеткізу көлемдері Мұнайгаз министрлігімен келісілетін атап кету керек, сондықтан Компания мұнайын сол не басқа құбыржолдары бойынша жеткізу мүмкіндігі шектеулі болуы мүмкін.

Табыстар

Келесі кестеде мұнай сату көлемдері мен сату бағалары туралы деректер келтірілген:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)				%	(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)		%
				Мұнайды экспорттық сату			
				ӨАС құбыржолдары			
97 677 046	69 691 891	89 561 927	9%	Сату	395 582 658	345 485 101	15%
863	638	1 032	-16%	Көлемі (мың тоннада)	3 521	4 314	-18%
113 216	109 318	86 748	31%	Орташа баға (тоннаға теңге)	112 344	80 086	40%
105,87	103,17	81,35	30%	Орташа баға (АҚШ доллар/баррель) ⁽¹⁾	105,98	75,17	41%
				КҚК құбыржолы			
60 743 134	57 706 736	60 452 326	0%	Сату	260 012 252	211 081 198	23%
530	484	672	-21%	Көлемі (мың тоннада)	2 237	2 546	-12%
114 590	119 345	89 965	27%	Орташа баға (тоннаға теңге)	116 239	82 893	40%
107,15	112,63	84,37	27%	Орташа баға (АҚШ доллар/баррель) ⁽¹⁾	109,65	77,81	41%
158 420 180	127 398 627	150 014 253	6%	Барлық мұнай экспорты	655 594 910	556 566 299	18%
				Ішкі рынокқа мұнай мен мұнай өнімдерін сату			
13 706 987	14 787 515	10 932 163	25%	Ішкі нарыққа мұнай мен мұнай өнімдерін сату	52 882 316	40 707 699	30%
489	536	443	10%	Көлем (мың тоннада)	1 898	1 783	6%
28 013	27 564	24 665	14%	Орташа баға (тоннаға теңге)	27 858	22 830	22%
26,44	26,01	23,13	14%	Орташа баға (АҚШ доллар/баррель) ⁽¹⁾	26,28	21,43	23%
				Жиынтық сатылым			
172 127 167	142 186 142	160 946 416	7%	мұнай мен мұнай өнімдерін сату	708 477 226	597 273 998	19%
1 882	1 658	2 148	-12%	Көлем (мың тоннада)	7 656	8 643	-11%
91 452	85 783	74 942	22%	Орташа баға (тоннаға теңге)	92 535	69 101	34%
86,31	80,96	70,28	23%	Орташа баға (АҚШ доллар/баррель) ⁽¹⁾	87,29	64,86	35%
3 320 413	3 502 222	3 266 441	2%	Өзге сатылым	12 716 943	11 968 400	6%
175 447 580	145 688 364	164 212 856	7%	Барлық табыс	721 194 169	609 242 398	18%

¹ Мұнай тоннасына 7,23 баррельге қайта есептеумен.

Мұнай мен мұнай өнімдерін сату

Мұнай мен мұнай өнімдерін 2011 жыл ішінде сатудан табыс 2010 жылмен салыстырғанда сатудың орташа бағасын 34% көтеру есебінен 19%-ға ұлғайды және 708 млрд. теңге құрады. 2011 жыл ішінде мұнай сатудың жалпы көлемі 11%-ға төмендеп 7 656 мың тонна құрады.

ӨАС құбыржолы - экспорт

ӨАС құбыржолы бойынша экспортқа мұнайды сатудан табыс 2011 жыл ішінде 15%-ға ұлғайды және 396 млрд. теңге құрады. Пайда ұлғаюы сатудың орташа бағасының 40% ұлғаюымен тоннасына 112 344 теңге құрауымен байланысты және құбыржолы бойынша жеткізу көлемінің 18%-ға немесе 793 мың тоннаға кемуімен түзетілген.

2011 жыл ішінде ӨАС бағыты бойынша сату көлемінің қысқаруы Өзен кен орнында Өндіру көлемінің 2010 жылмен салыстырғанда 15%-ға немесе 884 мың тоннаға кемуімен негізделген.

КҚК құбыржолы - экспорт

КҚК құбыржолы бойынша мұнайды сатудан табыс 2011 жыл ішінде 23%-ға ұлғайды және 2010 жылмен салыстырғанда 260 млрд. теңге дейін өсті. Пайда ұлғаюы сатудың орташа бағасының 40% немесе тоннасына 116 239 теңге құрауымен байланысты және КҚК бойынша жеткізу көлемінің 12%-ға кемуімен түзетілген.

ҚР ішкі нарығында сату

Ішкі нарықта мұнайды сатудан табыс 2011 жыл ішінде 53 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты, бұл 2010 жылға қарағанда 30%-ға артық. Ұлғаю сатудың орташа бағасының 22% өсуімен, сондай-ақ сату көлемінің 6%, немесе 115 мың тоннаға артуымен байланысты.

Төмендегі кестеде мұнай сатудың таза бағасына талдау келтірілген (нэтбэк):

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(АҚШ доллары/баррель)				%	(АҚШ доллары/баррель)		%
ӨАС							
109,36	113,41	86,46	26%	Жарияланатын нарықтық баға ⁽¹⁾	111,26	79,18	41%
105,83	109,18	81,53	30%	Сату бағасы ⁽²⁾	106,06	75,35	41%
0,04	(0,18)	(0,17)	-125%	Баррелизациялау коэффициенті бой-ша сыйақы	(0,08)	(0,18)	-57%
105,87	109,00	81,36	30%	Сатылған баға ⁽³⁾	105,98	75,17	41%
(23,72)	(25,92)	(15,00)	58%	Ренталық салық	(24,51)	(13,17)	86%
(5,53)	(5,53)	(2,70)	104%	Экспорттық кеденді баж салығы ⁽⁴⁾	(5,20)	(0,65)	703%
(7,91)	(7,86)	(7,17)	10%	Тасымалдау шығындары	(7,75)	(7,32)	6%
(0,07)	(0,07)	(0,06)	18%	Сату комиссиясы	(0,07)	(0,07)	1%
68,64	69,63	56,43	22%	Нэтбек	68,45	53,96	27%
КҚК							
109,36	113,41	86,46	26%	Жарияланатын нарықтық баға ⁽¹⁾	111,26	79,18	41%
108,70	112,75	85,28	27%	Сату бағасы ⁽²⁾	109,98	78,70	40%
(10,83)	(9,86)	(7,75)	40%	Сапа банкі	(9,65)	(6,98)	38%
9,28	9,75	6,84	36%	Баррелизациялау коэффициенті бой-ша сыйақы	9,32	6,09	53%
107,15	112,63	84,37	27%	Сатылған баға ⁽³⁾	109,65	77,81	41%
(23,72)	(25,92)	(14,95)	59%	Ренталық салық	(24,57)	(13,21)	86%
(5,53)	(5,53)	(2,87)	93%	Экспорттық кеденді баж салығы ⁽⁴⁾	(5,20)	(0,76)	587%
(7,59)	(7,37)	(8,20)	-7%	Көлік шығындары	(7,56)	(7,62)	-1%
(0,07)	(0,07)	(0,06)	18%	Сату комиссиясы	(0,07)	(0,07)	1%
70,24	73,74	58,29	20%	Нэтбек	72,25	56,15	29%
Ішкі рынок							
26,19	26,01	23,13	21%	Сату бағасы ⁽³⁾	26,28	21,43	23%
(1,45)	(1,21)	(1,92)	-17%	Тасымалдау шығындары	(1,38)	(1,58)	-12%
24,75	24,80	21,21	24%	Нэтбек	24,90	19,85	25%
Орташа							
86,47	83,27	71,00	22%	Сату бағасы ⁽³⁾	87,96	65,50	34%
(3,05)	(2,96)	(2,43)	25%	Сапа банкі	(2,82)	(2,06)	37%
2,28	2,39	1,71	33%	Баррелизациялау коэффициенті бой-ша сыйақы	2,30	1,41	63%
85,70	82,69	70,28	22%	Сатылған баға ⁽³⁾	87,44	64,85	35%
(17,55)	(17,27)	(11,89)	48%	Ренталық салық	(18,45)	(10,47)	76%
(4,09)	(3,68)	(2,20)	86%	Экспорттық кеденді баж салығы ⁽⁴⁾	(3,91)	(0,55)	616%
(6,07)	(5,44)	(6,40)	-5%	Тасымалдау шығындары	(6,08)	(6,20)	-2%
(0,05)	(0,05)	(0,05)	3%	Сату комиссиясы	(0,05)	(0,06)	-12%
57,94	56,25	49,74	16%	Нэтбек	58,94	47,58	24%

¹ Нарықтық баға ретінде мұнай котировкасы пайдаланылды - Brent (DTD).

² Нэтбек нәтижелері Уз және Қондыбай блоктарында барлау кезеңінен ХҚЕС 6 сәйкес қазу кезеңіне ауыстырылған 1,7 млрд. теңге сомасына шикі мұнайды сатудан жаппай табысты ескермеді.

³ Мұнай тоннасына 7,23 баррель коэффициентін есепке алып қаржылық есеп бойынша баға.

⁴ Экспорттық кедендік баж салығы ҚР жоғары сотының шешімі бойынша 2008 жылға экспортқа мұнайды тиеуге арналып есептелген 15,2 млрд. теңге сомасына экспорттық кедендік баж салығын қамтымайды.

Жарияланатын нарықтық баға мен КҚК бойынша сату бағасы арасындағы айырмашылық басты үлгіде фрахт, порттық және кедендік алымдарға арналған шығындардан, сату комиссиясынан, басқа да шығындар мен орташаландыру әсерлерінен тұрады. Көп бөлікте орташаландыру әсері есептік кезең ішінде орташа жарияланатын бағалардан нақты сату күніне арналған котировкалардың орташа

мәндерінен ерекшелену есебінен туындайды, бұл жағдайда айырмашылықтар мұнайға әлемдік бағалардың жоғары волатильдігіне орай елеулі болуы мүмкін.

Өндірістік шығындар

Төмендегі кестеде Компанияның өндірістік шығындарын құраушылар берілген:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)				%	(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)		%
14 740 890	14 883 352	14 585 139	1%	Жұмыскерлерге сыйақы	59 769 131	54 129 594	10%
8 518 604	7 324 186	7 909 532	8%	Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	29 972 825	28 119 436	7%
5 730 159	2 216 844	4 127 674	39%	Материалдар мен қорлар	13 571 313	11 829 948	15%
2 915 848	2 248 016	2 893 745	1%	Электр энергиясы	10 546 572	10 962 880	-4%
680 259	1 140 225	388 741	75%	Тасымалдау шығындары	2 894 028	1 625 868	78%
256 663	208 412	460 275	-44%	Қайта өңдеу шығындары	1 040 996	1 250 805	-17%
(3 830 638)	(4 012 394)	(1 728 626)	122%	Мұнай балансының өзгеруі	(3 918 657)	(1 538 597)	155%
606 613	1 140 229	1 425 474	-57%	Өзге шығындар	3 588 818	4 367 590	-18%
29 618 398	25 148 870	30 061 954	-1%	Жиыны	117 456 026	110 747 524	6%

2011 жыл ішінде өндірістік шығындар 2010 жылмен салыстырғанда 6,7 млрд. теңге, немесе 6%-ға ұлғайды. Өзгерудің негізгі себебі жұмыскерлерге сыйақы бойынша шығындардың, жөндеу мен қызмет көрсету шығындарының, материалдар мен қорлар және тасымалдау шығындарының ұлғаюы болып табылады.

2011 жыл ішінде жұмыскерлерге сыйақы бойынша шығындар өткен жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 10%-ға ұлғайды. Өсу негізінен еңбек төлеудің жаңа жүйесін енгізумен байланысты, сондай-ақ ұжымдық шарт талаптарына сәйкес 2011 жылғы 1 қаңтардан еңбек ақыны 7%-ға индексациялаумен байланысты 2010 жылғы 1 маусымнан бастап Компанияның өндірістік филиалдарының қызметкерлеріне еңбекақыны арттыру нәтижесінде болды.

Жөндеу мен қызмет көрсету бойынша қызметтер жұмыстар құнының ұлғаюы себебінен 7%-ға өсті, бұл орындалған жұмыстардың көлемін азайтумен жартылай өтелді. Материалдар мен қорлар бойынша шығындардың ұлғаюы материалдарға баға өсуімен, сондай-ақ ұжымдық шарт талаптарына сәйкес өндірістік қызметкерлердің арнайы киімдеріне шығындардың өсуімен негізделген.

Тасымалдау шығындары тараптық ұйымдар көрсететін тасымалдау қызметтерінің көлемінің артуы есебінен 78%-ға ұлғайды. Тараптық ұйымдардың тасымалдау қызметтерін қатыстыру ӨМГ ӨФ өндірістік құрылымдық бөлімшелер жұмыскерлерінің жаппай жұмысқа шықпауымен байланысты, бұл меншікті көлік бірліктерінің тоқтап тұруына әкелді.

Төмендегі кестеде Компанияның сату мен әкімшілік шығындарын құрайтын шығындар берілген:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)				%	(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)		%
12 370 076	9 365 059	14 646 864	-16%	Тасымалдау шығындары	49 577 574	56 168 909	-12%
3 922 383	3 387 633	3 887 436	1%	Қызметкерлерге сыйақы	13 768 236	12 112 201	14%
427 172	(1 055 945)	(2 626 333)	-116%	Айыппұл/өсімпұл есептеу/(сторнирлеу)	12 737 805	2 805 102	354%
2 184 402	2 160 353	2 071 698	5%	Басқару гонорары мен сату бойынша комиссиялар	8 751 610	8 281 574	6%
1 183 280	791 092	1 439 694	-18%	Әлеуметтік жобалар	6 434 359	4 137 051	56%
755 812	396 308	883 215	-14%	Консультациялық және аудиторлық қызметтер	1 668 823	3 030 945	-45%
327 220	217 584	337 396	-3%	Жөндеу және қызмет көрсету қызметі	840 290	738 136	14%
2 575 971	1 900 599	2 100 183	23%	Өзге шығындар	6 394 588	5 002 614	28%
23 746 316	17 162 683	22 740 153	4%	Жиыны	100 173 285	92 276 532	9%

Сату мен әкімшілік шығындары 2011 жыл ішінде 2010 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 7,9 млрд. теңгеге немесе 9% ұлғайды. Өсудің негізгі себебі өсімпұлдар мен айыппұлдар, қызметкерлерге сыйақылар, әлеуметтік жобалар бойынша шығындардың ұлғаюы болып табылады, бұл тасымалдау шығындарының және консультациялық пен аудиторлық қызметтер бойынша шығындардың азаюымен жартылай өтелді.

Айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша шығындардың ұлғаюы негізінен 2004-2005 жылдар ішінде 6,6 млрд. теңге сомаға кешенді салық тексеру нәтижелері бойынша негізінен аударулар жүргізумен негізделген, экспорттық кедендік баж салығы бойынша 2,3 млрд. теңге сомаға өсімпұл аудару, сондай-ақ Кен орнының Прорва тобында газды жаққаны үшін 2011 жылғы 1-тоқсанда 2,6 млрд. теңге көлемде айыппұл есептеумен негізделді.

2011 жыл ішінде ӨМГ және ЕМГ ӨФ әкімшілік – басқару қызметкерлерін қоса әкімшілік-басқару қызметкерлерінің сыйақылары өткен жылмен салыстырғанда негізінен еңбек төлеудің жаңа жүйесін енгізумен байланысты, сондай-ақ ұжымдық шарт талаптарына сәйкес 2011 жылғы 1 қаңтардан еңбек ақыны 7%-ға индексациялаумен байланысты 2010 жылғы 1 маусымнан бастап еңбекақыны 14%-ға арттыру нәтижесінде болды.

Әлеуметтік жобалар бойынша шығындардың ұлғаюы негізінен 1 млрд. теңгеге Орал қаласына сушаю зардаптарын жоюға берілген көмекпен, сондай-ақ Маңғыстау мен Атырау өңірлерін әлеуметтік қолдауға бағытталған әлеуметтік қорларды қаржыландырумен байланысты.

Консультациялық және аудиторлық қызметтер бойынша шығындардың кемуі жаңа активтерді сатып алу бойынша консультациялық қызметтерге шығындардың кемуімен байланысты.

Көлік шығындарының кемуі экспортқа жеткізу көлемдерінің 16%-ға төмендеуімен негізделді. Осы төмендеу Өзен кен орнында өндіру көлемінің азаюымен байланысты.

Табыс салығынан басқа салықтар бойынша шығындар

Төмендегі кестеде Компанияның табыс салығынан басқа салықтар бойынша шығын құраушылар берілген:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)				%	(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)		%
35 331 095	29 443 087	28 222 445	25%	Рента салығы	149 771 267	97 484 646	54%
20 449 977	16 714 049	19 740 317	4%	Пайдалы қазбаларды өндіруге салық	78 680 221	70 932 591	11%
8 239 972	6 280 585	5 032 165	64%	Экспорттық кедендік баж салығы	46 979 482	6 477 735	625%
939 458	941 634	777 756	21%	Мүлік салығы	3 453 888	2 990 971	15%
1 068 789	2 748 246	506 566	111%	Өзге салықтар	5 142 993	1 824 056	182%
66 029 291	56 127 601	54 279 249	22%	Жиыны	284 027 851	179 709 999	58%

Табыс салығынан басқа салықтар бойынша шығындар 2011 жыл ішінде 2010 жылмен салыстырғанда 104 млрд. теңгеге немесе 58%-ға артты. Өсудің негізгі себептері ренталық салық бойынша шығындардың, ПҚӨС, экспорттық кедендік баж салығының, өзге салықтардың артуы болып табылады.

2011 жыл ішінде ренталық салық бойынша шығындар 2010 жылмен салыстырғанда мұнайға әлемдік бағалардың артуымен байланысты 54%-ға ұлғайды. Brent маркасының бағасы есептік кезеңде 41%-ға барреліне 111,26 долларға дейін ұлғайды. Әлемдік бағалардың артуы салық мөлшерлемесіне әсер етті, ол 2010 жыл ішінде орташа 16%-ға, 2011 жыл ішінде 22%-ға дейін ұлғайды.

2011 жыл ішінде ПҚӨС бойынша шығындардың ұлғаюы 2010 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда мұнайға әлемдік бағалардың артуымен және ішкі нарыққа сату бағасының ұлғаюымен байланысты, ол 2011 жылы мұнайды Өндірудің төмендеуімен ішінара өтелді.

Экспорттық кедендік баж салығы бойынша шығындардың ұлғаюы осы төлемді 2010 жылғы 16 тамызда енгізумен түсіндіріледі, осы уақытқа дейін оны есептеу мен төлеу 2009 жылғы 1 қаңтардан тоқтатылған болатын. Бұдан басқа 2011 жылғы 1 қаңтардан

бастап экспорттық кедендік баж салығы бойынша мөлшерлеме тоннасына 20 АҚШ долларынан 40 АҚШ долларына дейін арттырылды. Сондай-ақ 2011 жылдың 2-тоқсанында Компания 2008 жылы тиелген және ренталық салықты қолданысқа енгізгеннен кейін 2009 жылы сатылған мұнай көлемі үшін 15,2 млрд. теңге көлемде экспорттық кедендік баж салығын таныды. Компания осы соманы кедендік органдарға жеткізе есептеуді тиімсіз шағымданғаннан және Компания арызын ҚР жоғары соты қабылдамағаннан кейін таныды.

Өзге салықтар бойынша шығындардың ұлғаюы негізінен ҚР Салық кодексінің тиісті ережелерін консультанттар мен салық органдарынан алынған ұсынымдар мен түсініктемелерге байланысты 2,1 млрд. теңге сомаға алуға ҚҚС шегерумен байланысты.

Қаржылық табыстар

2011 жыл ішінде бағамдық айырмашылықтан алынатын табысты қоса таза қаржылық табыс 24,3 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты, ал ол 2010 жыл ішінде 27,1 млрд. теңге құрады. Кему негізінен депозиттер бойынша орташа мөлшерлеменің төмендеуі нәтижесінде депозиттер бойынша пайыздық табыстың төмендеуімен байланысты, ол ҚМГ ҰК қарыз құралдары бойынша пайыздық табыстың өсуімен ішінара өтелді.

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға қатысудан табыс

2011 жыл ішінде Компанияның қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға қатысудан алған табысы 2010 жылғы 56,6 млрд. теңгемен салыстырғанда 84,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Ұлғаю негізінен 2011 жылы қолайлы баға конъюнктурасы есебінен бол-

ды. 2011 жыл ішінде «Қазгермұнай» БК ЖШС қатысу үлесінен табыс 38,4 млрд. теңге құрады және ПетроҚазақстан Инк. Қатысу үлесі 45,7 млрд. теңге құрады. Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар нәтижелері «Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың қаржы және операциялық қызметіне шолу» бөлімінде толық қарастырылады.

Табыс салығы бойынша шығындар

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру	
(мың теңге)				%		(мың теңге)		%
60 829 793	64 497 888	83 548 990	-27%	Салық салғанға дейін табыс	272 592 108	291 947 153	-7%	
46 317 654	43 312 690	51 050 145	-9%	Салық салғанға дейін табыс (БК және қауымдасқан компанияларды есептемегенде)	188 315 796	213 834 120	-12%	
16 547 550	14 187 380	5 855 429	183%	Табыс салығы	63 661 222	57 445 263	11%	
27%	22%	7%	288%	Тиімді салық мөлшерлемесі	23%	20%	19%	
36%	33%	11%	212%	Тиімді салық мөлшерлемесі (БК және қауымдасқан компанияларды есептемегенде)	34%	27%	26%	

Салықтың тиімді мөлшерлемесі (БК мен қауымдасқан компания нәтижелерін есептемегенде) 2004-2005 жылдар ішінде кешенді салық тексерулері нәтижелері бойынша айыппұл мен өсімпұлдарды төлеу сияқты табыс салығының мақсаттары үшін шегеруге жататын шығындардың өсуі салдарынан артты. Бұдан басқа табыс салығының артуы 2004-2005 жылдар ішінде кешенді салық тексерулері барысында анықталған тәуекелдер үшін Қоғам қалпын қайта қараумен байланысты 2006-2010 жж кезеңдеріне қосымша декларациялар беру нәтижесінде болды.

2011 жылғы 4-тоқсанда табыс салығы бойынша шығындар 2010 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 2010 жылдың 4-тоқсанында толық 2010 жыл ішінде қосарлы мөлшерлеме қолданудан әсер ескерілуі есебінен ұлғайды.

Кезең ішіндегі табыс

Жоғарыда көрсетілген факторлар нәтижесінде 2011 жыл ішінде Компанияның таза табысы 2010 жылмен салыстырғанда 11% кеміді және 208,9 млрд. теңге құрады.

ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАР ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

ПетроҚазақстан Инк.

Төменде ПетроҚазақстан Инк. қаржылық және операциялық көрсеткіштері берілген ⁽¹⁾:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
968 916	1 382 262	951 395	2%	Табыстар, АҚШ мың доллары	4 964 794	3 422 195	45%
579 255	838 566	655 951	-12%	Операциялық шығындар, АҚШ мың доллары	3 076 029	1 941 843	58%
(6 948)	(5 199)	(5 480)	27%	Қаржы (шығындары)/ табыстары, АҚШ мың доллары	(17 934)	(20 330)	-12%
194 284	179 086	113 671	71%	Табыс салығы бойынша шығындар, АҚШ мың доллары	686 394	448 617	53%
188 429	359 411	176 293	7%	Кезең табысы, АҚШ мың доллары	1 184 437	1 011 405	17%
153 629	87 717	153 881	0%	Күрделі шығындар, АҚШ мың доллары	373 230	410 582	-9%
1 458	1 479	1 516	-4%	Мұнай Өндіру, мың тонна	5 912	6 053	-2%
1 534	1 853	1 803	-15%	Мұнай мен мұнай өнімдерін сату, мың тонна ⁽²⁾	7 154	7 609	-6%
300	618	643	-53%	ККТ арқылы экспорт (ПККР 100%, Кольжан 100%)	2 324	2 816	-17%
89	110	120	-26%	Ақтау арқылы экспорт (КГМ 50%)	390	514	-24%
211	293	184	15%	ККТ арқылы экспорт (КГМ 50%)	1 008	630	60%
44	55	62	-30%	Өзбекстан экспорты (ТП 50%)	225	252	-10%
114	180	211	-46%	ККТ арқылы экспорт (ТП 50%)	633	684	-7%
776	598	583	33%	Ішкі нарық ⁽²⁾	2 573	2 713	-5%

¹ Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар қызметінің нәтижесі 2011 жыл ішінде аудирленбеді.

² Сату көлемінің шикі мұнайды өндіру көлемінен артуы «ПККР» АҚ мұнайды ішкі нарыққа жеткізу үшін сыртқы ұйымдардан сатып алуымен түсіндіріледі.

2011 жыл ішінде «ПетроҚазақстан Инк.» компаниясының Өндіру көлемі 5 912 мың тонна құрады. Кәсіпорынға қатысудан алынған табыс 2011 жыл ішінде Компанияның біріктірілген қаржы есебіне 45,7 млрд. теңге көлемінде қосылған, бұл 2010 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 11,5 млрд. теңгеге артық. Ұлғаю негізінен мұнайға жоғары бағаның болуымен және 2010 жылғы тамыздан бастап бірігуге «Торғай-Петролеум»

АҚ қосумен байланысты. Операциялық шығындардың ұлғаюы негізінен «Торғай-Петролеум» АҚ 2010 жылдың тамызына дейін бірігуге қосылмауымен байланысты. 2011 жыл ішінде ПетроҚазақстан Инк. 373,2 млн. АҚШ долл. сомасына капитал салымдарымен жүзеге асырылды. 2011 жыл ішінде Компания «ПетроҚазақстан Инк.»-тен 53,2 млрд. теңге сомасында дивиденд алды.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС

Төменде «Қазгермұнай» БК» ЖШС қаржылық және операциялық көрсеткіштері берілген:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
561 863	659 355	414 284	36%	Табыстар, АҚШ мың доллары	2 354 240	1 526 749	54%
313 820	414 765	243 449	29%	Операциялық шығындар, АҚШ мың доллары	1 343 142	811 853	65%
(3 175)	(2 903)	(851)	273%	Қаржы (шығындары)/ табыстары, АҚШ мың доллары	(6 967)	(2 430)	187%
106 377	122 131	115 189	-8%	Табыс салығы бойынша шығындар, АҚШ мың доллары	375 268	285 761	31%
138 491	119 556	54 795	153%	Кезең табысы, АҚШ мың доллары	628 862	426 705	47%
43 140	21 573	41 716	3%	Күрделі шығындар, АҚШ мың доллары	73 723	74 107	-1%
783	767	748	5%	Мұнай Өндіру, мың тонна	3 000	3 102	-3%
802	806	727	10%	Мұнай сату, мың тонна	3 017	3 073	-2%
179	219	240	-26%	Ақтау арқылы экспорт	780	1 028	-24%
422	587	367	15%	КҚК арқылы экспорт	2 016	1 261	60%
202	-	120	68%	Ішкі нарық	222	784	-72%

2011 жыл ішінде Компанияның «Қазгермұнай» БК» ЖШС өндіру көлемінде үлесі (50%) 1 500 мың тонна құрады. Қарастырылатын кезеңде күрделі шығындар 73,7 млн. АҚШ долларын құрады. Бірлескен кәсіпорында қатысудан алынған табыс 2011 жыл ішінде Компанияның бірлескен қаржы есебіне 38,4 млрд. теңге көлемінде қосылды, бұл 2010 жылға қарағанда 15,8 млрд. теңгеге астам. 2011 жыл ішінде Компания «Қазгермұнай» БК» ЖШС 36,6 млрд. теңге сомасында дивидендтер алды.

Операциялық шығындардың ұлғаюы салық төлемдерінің негізінен өсуімен (ренталық салық, ПҚӨС) және экспортқа мұнай жеткізу көлемдерінің ұлғаюымен байланысты экспорттық кедендік баж салығымен түсіндіріледі.

Таза табыстың ұлғаюы 2011 жыл ішінде мұнайға жоғары бағалармен байланысты, сондай-ақ ішкі нарыққа жеткізулер бойынша міндеттемелерді орындау үшін шикі мұнайды жеткізу мен сатып алу құрылымын оңтайландыру нәтижесінде мұнайды сату көлемдерінің ұлғаюымен байланысты (мұнайды орналастыру тетігі).

CCEL

Төменде CCEL қаржылық және операциялық көрсеткіштері берілген ⁽¹⁾:

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
303 432	385 096	260 656	16%	Табыстар, АҚШ мың доллары	1 367 173	924 424	48%
246 770	302 805	178 574	38%	Операциялық шығындар, АҚШ мың доллары	1 025 163	690 888	48%
(2 986)	489	(3 683)	-19%	Қаржы (шығындары)/ табыстары, АҚШ мың доллары	6 698	15 000	-55%
48 811	20 841	29 650	65%	Табыс салығы бойынша шығындар, АҚШ мың доллары	121 128	59 555	103%
4 866	61 940	52 432	-91%	Кезең табысы, АҚШ мың доллары	214 184	173 981	23%
28 025	42 907	33 163	-15%	Күрделі шығындар, АҚШ мың доллары	102 464	109 357	-6%
510	495	506	1%	Мұнай Өндіру, мың тонна	1 981	1 941	2%
446	528	492	-9%	Мұнай сату, мың тонна	1 957	1 914	2%
217	322	326	-33%	Махачкала арқылы экспорт	1 195	1 300	-8%
177	160	92	92%	Приморск арқылы экспорт	552	314	76%
-	-	20	-100%	Гданьск арқылы экспорт	24	85	-72%
51	47	54	-6%	Ішкі рынок	187	215	-13%

¹ 2011 жыл ішінде қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорын қызметінің нәтижелері аудирленбеген болып табылады.

2011 жыл ішінде CCEL компаниясының өндіру көлемі 1 981 мың тонна құрады. Таза табыстың ұлғаюы 2011 жыл ішінде мұнайға жоғары бағалармен байланысты. Операциялық шығындарды ұлғайту негізінен салық төлемдерінің өсуімен түсіндіріледі (ренталық салық, ПҚӨС). 2011 жыл ішінде CCEL 102,5 млн. АҚШ долл. сомасына капитал салымдары жүзеге асырылды.

Компания 2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша өз балансында 19,5 млрд. теңге сомасын CITIC Group қытай компаниясынан бірлесіп бақыланатын кәсіпорынның CCEL алуы ретінде көрсетті. 2011 жыл ішінде Компания 3 млрд. теңге көлемінде пайыздық табыс есептеді, бұл өзімен 26,87 млн. АҚШ доллар көлемінде CCEL-ден жылдық кепілді төлем бөлігін білдіреді.

Ural Group Limited BVI («UGL»)

2011 жылғы 15 сәуірде Компания Exploration Venture Limited (EVL) –ден UGL компанияның қарапайым акцияларының 50-пайыздық үлесін сатып алды. UGL Батыс Қазақстан облысында Федоров блогында көмірсутектеріне барлау жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығына ие «Ural Oil and Gas» ЖШС (UOG) 100-дық қатысу үлесінің меншік иесі болып табылады. 2010 жылғы мамырда барлауға арналған лицензия 2014 жылдың мамыр айының соңына дейін ұзартылды.

UGL операциялық қызметі өзінің ағымдағы міндеттемелерін орындау және өз қызметін жүзеге асыруды жалғастыру мақсатында UGL қарыз беру жолымен қатысушыларымен қаржыландырылады. 2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша Компания 13,1 млн. АҚШ доллары (1,9 млрд. теңге) сомасына қосымша қарыз беру нысанында UGL қаржыландырды.

КАПИТАЛ ӨТІМДІЛІГІ МЕН РЕСУРСТАРЫ

Ақша ағындарына шолу

Компанияның өтімділікке қажеттігі қолданыстағы операциялық қызметті (айналым капитал) қаржыландыру қажеттігінен, инвестицияларды қаржыландыру қажеттігінен (капитал шығындар) және сатып алулар

есебінен өсуге қол жеткізу қажеттігінен тұындайды. Басшылық Компания өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін орындау және инвестициялық мүмкіндіктерін орындау үшін қажетті өтімділіктің жеткілікті деңгейіне ие деп санайды.

2011 4-тоқсан	2011 3-тоқсан	2010 4-тоқсан	4 тоқсан 4-тоқсанға		2011	2010	Өзгеру
(мың теңге)				%	(мың теңге)		%
38 232 981	23 614 280	39 321 704	-3%	Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының таза ағындары	148 210 426	115 694 318	28%
31 677 506	57 063 753	-56 490 018	-156%	Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза ағындары	34 325 615	-31 492 441	-209%
-5 773 101	-36 558 264	-10 550 783	-45%	Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының таза ағындары	-74 934 072	-93 234 670	-20%

2011 жыл ішінде операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымы 148 млрд. теңге құрады, бұл 2010 жылға қарағанда 33 млрд. теңгеге жоғары. Бұл өзгеру 2010 жылмен салыстырғанда мұнайға әлемдік бағалардың өсуі нәтижесінде мұнайды сатудан алынған табыстың ұлғаюымен байланысты.

2011 жыл ішінде инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының таза түсімдері 34 млрд. теңге құрады. 2010 жылмен салыстырғанда инвестициялық қызметтен ағындардың ұлғаюы негізінен 2010 жылы Компания ҚМГ ҰК қарыз құралына инвестициялар сатып алумен байланысты.

2011 жыл ішінде қаржы қызметінде пайдалануға жұмсалған ақша қаражаттарының таза кетуі 75 млрд. теңге құрады. 2010 жылмен салыстырғанда негізінен акционерлерге төленген соманың төмендеуімен байланысты. Бұл төмендеу Компания қарыз аспабын сатып алу шартының талаптарына сәйкес қарыз құралына инвестициялар бөлігіне қарсы ҚМГ ҰК дивидендтер үлесін есептеу жүргізуімен байланысты.

Қарыздар

Кестеде Компанияның таза ақша қаражаттары бойынша деректер көрсетілген:

	2011 ж 31 желтоқсанға	2011 ж 31 қыркүйекке	2010 ж 31 желтоқсанға	Желтоқсан желтоқсанға
	(егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде)			%
Ағымдағы бөлім	54 931 227	53 730 216	60 194 818	-9%
Бір жылдан астам өтеу мерзімі	33 033 898	32 972 479	62 286 045	-47%
Барлық қарыз	87 965 125	86 702 695	122 480 863	-28%
Ақша және оның баламасы	206 511 923	142 704 763	98 519 680	110%
Өзге ағымдағы ақша ағымы	321 889 708	357 231 564	377 800 956	-15%
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	188 802 605	188 067 152	221 825 818	-15%
Барлық қаржы активтері	717 204 236	688 003 479	698 146 454	3%
АҚШ долларында қайта номинацияланған қаржы активтері, %	72%	81%	81%	-11%
Таза ақша қаражаты	629 239 111	601 300 784	575 665 591	9%

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қарыздары 88 млрд. теңге құрады. Қарыздар сомасы ҚМГ ПКИ Қаржы Б.В. ПетроҚазақстан Инк.-та акциялардың 33-пайыздық пакетін сатып алу нәтижесінде өзіне ҚМГ ПКИ Қаржы Б.В. қабылдаған 80 млрд. теңге көлемінде ҚМГ БӨ активтеріне

регрестеу құқығынсыз ҚМГ ПКИ Қаржы Б.В. қарыздық құнды қағаздарын қамтиды. 2011 жылғы 31 желтоқсанға ҚМГ ПКИ Қаржы қарыздық құнды қағаздары бойынша өтелмеген сомасы мен есептелген сыйақы сәйкес 78,3 млрд. теңге мен 1,5 млрд. теңге құрайды.

Келешекке қатысты мәлімдемелер

Осы құжатта «келешекке қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе саналатын мәлімдемелер тұрады. Келешекті сипаттауға арналған терминология өзгелердің арасында «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «болжайды», «болжамдар бойынша», «ниеттенеді», «жоспарлайды», «жоспарлады», «болады» немесе «керек» деген сөздерді қоса әр жағдайда балама немесе салыстырмалы терминология, немесе талқылауларға сілтемелер, жоспарлар, мақсаттар, міндеттер, келешек оқиғалар немесе ниеттер келешекке қатысты мәлімдемені белгілеу үшін арналған. Көрсетілген өтінімдер тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар шектеусіз ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның басқалардың арасында, қызмет нәтижелері, қаржы жағдайы, өтемділік, келешек, өсу, әлеуетті сатып алулар, стратегиялар мен Компания жұмыс істейтін салаларға қатысты қамтылады. Өзінің табиғаты бойынша келешекке байланысты мәлімдемелер тәуекел және белгісіздікпен байланысты, себебі олар келешекте болатын немесе болмайтын келешек оқиғалар мен жағдайларға қатысты болады. Келешекке қатысты мәлімдемелер қызметтің келешек нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және қызметтің нақты нәтижелері, Компанияның және дамыған елдер мен оларда Компания жұмыс істейтін салалардың қаржы жағдайы мен өтемділігі осы құжатта сипатталған немесе осы құжатта келешекке қатысты берілген болжамдарға қатысты елеулі ерекшеленуі мүмкін. Компания жаңа ақпаратты алу, келешек оқиғалар немесе қандай да бір басқа жағдайлар нәтижесінде осы құжатта жазылған келешекке қатысты қандай да бір мәлімдемелер немесе салаға қатысты қандай да бір ақпаратты жаңартуды жоспарламайды және өзіне ондай міндеттеме алмайды. Компания келешекке қатысты осындай мәлімдемелерде берілген нәтижелер қол жеткізілуі мүмкіндігіне қатысты ешбір растаулар бермейді және ешбір болжамдар жасамайды және ешбір мәлімдемелер бермейді.

Компания сыртқы орталарды, нарықтық, операциялық, қаржы, инвестициялық тәуекелдерді және ұжымдық басқару тәуекелдерді қоса бірқатар тәуекелдерге түседі.

Компания тәуекелдерді басқару саясаты шеңберінде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару саласында Компания саясаты акционерлік құнның өсуіне және ұжымдық басқару сапасын тәуекелдерді сәйкестендіру, олардың

елеулігін бағалау, талдау, оларды азайту бойынша шаралар әзірлеу мен тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралардың орындалуына бақылау жолымен арттыруға бағытталған.

Барлық өндірістік филиалдарда Компания қызметінің барлық бизнес-процестері мен атқарымдық салаларын қамтитын және олардың Компания қызметі нәтижелеріне әсерін азайтып тәуекелдерді тиімді басқаруға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесі енгізілді.

СЫРТҚЫ ОРТА ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Компания қызметінің сыртқы ортасымен байланысты негізгі тәуекелдер саяси, экономикалық және өңірлік тәуекелдерді қамтиды.

Саяси тәуекелдер:

- елдің бүтіндей және Компанияның бөлшектеп алғанда инвестициялық тартымдылығына әсер ететін ел басшыларының сыртқы немесе ішкі саяси бағдарын ауыстыру мүмкіндігі;
- заңнаманың, оның ішінде өнеркәсіптің шикізаттық саласынан алынатын бюджеттік табыстарды ұлғайтуға бағытталған салық заңнамасының теріс өзгеру ықтималдығы;
- мемлекеттік билік органдарын реформалау барысында Компания қызметін реттейтін түрлі министрліктер мен ведомстволардың жабылуы немесе жаңаларының құрылуы, бұл Компания қызметіне әсер ететін нормативтік құжаттардың болмауына немесе бекітілуін кешіктіруге әкелуі мүмкін.

Экономикалық тәуекелдер:

- Қазақстан экономикасы әлсіз әртараптандырылған және шикізат тауарларына арналған әлемдік бағаларға елеулі тәуелді. Шикізатқа әлемдік бағалардың елеулі және ұзағынан құлдырауы шикізат компанияларының табысының құлдырауына, сондай-ақ әрі қарай барлық экономиканың экономикалық құлдырауына әкелуі мүмкін;
- Экономиканың ескірген инфрақұрылымы Компания бизнесінің тиімділігіне елеулі түрде теріс әсер етуі мүмкін;
- Тауарлар мен қызметтерді сатып алу саласында қолданыстағы заңнама материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен логистика тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермейді;
- Жеткізушілер мен мердігерлер арасында әлсіз бәсекелестік орта компания көрсететін жұмыстар мен қызметтер сапасын елеулі төмендетеді.
- Қазақстандық қаржы жүйесінің даму деңгейі бос ақша қаражаттарын орналастыру шарттарын нашарлата алады (барынша әрі қарай қаржы тәуекелдерін қара).

Өңірлік тәуекелдер

Компания қызметінің өңірлері Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда облыстары болып табылады.

Қоғамның негізгі өндірістік филиалдары өзінің өндірістік қызметін қатаң климат жағдайларымен ерекшеленетін өңірлерде жүргізеді, сондай-ақ кейбір өңірлерге мұнай Өндіру мен газды қайта өңдеу саласында біліктілігі жоғары жұмысшы мамандар тапшылығы тән. Бұл жағдайда осы өңірлер Компания қызметіне елеулі әсер ететін жоғары әлеуметтік және экономикалық тәуекелдерге ие өңірлерге жатқызылады.

Маңғыстау облысының активтері үшін әлеуметтік қақтығыстар мен ереуілдердің туындау тәуекелі елеулі болып табылады, бірнеше рет іске асырылды және Компания қызметіне және оның жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша міндеттемелерін орындауға елеулі әсер етті.

Елде және негізгі өңірлерде жағдайды өзгертетін теріс әсерді азайту үшін мынадай іс-әрекеттерді қамтитын сәйкес шаралар кешені әзірленеді:

- Жеке алынған өңірдің тәуекелдер деңгейін азайту мақсатында компания қызметінің географиялық әртараптандырылу деңгейін арттыруға бағытталған іс-әрекеттер;
- Негізгі қызмет өңірлерінде әлеуметтік қақтығыстарды азайтуға бағытталған іс-әрекеттер;

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Нарықтық санаттарға мұнайға бағалардың өзгеруі, валюта бағамдары, пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз әсерінен болатын тәуекелдер жатады (валюта тәуекелдері мен пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелдеріне қатысты ақпаратты толық қаржы тәуекелдері бөліміне қара).

Компания ішкі және сыртқы рыноктарда мұнайды көтерме жеткізулерді жүзеге асырады. Ішкі және сыртқы рыноктар үшін негізгі

- Компанияның бизнесті дамыту бойынша мүмкіндіктеріне елеулі теріс әсер ететін тәуекелдерді азайтуға бағытталған бизнес тиімділігін арттыруға бағытталған әрекеттер.

Компания қатысу өңірлерінде әлеуметтік орнықтылықты нығайту және қолдауға жүйелі ұмтылады, жергілікті әкімшілік пен қоғамдастық өкілдерімен өңірлерде өзекті әлеуметтік проблемалардың шешімін бірігіп табу үшін белсенді өзара әрекет етеді.

Компания әлеуметтік бағдарламалары барынша адамдарға жетіп, қоғамның қажеттіктеріне жауап беруіне ұмтылады. Алайда ереуілдер мен әлеуметтік қақтығыстар тәуекелінің туындауын азайтумен байланысты коммерциялық емес шығындардың ұлғаюы компанияның қаржы көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Көрсетілген өңірлердің ауа-райы әртүрлі, одан басқа олардың географиялық алшақтығы тасымалдау құрауыштарына және Компанияның тоқтаусыз жұмысы үшін электр энергиясымен жаб-дықтауға жоғары назар аударуды талап етеді.

Қатысу өңірлерінің ауа-райы ерекшеліктерімен байланысты, оның ішінде апат жағдайлардың туындау қаупіне байланысты тәуекелдердің мүмкін салдарларын азайту мақсатында Компания қызмет үздіксіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударады.

мүмкін нашарлаулар бірқатар факторлар салдарынан елеулі волатильдікке ие мұнайға бағалардың төмендеуі болып табылады: сұраныс пен ұсыныс балансы, негізгі мұнай Өндіруші елдер әсері мен саясаты, энергия тасымалдаушыларды Өндірудің негізгі өңірлерінде саяси жағдай. Мұнайға әлемдік бағалардың төмендеуі елеулі деңгейде Компанияның қаржы көрсеткіштерін нашарлатуда көрініс табады.

Компания осы сәтте мұнайға бағалардың төмендеу тәуекелін хеджирлеуді жасамайды, бірақ әр нақты жағдайда осы тәуекелдің

теріс әсерін төмендетуге мүмкіндік беретін шығындарды басқарудың ішкі аспаптарын пайдаланады.

ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Қазақстандық экономика халықаралық қаржы рыноктарының ауытқуларына және әлемдік экономика өсуінің қарқынының төмендеуіне сезімтал. Халықаралық қаржы дағдарысы капитал рыногының тұрақсыздығына, банк секторында өтемділіктің жетіспеушілігіне, сондай-ақ теңге бағамының ауысуына әкелді. Капиталды сенімділігі жоғары банктерде орналастыруға қол жеткізу мүмкіндігіне және Компания үшін осы орналастыру құнына қатысты кейбір белгісіздіктер бар, ол өз кезегінде оның қаржы жағдайына, қызмет нәтижелері мен жоспарына әсер етуі мүмкін. Халықаралық қаржы дағдарысының жалғасуы Компания өнімдерін тұтынушылардың төлей алушылығына теріс әсер етуі мүмкін, бұл оның табысы мен өтемділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Компания түрлі қаржы тәуекелдеріне түсуі мүмкін, олардың арасында валюталық, құнсыздану тәуекелдері, орналастырылатын уақытша бос ақша қаражаттары бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, несие және салық тәуекелдерін атап кетуге болады. Олардың болу ықтималдығы мен қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелеріне әсер ету деңгейі Компаниямен тұрақты бағаланады және даму жоспарларын әзірлеу кезінде ескеріледі.

Құнсыздану тәуекелдері

Компания өзінің негізгі қызметін қазақстанда жүргізеді және есеп айырысулар үшін негізгі валюта ретінде теңгені пайдаланады. Еңбекақыны төлеумен, электр энергиясына арналған шығындармен, логистикалық қызметтер құнымен байланысты шығындар теңге құнсыздануына сезімтал.

Пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту тәуекелдері

Компания қызметі пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне түседі, бұл уақытша бос ақша қаражатын орналастыру құнына теріс көрсетілуі және сәйкес Компания қызметінің қаржы нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Валюта тәуекелдері

Валюта тәуекелі – Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне түрлі бағытта әсер ететін валюта бағамдарының ауытқуы.

Компания табысының елеулі бөлігі АҚШ долларында аталған немесе АҚШ долларына байланысқан. Компания шығындарының бөлігі шетел валютасында көрсетілген немесе басқаша үлгіде теңгеге қатысты шетел валютасы бағамдарының ауытқуларына байланысты болады (негізінен АҚШ доллары, аз деңгейде евро және рубль). Қазіргі уақытта Компанияның ағымдағы шығындарының үлкен бөлігі теңгеде белгіленген бағалар бойынша төленеді.

Доллар бағамының артуы мұнайдың барынша рентабельді экспортын жасайды.

Пайыздық мөлшерлемелердің және валюта бағамының өзгеруінің теріс әсері туындаған жағдайда Компания өз қызметін теріс салдарларды төмендету үшін жүзеге асыратын болады:

- банк-серіктестер шеңберін кеңейту, бәрінен бұрын ағымдағы әлемдік қаржы дағдарысынан аз зардап шеккен институттар есебінен;
- Компания қызметінің негізгі пайыздық мөлшерлемелерден тәуелділігін азайтуға мүмкіндік беретін сауда қаржыландыру аспаптарын (аккредитив, кепілдіктер барынша көлемді пайдалану.

Компания қазіргі сәтте көрсетілген тәуекелдерді хеджирлеуді жасамайды, бірақ әр нақты жағдайда өз міндеттемелерін толық және мерзімінде орындауға кепілдік беретін қаржы тәуекелдерін басқарудың ішкі аспаптары мен резервтерін пайдаланады.

Көрсетілген қаржы тәуекелдерінің әсері нәтижесінде барынша өзгеруге түсетін Компанияның қаржы есебіндегі мына көрсеткіштер:

- таза табыс;
- ақша;
- өзіндік құн;
- дебиторлық қарыз.

Несие тәуекелдері

Несие тәуекелдеріне Компанияның қаржы ағымдарына қызмет ететін қаржы институттарынан бастап және дайын өнімді сатып алушылар мен Компанияға түрлі қызметтер көрсететін контрагенттермен аяқталып контрагенттермен материалдық және ақша ағындарының қозғалысымен байланысты операциялар түседі.

Компания қазынашылығымен іске асырылған ақша қаражаттарын басқарудың тиімді орталықтандырылған жүйесі несие тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Қаржы тәуекелдері, олардың туындау ықтималдығы және есепте өзгеру сипаты

Тәуекел	Туындау ықтималдығы	Есепте өзгерістер сипаты
Банк депозиттері бойынша мөлшерлемелер құлдырауы	Орташа	Уақытша бос ақша қаражаттарын орналастыру бойынша табыстардың құлдырауы салдарынан табыстың төмендеуі
Валюта тәуекелі (евро және АҚШ долларына қатысты теңге бағамының құнсыздану тәуекелі)	Орташа	Сатып алынатын жабдыққа шығындар артуы – амортизациялық аударымдар ұлғаюы
Құнсыздану тәуекелі	Орташа	Дебиторлық қарыз ұлғаюы, өндірілетін қызметтердің өзіндік құнының артуы
Кредит тәуекелі	Орташа	Проблемалық дебиторлық қарыз, табыс төмендеуі

САЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІ

ҚР салық жүйесі жуырда қабылданған нормативтік-құқықтық актілерге қатысты құқық қолданатын практиканың шағын көлемдерімен сипатталады. Ол сондай-ақ заңнаманы бұрыс түсінуге негізделген салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды асыра есептеу тәуекелімен сипатталады. Осы факторлар Компанияның салық шығындарын жоспарлауды қиындатады. Компания менеджменті Салық кодексінің өзінің және оған түзетулердің сапасын жақсарту бойынша жұмыстарға қатысуға негізделген, көрсетілген тәуекелді азайту бойынша іс-әрекеттер әзірлейді. Бұдан басқа Компания өз мүддесін соттарда қорғайды.

Кедендік бақылау ережелері мен баж салығының өзгеруі

Компания сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратындықтан, кедендік бақылау ережелерін өзгерту, кедендік баж салығының құбылмалығы, баж салығын есептеудің мөлдір формуласының болмауы Компанияның қаржы нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Сонымен бірге Компания ҚР қолданыстағы заңнамасына өзгерістерге тұрақты мониторингті жүзеге асырады және көрсетілген өзгерістермен байланысты тәуекелдерді азайтуға әсер ететіндей оларды өз қызметінде ескереді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның негізгі операциялық тәуекелдері барлау мен өндіру жазықтығында жатыр және Компанияның үздіксіз қызметін жүзеге асырумен байланысты.

Компанияның негізгі кен орындарына тән нышандар мыналар болып табылады:

- шикізат базасы мен мұнай қоры сапасының нашарлауы;
- кен орнының елеулі бөлігін қазудың кеш кезеңіне өту;
- көптеген өндірістік және технологиялық процестер мен энергия ресурстарын пайдаланудың төмен тиімділігі;
- өндірістік циклдің барлық кезеңдерінде ескірген жабдықты ауыстыру қажеттігі;
- басқа компаниялармен салыстырғанда өндірістің капитал қажетсінуінің жоғарылығы.

Төменде оларды азайтуға Компания елеулі ресурстар бөлетін және күнделікті қызметінде және қызмет тиімділігін жоспарлау мен бағалау барысында елеулі назар аударатын түйінді операциялық тәуекелдер тізімі келтірілген.

Барлау

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде көмірсутектері шөгінділерін коммерциялық емес байқау және/немесе «құрғақ» ұңғыманы бұрғылау тәуекелі үнемі болады. Геологиялық барлау жұмыстарының тәуекелін төмендету үшін кешенді геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізіледі, олар дәстүрлі сейсмикалық зерттеулерден басқа геохимиялық зерттеулерді, рұқсаты жоғары электр барлау жұмыстарын, сондай-ақ сейсмика мен графика деректерін өңдеу бойынша арнайы әдістемелер, сондай-ақ геологиялық тәуекелдерді талдауды қамтиды.

Өндіру

Компанияның маңызды міндеттерінің бірі көпшілігі пайдаланудың кеш кезеңдерінде болатын меншікті кен орындарында Өндірудің оңтайлы деңгейін ұстау болып табылады. Осы мақсатпен Компания мұнай қыртыстарына, ұңғымалардың забой маңы аймақтарына әсер етудің заманауи әдістері мен технологияларын қолданады.

Компанияның өндірістік қызметінің тиімділігін төмендетудің түйінді негізгі факторлары:

- Ұңғымалардың негізгі қорының жағдайы.
- Жабдықтың техникалық бүтіндігі.
- Электрмен қамтамасыз етудің үздіксіздігі.
- Ауа-райы жағдайлары.
- Жабдықтарды уақтылы сатып алу және жеткізу.
- Жеткізілген жабдық сапасы.
- Мердігерлердің қызметтерді уақтылы және сапалы орындауы.
- Өндірістік қызметкерлер қауіпсіздігі.
- Экологиялық қауіпсіздік.
- Жоспарлау тиімділігі.
- Мемлекеттік реттеу талаптарының сақталуы.

Сонымен бірге Компанияның өндірістік қызметі апат пен негізгі өндірістік жабдықтардың сыну тәуекелдеріне түсіп тұрады. Осы тәуекелдерді төмендету үшін Компания алдын алу іс-шараларының кешені мен жабдықтарды жаңарту мен күрделі жөндеу бағдарламасын жүргізеді. Негізгі өндірістік жабдық зиян, өрт, жарылыс, табиғи және өзге қауіптерден сақтандырылған, сондай-ақ ұңғыманың бақылаудан шығу тәуекелінен сақтандырылған.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау

Компанияның өндірістік қызметі жұмыскерлердің денсаулығы мен қоршаған ортаға тәуекелдердің кең ауқымымен танымал. Бұндай тәуекелдерге қауіпсіздік техникасын сақтамауды, өндірісте апаттарды, қоршаған ортаға зиян тигізуді, экологиялық ластанулар мен табиғи катаклизмдерді жатқызуға болады. Осы тәуекелдер болғаны жағдайда салдарлар ең ауыр болуы мүмкін, оның ішінде өндірісте адам қазасы, атмосфера, топырақ пен су айдындарының ластануы, өрт, өндірістің тоқтауы немесе толығымен тоқырап қалуы. Осы жағдайлардың болу себептеріне қарай салдарлар Компания атағына, қаржы және операциялық қызметіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл бағытта Компания осындай қауіптердің болуын алдын алу бойынша түрлі шаралар қабылдайды, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен қорғау жағдайына бақылау, қауіпті факторларды айқындау мен қызметкерлерді даярлау. Компанияда қолданыстағы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған

ортаны қорғау жүйелері енгізілген және ISO 14001, OHSAS 18001 стандарттарына сәйкес қызмет етеді. Компания жыл сайын өзінің қызметімен және жобалармен жапсарлас еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында тәуекелдерді сақтандырады.

Ақпараттық технологиялар

Компания тиімді операциялық қызмет үшін жоғары технологиялық жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етудің үлкен санын пайдаланып және енгізумен байланысты ақпараттық технологиялар саласында тәуекелдерге түсуі мүмкін. Осыған байланысты жаңа жабдықты және бағдарламалық қамтамасыз етуді бейімдеу, құпия бизнес деректерді қауіпсіз сақтау проблемалары туындауы мүмкін. Осы бағытта тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында Компания жыл сайын пайдаланылатын технологияларды талдайды және таңдау мен сатып алу кезінде барынша бейімделетін және ұсынылатын ақпараттық технологияларды таңдауды, бизнес деректерге қол жеткізуге сенімді бақылауды қамтамасыз етеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компанияның инвестициялық қызметіне әсер ететін негізгі факторлар мыналар болып табылады:

- Қазақстанда құрлықта сатып алу үшін қол жетімді жаңа активтердің шектеулігі.
- Ірі халықаралық мұнай-газ компаниялары тарапынан мұнай-газ активтеріне қол жеткізуде бәсекелестіктің артуы.
- ҚМГ БӨ Қазақстанға теңіз жобаларына қатысу мүмкіндігін беретін меншікті тиімділігі жоғары сервистік сараптаманың, сондай-ақ тартымды шетел жобаларында жоқтығы;
- Қолданыстағы кен орындарын қазу немесе мұнай мен газдың дәстүрлі емес көздерін қазу тиімділігін ұлғайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды қолдану саласында меншікті сараптаманың шектеулігі немесе болмауы.

- Жаңа активтерді бағалау және тиімді басқару үшін техникалық және білікті еңбек ресурстарының болмауы.
- Сатып алу үшін активтерді таңдау процесінің мөлдір еместігі.

Бұдан басқа, ҚМГ БӨ Қазақстан Үкіметі бақылайтын ірі мұнай-газ өндіруші компания болып табылады. Осыған байланысты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ тұлғасында мемлекет пен ҚМГ ҰК бүтін мемлекет мүддесінде ҚМГ БӨ акционерлерінің мүдделеріне қайшы келетіндей ҚМГ БӨ әсер ете алады.

Осы барлық факторлар жеке және бірігіп жобалардың тартымдылығын жете бағаламауға/асыра бағалауға, тиімсіз инвестициялық шешімдерге әкелуі мүмкін, бұның салдарынан қорлар деңгейі қысқарып Компания құны құлдырайды.

ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Ұйымдастыру әлеуетін төмендету

Компанияның тиімді қызметіне әсер ететін елеулі факторлардың біреуі оның ұйымдастыру әлеуетін төмендету болып табылады, атап айтқанда ағымдағы және жаңа міндеттерді шешуде дағды мен қызметкерлер біліктілігінің жетіспеушілігі орын алады. Біліктілігі жоғары кадрлар бәсекелестік артықшылық және Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету негізі болып табылады. Компания жыл сайын тиісті біліктілікті кадрларды тарту проблемасымен қақтығысады. Бұл бәрінен бұрын еңбек нарығында қажетті санатты мамандардың тапшылығына орай қызметкерлер жалдау мүмкін еместігімен байланысты.

Осы тәуекелді төмендету үшін Компания бейтараптықты арттыруға, қызметкерлерді қызықтыру мен кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар шаралар әзірлейді. Бұдан басқа менеджменттің көшбасшылық құзыреттігін арттыру мен кадрлар резервін қалыптастыруға елеулі назар аударылады.

Алаяқтық және жемқорлық

Ресурстарды компанияның мүдделеріне қайшы жарату, Компанияға жеке пайда табу мақсатында зиян келтіру, жемқорлықтың кез келген факторлары Компанияның қаржы зияны көлеміне қарамастан, оның қызметінде тіпті қолданылмайтын болып табылады.

Компания заңсыз әрекеттер мен Компанияның беделіне нұқсан келтіретін әрекеттердің алдын алу үшін барлық шараларды қабылдайды. Компания «Жемқорлықпен күрес туралы» ҚР заңының, сондай-ақ 2011 жылы шілдеде қолданысқа кірген «Парақорлық туралы» Ұлыбритания заңының (UK Bribery Act 2010) субъектісі болып табылады және жоғарыда аталған заңдарға қатаң сәйкестікте өзінің ішкі саясатын құрайды.

БІРІКТІРІЛГЕН ҚАРЖЫ ЕСЕБІ

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН БАСШЫСЫНА

Біздер ««ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) мен оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған біріктірілген қаржы есебіне аудит өткіздік, ол 2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы біріктірілген есептен, жиынтық табыс туралы біріктірілген есептен, капиталдағы өзгерістер туралы біріктірілген есептен және көрсетілген күні аяқталған жыл ішінде ақша қаражатының қозғалысы туралы біріктірілген есептен, сондай-ақ есептік саясаттың елеулі аспектілері туралы ақпараттан және басқа да түсіндірме ақпараттан тұрады.

Біріктірілген қаржы есебіне қатысты басшылар жауапкершілігі

Басшылық осы біріктірілген қаржы есебін халықаралық қаржы есебі стандарттарына сәйкес дайындалуы мен нақты берілуіне, сондай-ақ басшылық пікірі бойынша бұрыс әрекет немесе қателік салдарынан елеулі бұзушылықтары жоқ біріктірілген қаржы есебін дайындауды қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі бақылау процедураларына жауапты болады.

Аудиторлар жауаптылығы

Біздің міндетіміз өткізген аудит негізінде осы біріктірілген қаржы есебі туралы өз пікірімізді көрсету. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудит өткіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауымызды, қоса беріліп отырған біріктірілген қаржы есебінің елеулі бұзылуының жоқтығына жеткілікті сенім алу үшін тиісті үлгіде аудитті жоспарлап өткізуімізді талап етеді.

Аудит біріктірілген қаржы есебінде берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедураларды орындауды қамтиды. Процедураларды

таңдау бұрыс әрекет немесе қателіктер салдарынан біріктірілген қаржы есебінің елеулі бүліну тәуекелін бағалауды қоса аудитор пікіріне негізделеді. Осы тәуекелді бағалау кезінде аудитор компанияны ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажетті аудит процедураларын анықтау үшін біріктірілген қаржы есебін дайындау және нақты беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін қарастырады. Аудит сондай-ақ пайдаланылған есептік саясаттың орындылығына және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, сонымен бірге біріктірілген қаржы есебінің жалпы берілуіне бағалауды қамтиды.

Біз аудиторлық дәлел біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп санаймыз.

Қорытынды

Біздің пікіріміз бойынша біріктірілген қаржы есебі барлық елеулі аспектілерде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының 2011 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайын, сондай-ақ халықаралық қаржы есебі стандарттарына сәйкес көрсетілген күні аяқталған жыл ішінде ақша қаражаттарының қозғалысы мен олардың қаржы нәтижелерін шынайы көрсетеді.

Пол Кон
Аудит бойынша серіктес

Евгений Жемалетдинов
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС
Бас директоры

2012 жылғы 13 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП

Мың теңгеде

	31 желтоқсанға		
	Еск.	2011	2010
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі қаражаттар	6	338 860 081	297 508 553
Материалдық емес активтер	7	26 638 032	15 185 859
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	9	116 526 247	96 737 910
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	10	133 228 381	139 952 442
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық қарыз	9	18 138 239	19 153 089
Бірлескен кәсіпорыннан алынатын қарыз		8 494 019	–
Өзге де қаржы активтері	8	188 802 605	221 825 818
Шегерілген салық бойынша актив	21	9 450 148	8 408 967
Өзге активтер		19 591 820	13 858 297
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		859 729 572	812 630 935
Ағымдағы активтер			
Тауарлық-материалдық қорлар	11	22 651 421	18 779 936
Көтерме салық бойынша алдын ала төлеу		9 970 659	5 945 507
Салықтар және өтеуге ҚҚС бойынша алдын ала төлеу		22 737 975	20 583 791
Келешек кезеңдер шығындары		12 055 210	27 815 083
Сауда және өзге дебиторлық қарыз	8	84 125 802	65 529 767
Бірлескен бақыланатын кәсіпорыннан дебиторлық қарыз	9	1 361 055	1 203 834
Өзге қаржы активтері	8	321 889 708	377 800 956
Ақша қаражаты және олардың баламалары	8	206 511 923	98 519 680
Ағымдағы активтер жиыны		681 303 753	616 178 554
Активтер жиыны		1 541 033 325	1 428 809 489
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	12	198 451 861	214 081 197
Өзге резервтер		2 123 886	1 739 901
Таратылмаған табыс		1 083 749 222	931 455 065
Капиталдың өзге құрам бірліктері		14 354 200	12 376 574
Капитал жиыны		1 298 679 169	1 159 652 737
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	33 033 898	62 286 045
Шегерілген салық міндеттемесі	21	2 049 181	1 829 852
Резервтер	15	37 845 571	35 625 247
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		72 928 650	99 741 144
Ағымдағы міндеттеме			
Қарыздар	14	54 931 227	60 194 818
Пайдалы қазбалар игеруге арналған салық және төлеуге түсім салығы		50 908 398	46 054 359
Сауда және өзге кредиторлық қарыз		48 680 153	47 304 799
Резервтер	15	14 905 728	15 861 632
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		169 425 506	169 415 608
Міндеттемелер жиыны		242 354 156	269 156 752
Міндеттемелер мен капитал жиыны		1 541 033 325	1 428 809 489

58-96-беттерінде ескертпелер осы біріктірілген қаржы есебінің бөлінбес бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
	Еск.	2011	2010
Табыстар	16	721 194 169	609 242 398
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар нәтижелерінде үлес	9, 10	84 276 312	56 641 838
Қаржылық табыс	20	28 843 487	38 039 785
Өзге табыс	10	-	21 471 195
Табыс жиыны және өзге табыстар		834 313 968	725 395 216
Өндірістік шығындар	17	(117 465 026)	(110 747 524)
Сату шығындары мен әкімшілік шығындар	18	(100 173 285)	(92 276 532)
Барлау шығындары		(5 985 224)	(2 072 263)
Тозу, ескіру және амортизация	6, 7	(45 494 136)	(35 486 128)
Табыс салығынан басқа салықтар	19	(284 027 851)	(179 709 999)
Негізгі қаражат шығуынан шығын		(4 043 980)	(2 200 613)
Қаржыландыру шығындары	20	(7 222 511)	(7 495 555)
Бағамдық айырмашылықтан табыс / (шығындар)		2 690 153	(3 459 449)
Салық салғанға дейінгі табыс		272 592 108	291 947 153
Табыс салығы бойынша шығындар	21	(63 661 222)	(57 445 263)
Жыл ішінде табыс		208 930 886	234 501 890
Шетел операцияларын қайта есептеуден бағамдық айырмашылық		1 977 626	(560 821)
Жыл ішінде салықтарды шегеріп өзге жиынтық табыс / (шығын)		1 977 626	(560 821)
Салықты шегерумен жыл ішінде жиынтық табыс жиыны		210 908 512	233 941 069
АКЦИЯҒА ТАБЫС			
Негізгі және ажыратылған	13	2,95	3,23

58-96-беттерінде ескертпелер осы біріктірілген қаржы есебінің бөлінбес бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
	Еск.	2011	2010
Операциялық қызметтен ақша ағындары			
Салық салғанға дейінгі табыс		272 592 108	291 947 153
Ақшалай емес баптарды қосу / (шегеруге) арналған түзетулер			
Тозу, азаю және амортизация	6, 7	45 494 136	35 486 128
Өзге табыс	10	–	(21 471 195)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорын нәтижелерінде үлес	9, 10	(84 276 312)	(56 641 838)
Негізгі қаражат шығуынан шығын		4 043 980	2 200 613
Негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің құнсыздануы	6, 7	2 438 923	16 194
Өнімсіз барлау ұңғымалары бойынша шығындар	7	2 586 223	1 103 615
Опциялық бағдарлама бойынша шығындарды тану		407 779	309 987
Үлестік құралдарды алу		(23 794)	(49 809)
Операциядан тыс қызметтен алынған бағамдық айырмашылықтан іске асырылмаған табыс		(2 306 422)	(73 832)
Өзге ақшалай емес табыстар мен шығындар		5 869 493	916 338
Плюс қаржыландыру шығындары	20	7 222 511	7 495 555
Минус инвестициялық қызметке жатқызылатын қаржы табысы	20	(28 843 487)	(38 039 785)
Айналым капиталды түзету			
Өзге активтерде өзгеріс		(817 081)	630 450
Тауарлық-материалдық қорларда өзгерістер		(4 821 587)	(3 463 525)
Өтеуге салықтар мен ҚҚС бойынша алдын ала төлемнің өзгеруі		(2 104 701)	(11 312 224)
Келешек кезең шығындарында өзгеріс		15 839 095	(6 351 679)
Сауда және өзге дебиторлық қарызда өзгеріс		(18 486 630)	(18 377 144)
Сауда және өзге кредиторлық қарызда өзгеріс		(3 600 176)	10 918 152
Пайдалы қазбаларды игеруге салықта және төлеуге арналған түсім салығында өзгеріс		4 854 039	9 877 060
Резервтерде өзгеріс		6 343 762	3 500 215
Төленген табыс салығы		(74 201 433)	(92 926 111)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		148 210 426	115 694 318

58-96-беттерінде ескертпелер осы біріктірілген қаржы есебінің бөлінбес бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП ЖАЛҒАСЫ

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
	Еск.	2011	2010
Инвестициялық қызметтен алынған ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(92 759 829)	(86 679 884)
Негізгі қаражатты сатудан түсімдер		753 447	139 497
Материалдық емес активтерді сатып алу		(12 217 536)	(1 572 033)
Бірлескен кәсіпорында үлесті сатып алу	9	(23 906 835)	–
Бірлескен кәсіпорынға берілген қарыздар	9	(1 923 356)	–
Бірлескен кәсіпорыннан және Қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	9, 10	89 794 595	94 458 518
ҚМГ ҰК қарыз құралықұралдарына инвестицияларды сатып алу		–	(221 543 183)
ҚМГ ҰК қарыз құралықұралдарына инвестициялардан алынған сыйақы		13 005 528	7 691 113
Өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтерін сату		56 836 304	146 680 715
Байланысты тараптың қарызды өтеуі		3 939 718	3 959 137
Алынған ақша қаражатын шегерумен еншілес кәсіпорынды сатып алу	5	(8 799 170)	(8 614 935)
Алынған сыйақы		9 602 749	33 988 614
Инвестициялық қызметтен алынған / (пайдаланылған) таза ақша ағындары		34 325 615	(31 492 441)
Қаржы қызметінен ақша ағындары			
Меншікті акцияларды сатып алу	12	(15 762 657)	(24 531 975)
Қарызды өтеу		(35 219 073)	(14 614 702)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер		(19 287 040)	(48 235 969)
Төленген сыйақы		(4 665 302)	(5 852 024)
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары		(74 934 072)	(93 234 670)
Ақша қаражаты мен олардың баламаларын таза өзгерту		107 601 969	(9 032 793)
Жыл басына ақша қаражаты және олардың баламалары	8	98 519 680	107 626 368
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша оң / (теріс) бағамдық айырмашылық		390 274	(73 895)
Жыл соңына ақша қаражаты мен олардың баламалары	8	206 511 923	98 519 680

58-96-беттерінде ескертпелер осы біріктірілген қаржы есебінің бөлінбес бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДА ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП

Мың теңгеде

	Жарғылық капитал	Сатып алынған меншікті акциялар	Өзге резервтер	Таратылмаған табыс	Валютаны қайта есептеу бойынша резерв	Капитал жиыны
2010 жылғы 1 қаңтарға	263 094 581	(24 547 667)	1 474 089	747 820 751	12 937 395	1 000 779 149
Жыл ішінде табыс	-	-	-	234 501 890	-	234 501 890
Өзге жиынтық шығын	-	-	-	-	(560 821)	(560 821)
Жиынтық табыс жиыны	-	-	-	234 501 890	(560 821)	233 941 069
Акцияларға негізделген төлемдерді тану	-	-	309 987	-	-	309 987
Үлестік құралдар құралдары алу	-	-	(49 809)	-	-	(49 809)
Жұмыскерлер опциондарын орындау (12 ескертпе)	-	66 258	5 634	-	-	71 892
Меншікті акцияларды сатып алу (12 ескертпе)	-	(24 531 975)	-	-	-	(24 531 975)
Дивидендтер (12 ескертпе)	-	-	-	(50 867 576)	-	(50 867 576)
2010 жылғы 31 желтоқсанға	263 094 581	(49 013 384)	1 739 901	931 455 065	12 376 574	1 159 652 737
Жыл ішінде табыс	-	-	-	208 930 886	-	208 930 886
Өзге жиынтық табыс	-	-	-	-	1 977 626	1 977 626
Жиынтық табыс жиыны	-	-	-	208 930 886	1 977 626	210 908 512
Акцияларға негізделген төлемдерді тану	-	-	407 779	-	-	407 779
Үлестік құралдарды алу	-	-	(23 794)	-	-	(23 794)
Жұмыскерлер опциондарын орындау (12 ескертпе)	-	133 321	-	-	-	133 321
Меншікті акцияларды сатып алу (12 ескертпе)	-	(15 762 657)	-	-	-	(15 762 657)
Дивидендтер (12 ескертпе)	-	-	-	(56 636 729)	-	(56 636 729)
2011 жылғы 31 желтоқсанға	263 094 581	(64 642 720)	2 123 886	1 083 749 222	14 354 200	1 298 679 169

58-96-беттерінде ескертпелер осы біріктірілген қаржы есебінің бөлінбес бөлігі болып табылады.

БІРІКТІРІЛГЕН ҚАРЖЫ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Егер өзгесі көрсетілмесе мың теңгеде

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру («Компания») акционерлік қоғамы көмірсутекті шикізатты сатып алумен, барлау, қазу, игеру, қайта өңдеу және экспорттаумен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі батыс Қазақстанның Каспий маңы және маңғыстау бассейндерінде жүзеге асырылады. Компанияның негізгі тіке акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ» ҰК) немесе «Бас компания») болып табылады, олар Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің мемлекеттік мүдделерін білдіреді және 2001 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша айналымда болатын Компания акцияларының 61,3% иеленеді (2010 жылы: 60,5%). Бас компания «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) толығымен тиесілі, ол өз кезегінде Қазақстан Республикасы Үкіметіне («Үкімет») толығымен тиесілі.

Компания өзінің негізгі қызметін «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік бөлімшелері арқылы жүзеге асырады. Бұдан басқа Компанияда еншілес ұйымдары бар, бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда, мұнай-газ саласында Қауымдасқан компанияларда және негізгі қызметінде Компания қатысудың бақыланатын және бақыланбайтын үлестеріне ие іс-әрекетті жүзеге асырумен байланысы жоқ өзге кәсіпорындарда үлестерге ие. Осы біріктірілген қаржы есебі жоғарыда аталған барлық инвестициялардың шаруашылық қызмет операцияларының нәтижелерін және қаржы жағдайын көрсетеді.

2. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы біріктірілген қаржы есебін дайындау кезінде қолданылған есептік саясаттың негізгі аспектілері төменде келтірілген. Осы есептік саясат, егер өзгесі көрсетілмесе, барлық берілген кезеңдер үшін жүйелі қолданылды.

2.1 ҚАРЖЫ ЕСЕБІН ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Осы біріктірілген қаржы есебі Халықаралық қаржы есебінің стандарттарына сәйкес дайындалды («ХҚЕС»). Біріктірілген қаржы есебі қаржы құралдарынан басқа бастапқы құны бойынша есепке алу қағидасынан шығып дайындалды. Осы біріктірілген қаржы есебі теңгеде берілген және барлық мәндер егер өзгесі көрсетілмесе, мыңға дейін дөңгелектелген.

Біріктірілген қаржы есебін ХҚЕС сәйкес дайындау елеулі есептік бағалауларды қолдануды талап етеді, сондай-ақ есептік саясатты қолдану барысында қателіктер бойынша пікір білдіруді басшылықтан талап етеді. Өзіне күрделіктің жоғары деңгейін немесе рұқсат етілімдерді қолдануды қамтитын қолдану салалары, сондай-ақ оларда бағалаулар мен рұқсат етілімдерді қолдану салалары біріктірілген қаржы есебі үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеден ашылған.

Бухгалтерлік есептің қабылданған стандарттары мен түсініктемелері

Жыл ішінде Компания мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС стандарттары мен Халықаралық қаржы есебінің стандарттарын түсіндіру бойынша комитет түсініктемелерін

(«ХҚЕСТК») қабылдады, қайта қаралған стандарттар мен түсініктемелерді қабылдау Компанияның қаржы нәтижелеріне немесе қалпына елеулі әсер еткен жоқ.

- МСБУ 24 «Байланысқан тараптар туралы ақпаратты ашу» - түзету;
- ХҚЕС жетілдіру (2010 жылғы мамыр).

Жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Келесі ХҚЕС, түсініктемелер мен ХҚЕС жетілдірулер 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін күшіне енген жоқ:

- ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»
- МСБУ 28 «Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» - түзету
- ХҚЕС 10 «Біріктірілген қаржы есебі»
- ХҚЕС 11 «Бірлескен қызмет туралы келісімдер»
- ХҚЕС 12 «Басқа компанияларда қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу»
- ХҚЕС 13 «Әділ құнын бағалау»
- МСБУ 19 «Қызметкерлерге сыйақы» - түзету
- МСБУ 1 «Өзге жиынтық табыс баптарын таныстыру» - түзету

Басшылық жоғарыда көрсетілген стандарттар мен түсініктемелер Компанияның шаруашылық қызметінің қаржы жағдайына және нәтижелеріне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

2.2 ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ БІРІКТІРІЛГЕН ЕСЕП БЕРУДЕ ӨЗГЕРІСТЕР

Компания өзіне табыстарды, Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар нәтижелерінде үлес пен қаржы табысын қосатын негізгі және өзге қызметтен алынатын табыстың аралық нәтижесін қосып жиынтық табыс туралы біріктірілген есепте табыстар мен шығындарды таныстыруды өзгертті. Салыстырмалы кезеңді таныстыру ағымдағы жыл таныстыруы негізінде балама өзгерістерге түсірілді.

2.3 БІРІГУ

Еншілес ұйымдар

Еншілес ұйымдар оларға қатысты Компанияда қаржылық және операциялық саясатын басқаруға өкілеттігі бар, әдетте дауыс құқығына ие акциялардың жартысынан астамын иеленуді білдіретін өкілеттігі бар компаниялар болып табылады. Қазіргі уақытта пайдаланыла алатын және конвертациялана алатын әлеуетті дауыс құқығының болуы мен әсері Компанияның басқа кәсіпорынды бақылауын бағалау кезінде есепке қабылданады. Еншілес ұйымдар Компанияға бақылау алған сәттен бастап біріктіріледі. Бірігу осындай кәсіпорынды бақылауды тоқтату сәтінен бастап тоқтайды.

Топішілік операциялар, сальдо және операциялар бойынша іске асырылмаған табыстар компаниялар арасында элиминирленеді. Іске асырылмаған шығындар элиминирленбейді, бірақ берілетін активтің құнсыздану нысаны ретінде қарастырылады. Еншілес ұйымдардың есептік саясаты Компанияның есептік саясатына сәйкеседі.

Қауымдасқан компанияларға инвестициялар және бірлескен кәсіпорындарға қатысу

Компанияның Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Қауымдасқан компания – оған Компания елеулі әсер ететін ұйым. Компания сондай-ақ бірлесіп бақыланатын болып табылатын және оларда қатысушылар кәсіпорынның экономикалық қызметіне бірлесіп бақылауды белгілейтін шарт келісімдеріне түскен бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлестеріне ие.

Инвестициялардың Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысу әдісіне сәйкес бастапқы құны бойынша қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, оған қоса Компанияға тиесілі бірлестірілген компанияның және бірлескен кәсіпорындардың таза активтерінің үлесінде сатып алудан кейін туындаған өзгерістер ескеріледі.

Компанияның қауымдасқан компанияларға инвестициялары өзіне дәлелденген қорлар негізінде лицензия құнына негізінен қатысты активтердің ағымдағы құны үстінен сатып алу құнын асуды білдіреді. Лицензиялар өндірістік әдісті пайдаланып ауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың дәлелденген қазылған қорлары негізінде амортизацияланады.

Бірлескен табыс туралы біріктірілген есеп әр қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорынның қызмет етуінің қаржылық нәтижелерінің үлесін қамтиды. Егер Қауымдасқан компания немесе бірлескен кәсіпорынның капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Компания осындай өзгерісте өзінің үлесін таниды және капиталда өзгерістер туралы есепте қолданылуына қарай осы факті ашады. Компания мен оның қауымдасқан компаниясы арасында операциялар бойынша туындайтын іске асырылмаған табыстар мен шығындар Компания қауымдасқан компанияда қатысу үлесіне ие болатын деңгейде алып тасталады.

Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар табыстарында үлес жиынтық табыс туралы біріктірілген есепте тікелей көрсетілген. Ол өзімен Қауымдасқан компания мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар акционерлеріне келетін табысты білдіреді және сондықтан салық салынуды есепке алу мен Қауымдасқан компаниялардың еншілес ұйымдарында бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейін табыс ретінде анықталады.

Қауымдасқан компаниялардың қаржы есебі Бас компанияның қаржы есебіне ұқсас есептік кезең ішінде құрылады. Қажет жағдайда оған Компанияның есептік саясатына сәйкес есептік саясатты келтіру мақсатында түзету енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Компания қауымдасқан компаниялар немесе бірлескен кәсіпорындарға Компанияның инвестициялар бойынша құнсыздануынан қосымша шығынды тану қажеттігін анықтайды. Әр есептік күнге Компания қауымдасқан компанияларға немесе

бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздануының объективті куәсінің болуын белгілейді. Бұндапй дәлелдер болған жағдайда Компания құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелетін құны мен ағымдағы құны арасындағы айырмашылық ретінде есептейді және осы соманы жиынтық табыс туралы есепте таниды.

Қауымдасқан компанияға елеулі әсерін жоғалтқан жағдайда Компания әділ құны бойынша қалған инвестицияларды бағалап таниды. Елеулі әсерін жоғалту сәтіне қауымдасқан компанияның баланстық құны мен шығудан алынатын түсімдер арасындағы айырмашылық табыс немесе шығын ретінде танылады.

Бірлескен бақылауды жоғалтқан жағдайда және бұрынғы бірлесіп бақыланатын кәсіпорын еншілес немесе қауымдасқан компания болып қалмайтыны жағдайда Компания әділ құны бойынша қалған инвестицияны бағалап таниды. Бірлескен бақылауды жоғалту сәтіне бірлесіп бақыланатын бұрынғы кәсіпорынның ағымдағы құны мен шығудан алынатын түсімдер арасындағы айырмашылық табыс немесе шығын ретінде танылады. Егер компания инвестиция нысанына елеулі әсерін сақтап қалса, қалған инвестициялар қауымдасқан компанияға инвестициялар ретінде есептеледі.

2.4 ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

Біріктірілген қаржы есебі Компанияның атқарымдық валютасы және қаржылық есебін беру валютасы болып табылатын Қазақстан теңгесінде («теңге») берілген. Әр еншілес ұйым, қауымдасқан компания және бірлескен кәсіпорын өзіндік атқарымдық валютасын анықтайды және әр ұйымның қаржы есебіне қосылған баптар осы атқарымдық валютада бағаланады. Шетел валютасындағы операциялар алдымен операция күніне қолданыстағы бағам бойынша атқарымдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында ақша активтері мен міндеттемелері есеп беру күніне қолданыстағы атқарымдық валютаның бағамы бойынша қайта саналады. Барлық бағамдық айырмашылықтар жиынтық табыс

туралы есепке қосылады. Шетел валютасында әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнын анықтау күніне қолданыстағы бағамдар бойынша қайта саналады.

Шетел қызметінің активтері мен міндеттемелері есептік күнге арналған айырбастау бағамы бойынша теңгеде қайта есептеледі, ал осындай компаниялардың жиынтық табысы туралы есеп баптары операция күніне арналған бағам бойынша қайта саналады. Осы қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар өзге жиынтық табыс немесе шығында танылады. Шетел компаниясы шыққан жағдайда нақты шетел компаниясына жатқызылатын валютаны қайта есептеу бойынша резервтің жинақталған сомасы табыс пен шығындарда танылады.

2.5 МҰНАЙ МЕН ТАБИҒИ ГАЗДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ИГЕРУ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

Барлауға лицензияны сатып алу шығындары

Барлауға лицензияны сатып алу шығындары материалдық емес активтерге капиталдандырылады және барлаудың болжанатын мерзімі бойына тіке желілі әдіс бойынша амортизацияланады. Әр нысан жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын растау затына қарастырылады. Егер нысан бойынша келешекте жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, лицензияны сатып алуға арналған шығындардың қалған сальдосы шегеріледі. Экономикалық негізделген алынатын қорларды байқаған жағдайда («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар»), амортизация тоқтатылады және қалған шығындар барлау бойынша шығындармен біріктіріледі және қорларды өзге материалдық емес активтер құрамында растағанға дейін кен орындары шегінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Қазуды ішкі бекіту және тиісті бақылаушы органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттарды алу сәтінде тиісті шығындар негізгі құралдарға ауыстырылады (мұнай-газ активтері).

Барлау шығындары

Геологиялық және геофизикалық шығындар осы шығындар жұмсалған сәтте шегеріледі. Барлау ұңғымаларына тікелей қатысты шығындар ұңғыманы бұрғылау аяқталғанға дейін және осындай бұрғылау нәтижелері бағаланғанға дейін материалдық емес активтер құрамында капиталдандырылады (барлау мен бағалау активтері). Мұндай шығындар өзіне еңбекақы, материалдар, жағар майлар мен электр энергиясын, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер көмірсутектері байқалмаса, барлау шығындары құрғақ ұңғыма шығындары ретінде шегеріледі. Көмірсутектері табылған жағдайда, коммерциялық қазу бағалау өткізгеннен кейін жеткілікті ықтималдық ретінде бағаланатын болады, ол өзіне басқа ұңғымаларды бұрғылауды (барлау немесе құрылымдық-іздістіру ұңғымалары) қамтуы мүмкін, не барлауға жинақталған шығындар активтер құрамында қалатын болады.

Осындай тектегі барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқару тексерулеріне жатады, кем дегенде жылына бір рет, қазуды жалғастыру туралы ниетті растау немесе байқаудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін қажет. Егер бұл енді болмаса, шығындар шегеріледі.

Мұнай мен газ қорлары дәлелденген кезде бұрғылауды жалғастыру туралы шешім қабылданған жағдайда тиісті шығындар негізгі қаражаттар құрамына (мұнай-газ активтері) аударылады.

Қазу шығындары

Платформа, құбыржолдары сияқты инфрақұрылым нысандарын салу, орнату және аяқтау мен қазылатын ұңғымаларды бұрғылау шығындары оларда жеткілікті көмірсутектерінің коммерциялық көлемі анықталмаған және кезең шығындарына құрғақ ұңғымалар ретінде есептен шығарылатын қазылған немесе контурланатын ұңғымаларға қатысты шығындардан басқа негізгі қаражаттар құрамында капиталдандырылады.

2.6 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдар жинақталған амортизация, тозу мен құнсыздануды шегеріп бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, активтерді жұмысшы қалыпқа келтіруге тікелей қатысты шығындардан және қажет жағдайда активті жою шығындарын бастапқы бағалаудан тұрады. Сатып алу немесе салу бағасы активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны мен жиынтық төленген құн болып табылады.

Мұнай газ активтері дәлелденген қазылған қорлар бойынша өндірістік әдісті пайдаланып амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындарының қызмет етуінің қалдық мерзімінен кем кейбір мұнай-газ активтері сәйкес негізгі құралдар тобының әрбірі үшін 24 жыл және 7 жыл пайдалы қызмет етуінің орташа мерзімі ішінде тіке желілік әдіспен амортизацияланады.

Пайдалы қызмет ету мерзімдері кен орындарының қызмет етуінің қалдық мерзімінен кем кейбір мұнай-газ активтері 4-тен 10 жылға дейін пайдалы қызмет мерзімі ішінде тіке желілік әдіспен амортизацияланады.

Өзге негізгі құралдар негізінен өзімен ғимарат, машиналар мен жабдықтарды білдіреді, олар сәйкес негізгі құралдар тобының әрбірі үшін 24 жыл және 7 жыл пайдалы қызмет етуінің орташа мерзімі ішінде тіке желілік әдіспен амортизацияланады негізгі құралдардың пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және қажет жағдайда мерзімдерде өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ағымдағы құн өтеле алмайтынын көрсететін жағдайларда қандай да бір оқиғалар немесе өзгерістер болатын жағдайда құнсыздану затына қайта қаралады.

Олар бойынша көмірсутектерінің коммерциялық көлемдерін игеру тоқтатылатын игеруші ұңғымаларды қоса негізгі құралдар нысандары шығу кезінде немесе активті пай-

даланудан келешек экономикалық табысты алу болжанбайтын жағдайда актив ретінде ескерілуі тоқтатылатын жойылу жоспарланады. Активті тануды тоқтатудан туындайтын кез келген табыс немесе шығын (нысанды сатудан және ағымдағы құнынан таза түсімдер арасында айырмашылық ретінде есептелетін) осы оқиға болған кезеңнің жиынтық табысы туралы есепке қосылады.

2.7 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Компания активтерді немесе актив топтарын оқиға немесе жағдайдағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтеле алмайтынын көрсететін жағдайда құнсыздану затына бағалайды. Жеке активтер басқа актив топтарымен жұмылдырылатын ақша ағындарынан негізінен тәуелсіз болатын сәйкестендірілетін ақша ағындары болатын ең төменгі деңгейде құнсыздануға бағалау мақсаттары үшін топтастырылады. Егер құнсызданудың осындай көрсеткіштері болған немесе құнсыздануға активтер тобын жыл сайын тестілеу талап етілетін жағдайда Компания активтің өтелетін құнын бағалауды жүзеге асырады. Активтер тобының өтелетін құны оны сатуға жұмсалатын шығындарды шегергеннен кейінгі әділ құннан және оны пайдалану құнынан үлкені болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асатын жағдайда, активтер тобы құнсыздануға жатады және оны өтелетін құнға дейін есептен шығару жүргізіледі. Пайдалану құнын бағалау кезінде болжанатын ақша ағындары активтер тобына тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдаланып ағымдағы құнына дисконтталады.

Әр есеп беру күніне бұрын құнсызданудан болған шығындар енді жоқ немесе кемігенін көрсететін қандай да бір индикаторлар болуына қатысты бағалау жүргізіледі. Егер мұндай индикаторлар болса, өтелетін құн бағаланады. Құнсыздану бойынша бұрын танылған шығын, егер құнсызданудан соңғы шығынды тану сәтінен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланған бағалауда өзгерістер болса, сторнирленеді.

Мұндай жағдайда активтің ағымдағы құны оны өтелетін құнына дейін ұлғаяды. Ұлғайтылған құн, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын танылмаса, тозу немесе амортизациялануды шегеріп анықталатын ағымдағы құннан аса алмайды. Мұндай сторнирлеу табыс немесе шығындарда танылады.

Сторнирлеу өткізуді жүргізгеннен кейін пайдалы қызмет ету кезеңінің қалған мерзімі ішінде жүйелі негізде қалдық құнын шегерімен активтің қайта қаралған ағымдағы құнын тарату үшін кейінгі кезеңдерде амортизациялау бойынша шығындар түзетіледі.

2.8 МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегерумен бастапқы құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтер барлау мен бағалауға арналған капиталдандырылған шығындарды және негізінен компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын өзге де материалдық емес активтерді қамтиды. Бизнесмен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алыну құны бойынша бағаланады. Бастапқы құн – активті сатып алу үшін беріліп жиынтық төленген сома мен кез келген сыйақының әділ құны. Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету құны 3-тен 7 жылға дейін пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тіке желілі әдіспен амортизацияланады.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиғалар немесе жағдайдағы өзгерістер ағымдағы құн өтеле алмастынын көрсететін жағдайда құнсыздануға талданады.

2.9 ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

МСБУ 39 шеңберінде қаржы активтері табыс немесе шығындар, өтелгенге дейін ұсталатын активтер, сату үшін қолда болатын қаржы активтері, қарыздар мен сауда және өзге де дебиторлық қарыздардың арналуынан шығып олар арқылы әділ құны бойынша есептелетін қаржы активтері ретінде жіктеледі. Қаржы активтерін бастапқы тану кезінде олар әділ құны бойынша бағаланады.

Егер инвестициялар табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері ретінде жіктелмейтін жағдайда, есепте көрсету кезінде олардың әділ құнына олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар қосылады.

Компания өз қаржы активтерін жіктеуді бастапқы тану кезінде анықтайды және рұқсат етілген және орынды жерде, осы жіктеуді әр қаржы жылының соңында қайта қарастырады.

Барлық стандартты сатып алулар мен қаржы активтерін сатулар мәмілені орындау күніне, яғни Компания өзіне активтерді сатып алу немесе сату міндеттемелерін қабылдаған кезде танылады. Стандартты сатып алулар немесе сатулар, бұл әдетте нормативті актілермен немесе рынокта қабылданған ережелермен белгіленетін кезең ішінде активтерді жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату.

Өтегенге дейін ұсталатын инвестициялар

Белгіленген немесе анықталған төлемдерімен және өтелудің белгіленген мерзімдерімен туынды емес қаржы активтері, егер Компания оларды өтеу мерзіміне дейін ұстауға ниетті және ұстай алатын жағдайда өтегенге дейін ұсталатын ретінде жіктеледі. Бастапқы танудан кейін өтегенге дейін ұсталатын инвестициялар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Сауда және өзге де дебиторлық қарыз

Сауда және өзге де дебиторлық қарыз белсенді рынокта айналмайтын белгіленген немесе анықталатын төлемдерімен туынды емес қаржы активтері болып табылады. Бастапқы бағалаудан кейін сауда және өзге дебиторлық қарыз құнсыздануға кез келген резервті шегерумен сыйақының тиімді пайыздық мөлшерлемесі әдісін пайдаланып амортизацияланатын құны бойынша ескеріледі.

Сатуға қолда бар қаржы активтері

Сатуға қолда бар қаржы активтері – осы санатқа арнайы жатқызылған немесе басқа санаттардың ешбіріне жатқызылмаған тиуынды емес қаржы активтері. Бастапқы танудан

кейін сатуға қолда бар қаржы активтері әділ құны бойынша бағаланады, ал сатылмаған табыс немесе шығын инвестицияларды тануды немесе құнсыздануды анықтағанға дейін жиынтық өзге табыс немесе шығында тікелей танылады. Осы сәтте жинақталған резерв табыста немесе шығында танылады.

Әділ құны

Ұйымдастырылған қаржы рыноктарында белсенді айналымдағы инвестициялардың әділ құны есеп беру күнінің жұмыс күні соңында рыноктың котировкалардан шығып анықталады. Рынокта котировкада емес инвестициялар үшін әділ құн бағалаудың түрлі әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелер комерциялық негізде жүргізілген ең соңғы мәмілелер бағасын пайдалануды; балама құралдардың ағымдағы нарықтық құнын пайдалануды, дисконтталған ақша ағындарын талдауды және бағалаудың өзге әдістерін қамтиды.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әр есептік күнге Компания қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануы болуын анықтайды.

Амортизацияланған құны бойынша есептелетін активтер

Егер амортизацияланатын құны бойынша есептелетін активтер бойынша құнсызданудан шығындарды пайда болғанын білдіретін объективті деректер болса, шығын сомасы активтің баланстық құны мен қаржы активі бойынша сыйақының (яғни бастапқы тану кезінде есептелген сыйақының тиімді мөлшерлемесі бойынша) бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған келешек болжанатын ақша ағындарының (әлі туындамаған келешек несие шығындарынан басқа) ағымдағы құны арасында айырмашылық ретінде бағаланады. Активтің ағымдағы құны резервті пайдалану есебінен төмендейді. Шығын сомасы табыс немесе шығында танылады.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса, және мұндай ажаю құнсыздану танылғаннан кейін болған

оқиғамен объективті байланыста болуы мүмкін болса, құнсызданудан болып бұрынырақта танылған шығын активтің ағымдағы құны қалпына келтіру күніне оның амортизацияланған құнынан аспайтын шекте сторнирленеді. Кез келген құнсызданудан болған кейінгі шығынды сторнирлеу табыста немесе шығында танылады.

Сауда дебиторлық қарыз бойынша, егер Компания шот-фактураның бастапқы шарттарына сәйкес оған тиесілі болатын барлық соманы алмайтынын объективті растау болса, құнсыздануға қатысты резерв құрылады (мысалы ықтимал төлей алмаушылық немесе дебитордың елеулі басқа қаржы қиындықтары). Дебиторлық қарыздың ағымдағы құны резерв шотын пайдалану арқылы кемиді. Құнсызданған қарыздар сенімсіз болп саналса, танылуы тоқтатылады.

Сатуға қолда бар қаржы инвестициялары

Егер сатуға қолда бар активтің құнсыздануы орын алса, оны сатып алуға жұмсалған шығындар (негізгі соманы және амортизацияны төлеуді шегергеннен кейін) және табыс немесе шығында бұрынырақта танылған құнсызданудан болған шығынды шегергеннен кейін оның ағымдағы әділ құны арасындағы айырмашылық капиталдан табысқа және шығынға ауыстырылады. Сату үшін арналған ретінде жіктелген үлестік құралдар бойынша құнсыздану астына бұрын танылған шығынды сторнирлеу табыс пен шығындарда танылмайды. Қарыз құралдары бойынша құнсызданудан шығындарды сторнирлеу, егер аспаптың әділ құнының ұлғаюы табыста немесе шығында құнсызданудан болған шығындарды танығаннан кейін болған оқиғамен объективті байланыса алатын болса, табыс немесе шығын арқылы жүзеге асырылады.

Қаржы активтерін тануды доғару

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бөлігі немесе балама қаржы активтері топтарының бөлігі) мына жағдайларда танылуы доғарылады, егер:

- Активтен ақша ағынын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталған;

- Компания өзіне активтен ақша ағынын алу құқығын сақтап қалған, бірақ өзіне оларды тарату туралы келісімге сәйкес үшінші тарапқа елеулі кедергісіз беру міндеттемесін алған, немесе
- Компания активтен ақша ағынын алуға арналған өз құқығын берді және немесе (а) активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды берді, не (б) берген жоқ, бірақ активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды сақтамайды, бірақ осы активке бақылауды берді.

2.10 ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Тауарлық-материалдық қорлар екі шаманың ең төменгісі бойынша есептеледі: өзіндік құны мен ФИФО әдісі бойынша сатылатын таза құны бойынша. Құны өзіне әрзатты орнына жеткізумен және оны ағымдағы жағдайға келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында жұмсалған барлық шығындарды қамтиды. Шикі мұнай құны тозу, біту мен амортизация және өндірудің орташа көлемі негізінде салынатын шығындардың сәйкес бөлігін қоса игерудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай сатудың таза құны сатумен байланысты шығындарды шегерумен сатудың ұсынылатын бағасына негізделеді. Материалдар мен қорлар әдеттегі қызмет барысында өтелетін болжанатын сомадан аспайтын құны бойынша ескеріледі.

2.11 ҚОСЫМША ҚҰНСАЛЫҒЫ («ҚҚС»)

Салық органдары таза негізде сату мен сатып алулар бойынша ҚҚС есептеу жүргізуге мүмкіндік береді. ҚҚС өтеуге қатысты өзімен ішкі рынокта сатулар бойынша ҚҚС шегерумен ішкі нарықта сатып алулар бойынша ҚҚС білдіреді. Экспортқа сату нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

2.12 АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАСЫ

Ақша қаражаты мен олардың баламасы өзіне кассадағы ақшаны, банк салымындағы қаражатты, үш айдан артық емес өтеудің бастапқы мерзімімен қысқа мерзімді өзге жоғары өтемді инвестицияларды қамтиды.

2.13 ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

Қарапайым акциялар мен олар бойынша дивидендтер эмитент қалауы бойынша төленетін өтелмейтін басымдықты акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптарға қызметтерді төлеуге арналған шығындар осы эмиссия нәтижесінде алынған капитал кемуді ретінде көрсетіледі.

Меншікті сатып алынған акциялар

Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компания акцияларын сатып алған жағдайда, көтерме салықты шегерумен мәміле жасағаны үшін тиісті шығындарды қоса оларды сатып алу құны оларды жойған сәтін немесе қайта шығарғанға дейін сатып алынған меншікті акциялар ретінде капиталдан шегеріледі. Компанияның меншікті үлестік құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жойған кезде қандай да бір табыс немесе шығын жиынтық табыс туралы есепте табылмайды. Осындай акцияларды кейінгі сату немесе қайта шығарған кезде алынған сома капитал құрамына қосылады. Сатып алынған меншікті акциялар орташа өлшенген құны бойынша ескеріледі.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және егер олар есеп беру күніне дейін мәлімделген жағдайда ғана есептік күнге арналған капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер ол есеп беру күніне дейін ұсынылса, сондай-ақ есеп беру күнінен кейін, бірақ қаржы есебі шығаруға бекітілген күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есепте ашылып көрсетіледі.

Акцияларға негізделген төлемдер бойынша операциялар

Компания жұмыскерлері (жоғары басшылықты қоса) акцияларға негізделген төлемдер түрінде сыйақы алады. Жұмыскерлер олар үшін үлестік құралдармен сыйақы алатын қызметтер көрсетеді (олар бойынша үлестік құралдармен жүзеге асырылатын мәмілелер, есептеулер).

Үлестік құралдарды шығару болатын жағдайларда және компания үлестік құралдар үшін сыйақы ретінде алған кейбір қызметтер сәйкестендіріле алмайды, бұл сәйкестендірілмейтін алынған (немесе алуға жататын) тауарлар немесе қызметтер акцияларға негізделген төлемдермен мәміленің әділ құны мен сыйақыны беру күніне алынған сәйкестендірілетін тауарлар немесе қызметтердің әділ құны арасында айырмашылық ретінде бағаланады. Әрі қарай осы сома тиісті үлгімен капиталдандырылады немесе шығындарға жатқызылады.

Олар бойынша есеп айырысу үлестік құралдармен жүзеге асырылатын қызметкерлермен мәмілелер құны, 2007 жылғы 1 шілдеден кейін берілген сыйақыларға қатысты оларды беру күніне арналған осы құралдардың әділ құнынан шығып бағаланады. Әділ құн Блэк – Шоулз – Мер-тон опциялық баға түзу үлгісін пайдаланумен анықталады.

Үлестік құралдар негізінде мәмілелер бойынша шығындар ол кезінде нақты мерзім қызметтерінің шарттары орындалатын кезең ішінде бірдей уақытта капиталда тиісті ұлғаюмен танылады. Осы мәмілелер бойынша жиынтық шығындар сыйақы ретінде берілетін үлестік құралдардың санына қатысты Компанияның ең үздік бағалауы негізінде өткен кезеңге пропорционал міндеттемелерді өтегенге дейін әр есептік күнге танылады.

Кезең ішінде жиынтық табыс туралы есепте шығын немесе табыс өзімен кезең басы мен соңына танылған жиынтық шығынның өзгеруін білдіреді. Үлестік құралдармен сыйақы бойынша құқығы қызметкерлерге қорытынды өтпесе, шығын танылмайды.

Егер үлестік құралдармен төленетін сыйақы жойылса, ол, оған деген құқық жою күніне өткен ретінде есептеледі. Бұл жағдайда сыйақыға қатысты танылмаған барлық шығындар бірден танылады. Бұл сондай-ақ оларға қатысты, егер компания немесе қызметкер осы шарттарға әсер ете алмаса, құқықтар берілуін қамтамасыз етпейтін сыйақыларға қатысты болады. Олар бойынша есептеулер үлестік құралдармен жүзеге асырылатын мәміле бойынша сыйақыларды жоюдың барлық шарттары бірдей ескеріледі.

Құқықтар алу арқылы сыйақыларды жойған жағдайда бұрын алдын ала танылған кез келген шығындар капитал арқылы сторнирленеді.

Орындалмаған опциондердің айыру әсері акцияға табыс көрсеткішін есептеу кезінде акцияны қосымша ажырату ретінде көрсетіледі.

2.14 САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗ

Сауда кредиторлық қарыз бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизациялау құны бойынша бағаланады.

2.15 РЕЗЕРВТЕР

Егер Компанияда өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттеме ие болса (заңды немесе практикадан шығатын), осы міндеттемені өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың кетуі ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасына сенімді бағалау алынуы керек жағдайда резервтер танылады. Егер Компания мысалы сақтандыру шарты бойынша барлық немесе бірнеше бөлікті резервтерді өтеу алуды болжаса, өтеу жеке актив ретінде танылады, бірақ бұл жағдайда өтеу алу күмәнге жатпайды. Резервке қатысты шығын өтемді шегерумен жиынтық табыс туралы есепте көрініс табады. Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер қажет жағдайда нақты міндеттемелер үшін тән тәуекелді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер дисконттау қолданылса, онда уақыт өте келе резерв ұлғаюы қаржыландыруға шығын ретінде танылады.

2.16 ҚАРЫЗДАР

Қарыздар бастапқыда мәміле бойынша шығындарды шегерумен әділ құны бойынша танылады. Одан кейінгі кезеңдерде қарыздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі; алынған құралдың (мәміле бойынша шығындарды шегерумен) әділ құны мен өтеуге берілетін сома арасындағы айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып қарыз берілген мерзім ішінде жиынтық табыс туралы есепте

көрсетіледі. Қарыздар, егер тек Компания есептік күннен кейін кемі 12 айға төлемді шегерудің сөзсіз құқығына ие болмаса, ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындар капиталдандырылады.

2.17 ШЕГЕРІЛГЕН ТАБЫС САЛЫҒЫ

Кешіктірілген салық бойынша активтер мен міндеттемелер міндеттемелердің баланстық әдісін пайдаланып барлық уақыттық айырмашылықтарға қатысты есептеледі. Шегерілген салықтар активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен компания бірігуі болып табылмайтын және оны жасау сәтінде бухгалтерлік табыс немесе салық табысы мен шығынына әсер етпейтін мәміле бойынша міндеттемелер, гудвилл, активті бастапқы тану нәтижесінде шегерілген табыс салығының туындауынан басқа қаржы есебінде олардың баланстық сомасы арасында барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша анықталады.

Шегерілген салық бойынша актив шегерілетін уақыттық айырмашылықтар сомасына азайтыла алатын салық салынатын табысты алудың елеулі ықтималдығы болатын деңгейде танылады. Шегерілген салық активтері мен міндеттемелер салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі, оларды қолдану активті сату немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде есеп беру күніне нақты заңдастырылған немесе қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері негізінде есептеледі. Шегерілген табыс салығы уақыт айырмашылықтарының азаю мерзімін бақылауға болатын және уақыт айырмашылықтары келешекте азаймайтынына ықтимал жағдайдан басқа кезе еншілес, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялармен байланысты барлық уақыт айырмашылықтары бойынша танылады.

2.18 ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР

Компания тиісті зейнетақы қорларына зейнетақы аударымдары ретінде жұмыскерлердің есептелген еңбекақысынан 10% ұстайды. Зейнетақы аударымдарының ең жоғары көлемі 2011 жылы айына 119 993 теңге сомасымен (2010 жылы айына 112 140 теңге).

Қолданыстағы қазақстандық заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өздерінің зейнетақылық қамтамасыз етілуіне өздері жауапты болады.

2.19 ТАБЫСТЫ ТАНУ

Компания шикі мұнайды қысқа мерзімді шарттар бойынша фрахт құнына, сақтандырулар мен сапаға жеңілдіктерге түзетілген «Platt's» бағамдаулары бойынша анықталатын бағалар бойынша сатады. Меншік құқығының өтуі және әдетте табыстар шикі мұнай кемеге жүктелген немесе кемеден түсірілген, құбыржолына түсірілген немесе келісімшарт бойынша келісілген талаптарға байланысты басқа жеткізу тетігімен жеткізілген кезде жүзеге асырылады.

Компанияның шикі мұнайды сатуға арналған келісімшарттарында нақты уақыт кезеңі ішінде жеткізілуі керек шикі мұнайдың ең жоғары саны көрсетіледі. Тиелген, бірақ әлі сатып алушыға жеткізілмеген шикі мұнай қаржылық жағдай туралы есепте тауарлық-материалдық қорлар ретінде есептеледі.

2.20 ТАБЫС САЛЫҒЫ

Үстеме табыс салығы («ҮТС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығындар бөлігін құрайды. 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Компания жер қойнауын пайдалануға арналған әр келісімшартқа сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған әр жеке келісімшарт бойынша жыл ішінде шегерімдерге жиынтық жылдық табыстың қатынасы негізінде айнымалы мөлшерлемелер бойынша ҮТС есептеп төлейді. Жиынтық жылдық табыстың ҮТС қолдануын бастайтын әр салық жылына шегерімдерге қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮТС мөлшерлемелері әр келісімшартқа қатысты шегерімдердің 25% астамын жер қойнауын пайдалануға арналған әр келісімшартқа қатысты салық салынатын табыс бөлігіне қолданылады (Корпоративтік табыс салығын және рұқсат етілген мөлшерлемелерді шегергеннен кейін салық салынатын табыс).

3. ЕЛЕУЛІ АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР

2001 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания ақша қаражаттарының қозғалысы туралы біріктірілген есептен төлемдер көзінде табыс салығын есептеуге қатысты ақшалай емес операцияға 1 497 343 мың теңге сомасында қаржы активтер бойынша алынуы тиіс сыйақылар есебіне шығарып тастады (2010 жылы: 4 066 490 мың теңге).

2011 жылғы 5 мамырда Компания 2011 жылғы 16 мамырға арналған жағдай бойынша айналыста болатын акцияға 800 теңге көлемінде дивидендтер тарату туралы жариялады (12-ескертпе). 2011 жылғы 20 мамырда ҚМГ ҰК қарыз құралдарын сатып алу шарттарының талаптарына сәйкес Компания 34 469 604 мың теңге сомасына Қарыз құралдарының бөлігіне қарсы Бас компанияның төленуіне жарияланған дивидендтерді есептеуді жүргізді (8-ескертпе) (қарыздың негізгі сомасы 33 335 278 мың теңге және пайыздар - 1 134 326 мың теңге).

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПІКІРЛЕР

Біріктірілген қаржы есебін ХҚЕС сәйкес дайындау басшылықтан есепте көрініс тапқан активтерге, міндеттемелер мен шартты активтерге әсер ететін бағалаулар мен рұқсат етілімдерді және біріктірілген қаржы есебін дайындау күніне арналған міндеттемелерді, сондай-ақ есепте көрінген активтерді, міндеттемелер, табыстар, шығындар мен шартты активтер және есептік кезең ішінде міндеттемелерді пайдалануды талап етеді. Барынша елеулі бағалаулар төменде келтірілген:

Мұнай мен газ қорлары

Мұнай мен газ қорлары Компанияның тозу, аяқталу және амортизациялану бойынша есептеулерінде елеулі факторы болып табылады. Компания өзінің мұнай мен газ қорларын мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесіне сәйкес бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Компания ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларын пайдалануға тән тұрақсыздық әсерін көшіреді. Басшылық өзі өнімді шығару мен сатуды жоспарлау және инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін пайдаланатын ұзақ мерзімді жоспарлы бағалау бойынша рұқсат етілімдер игеру бойынша қызметтің ұзақ мерзімді сипатына барынша сәйкеседі және мұнай мен газ қорларын бағалау үшін барынша тиісті негізді білдіреді деп санайды.

Қорларды барлық бағалаулар белгісіздіктің кейбір деңгейін білдіреді. Белгісіздік негізінен осындай деректерді бағалау мен түсіндіру сәтінде қол жеткізімді сенімді геологиялық және инженерлік деректер көлеміне байланысты болады.

Белгісіздіктің салыстырмалы деңгейі дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар атты екі негізгі санаттардың біреуіне қорларды жатқызу арқылы көрсетіле алады. Дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда дәлелденген қорларды алуда үлкен нақтылық бар және дәлелденген қорлар оларды алу мүмкіндігіне қатысты прогрессивті өсетін белгісіздіктерді белгілеу үшін қазылған және қазылмаған қорларға бөліне алады. Жыл сайын бағалаулар талданып түзетіледі. Түзетулер бар геологиялық деректерді, кәсіпшілік параметрлерді немесе игеру туралы деректерді бағалау немесе қайта бағалау салдарынан, жаңа деректердің болуынан немесе бағалар бойынша рұқсат етілімдерде өзгерістер салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ қыртыс берілуін арттыру, өнімділігінде өзгерістерді немесе қазу стратегиясын өзгертуді үшін жобалар әрекеті салдарынан қайта қарала алады. Дәлелденген қазылған қорлар тозу, біту және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыстар көлеміне пропорционал амортизациялану мөлшерлемелерін есептеу үшін

пайдаланылады. Компания дәлелденген қорларға бастапқы лицензиялық кезең ішінде игеріледі деп күтілетін көлемдерді ғана қосты. Бұл ұзарту бойынша процедура нәтижесіне қатысты белгісіздікпен туындайды, себебі лицензияны ұзарту қорытынды есепте үкімет қалауы бойынша жүзеге асырылады. Компанияның лицензиялық кезеңде ұлғаюы мен қорлардың көрсетілген көлемдерде тиісті ұлғаюы әдетте тозу бойынша барынша төмен шығындарға келтіріледі және табыстарға елеулі әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорларда төмендеу тозуға, біту мен амортизацияға арналған шегерімдердің ұлғаюына (игерудің тұрақты деңгейі жағдайда), табыс төмендеуіне және сондай-ақ мүліктің баланстық құнының тіке төмендеуіне әкелуі мүмкін. Пайдаланылатын кен орындарының салыстырмалы шағын саны жағдайда алдағы жылмен салыстырғанда қорларды бағалаудағы кез келген өзгерістер тозу, біту және амортизацияға арналған шегерімдерге елеулі әсер етуі мүмкін.

Мұнай-газ активтерінің өтелуі

Әр есептік кезеңде Компания әр активті немесе ақша қаражаттарын жинақтайтын активтер тобын («жинақтаушы бірлік») құнсыздану индикаторларының болуын анықтау үшін бағалайды. Егер осындай индикатор болса, әділ құнының мәнінен ең жоғарғысы минус сатуға арналған шығындар мен пайдаланудан алынатын құндылықтар ретінде анықталатын өтелетін соманың тиісті бағалауы жүргізіледі. Осы есептеулер мұнайға арналған ұзақ мерзімді бағалар (ағымдағы және тарихи бағаларды, бағалар қозғалысындағы дәстүрлер мен ілеспе факторларды есепке алып), дисконт мөлшерлемелері, операциялық шығындар, капиталды келешек қажетсіну, пайдаланудан шығаруға арналған шығындар мен пайдалану сипаттамалары, резервтер мен операциялық қызмет (игеру мен сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен рұқсат етілімдерді пайдалануды талап етеді. Осы бағалаулар мен рұқсат етілімдер тәуекелдер мен белгісіздікте түсіріледі. Осы үлгімен жағдайда өзгерістер осы болжалдарға әсер ететініне ықтималдық болады, бұл активтердің және/немесе жинақтаушы бірліктің өтелетін құнына әсер ете алады.

Әділ құн хабардар және осындай мәмілені жасауға дайын тараптар арасында мәмілеге нарықтық жағдайда активті сатудан алынуы мүмкін сома ретінде анықталады. Мұнай-газ активтерінің әділ құны әдетте жалғасатын активтерді пайдаланудан туындайтын келешек есептелген ақша ағындарының ағымдағы құны ретінде анықталады, ол келешекте кеңею жоспарларының құны мен әлеуетті шығу, нарықтың тәуелсіз қатысушысы есепке қабылдай алатын рұқсат етілімдерді пайдалану сияқты бағалауларды қамтиды. Келешек ақша ағындары дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады, ол ақшаның уақытша құнына ағымдағы нарықтық баға мен активке тиесілі тәуекелдерді көрсетеді. Басшылық өзінің жинақтаушы бірліктерін өндірістік жеке бөлімшелер ретінде анықтады, бұл ең төменгі деңгей болып табылады, ол үшін ақша түсімдері көп жағдайда басқа активтердің ақша түсімдерінен тәуелсіз болады.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Жеке келісімшарттар талаптары бойынша, заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Компания негізгі құралдарды қайта бұзу мен жою және әр кен орындарында жер телімдерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелерге жауапты. Атап айтқанда Компания міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбыржолдарын, ұймараттарды қайта бұзу мен келісімшарт аумағын қайта құнарландыру сияқты іс-әрекетті қорытынды тоқтату бойынша іс-әрекеттер жатқызылады. Лицензиялардың әрекет ету мерзімдері Компания қалауы бойынша ұзартыла алмайтындықтан, қорытынды жабылу бойынша міндеттемелерді өтеудің есептелген мерзімі әр лицензиялық кезеңді аяқтау күні болып табылады. Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын пайдалануды экономикалық негіздеп аяқтау біткеннен кейін өтелуі керек болса, онда көрсетілген міндеттемелер ұңғымаларды жою бойынша барлық шығындарды мен жабу бойынша қорытынды

шығындарды қосу салдарынан елеулі өсетін болады. Компанияның ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша міндеттемелері мен қорытынды жабу бойынша шығындар көлемі тиісті келісімшарттардың талаптарына және қолданыстағы заңнамаға тәуелді болады. Міндеттемелер не келісімшарт, не заңнама лицензиялық кезең соңында қорытынды жою мен қорытынды жабу бойынша анықталған міндеттемелерді білдірмейді. Осындай шешімді қабылдау кейбір белгісіздікпен және елеулі пікірлермен ілеседі. Басшылықтың осындай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағалаулары Үкімет саясаты мен практикасында немесе жергілікті салалық практикада өзгерістермен бірге өзгере алады. Компания активтердің шығуы бойынша міндеттемелерді әр келісімшарт бойынша жеке есептейді. Міндеттемелер сомасы бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады, олар әдетте қазақстан рыногына тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикалық елдердің мемлекеттік қарызы бойынша орташа тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерді пайдаланып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін қажет етіледі деп күтіледі. Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер әр есептік күнге қайта қаралады және 1-өзгерістің түсіндірмесіне сәйкес пайдаланудан негізгі қаражат нысанын шығару, олар басқан келіміде табиғи ресурстарды қалпына келтіру міндеттемелерінде және басқа балама міндеттемелерде ең жақсы бағалауды көрсету үшін түзетіледі.

Жабуға арналған келешек шығындарды бағалау кезінде басшылық жасаған елеулі бағалаулар мен пікірлер пайдаланылды. Осы міндеттемелердің көпшілігі алыс келешекке қатысты және заңнамалар талаптарында түсініксіздіктерден басқа, Компания бағалауларына активтерді жою технологияларында, шығындар мен салалық тәжірибеде өзгерістер әсер етуі мүмкін. Шамамен 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына арналған резервтің 13,84% бен 13,93% кен орындарында инфрақұрылым нысандарын қорытынды жою бойынша шығындарға жатқызылады. Компания ағымдағы жыл

бағаларын және құнсызданудың ұзақ мерзімді деңгейінің орташа мәнін пайдаланып ұңғымаларды келешек жою құнын бағалайды.

2011 жылдың 31 желтоқсанына арналған міндеттемелердің баланстық құнын анықтау үшін пайдаланылған ұзақ мерзімді құнсыздану мен дисконттау мөлшерлемелері сәйкес 5,0% және 7,9% құрады (2010 жылы 5,0% и 7,9%). Активтердің шығуы бойынша міндеттемелерде өзгерістер 15-ескертпеде ашылған.

Экологиялық оңалту

Компания сондай-ақ экологиялық оңалтуға арналған резервтерді қалыптастыру кезінде бағалаулар жасап, пікірлер қолданады. Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар капиталдандырылады немесе олардың келешек экономикалық пайдасына қарай шығындарға жатқызылады. Өткен қызметпен туындаған және келешек экономикалық табысқа ие емес елеулі жағдайға қатысты шығындар жұмсалуларға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпаратқа және қайта құнарландыру бойынша болжанатын жоспарларға негізделіп анықталады және егер процедуралар мерзімдері тиісті реттеу органдарымен келісілмесе, дисконтталмаған негізде есептеледі. Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві өзімен Компания қолданыстағы қазақстандық нормативтік база талаптарын сақтауы үшін қажетті болжанатын шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың ең жоғары бағалауларын білдіреді. Міндеттеме дисконтталған жоқ, себебі осы біріктірілген қаржы есебін шығару күніне қайта құнарландыру бойынша жоспар көлемі мен мерзімдері ресми түрде үкіметпен келісілген жоқ, тек Компанияның жылдық бюджетінде көрсетілген бөлігі ғана келісілді. Міндеттемелерді орындау мерзімі белгіленбегендіктен Компания осы міндеттемені 2012 жылдың жылдық бюджетіне енгізілген шығындар бөлігінен басқасы ұзақ мерзімді ретінде жіктеді.

Экологиялық оңалту бойынша резервтерге қатысты нақты шығындар заңнама мен нормативтік-құқықтық актілерде, қоғам күтулерінде өзгерістердің, аумақтың мазутталу жағдайын байқау және талдау және тазарту технологияларында өзгерістер салдарынан бағалаудан ерекшеленуі мүмкін.

Экологиялық оңалтуға қатысты қосымша белгісіздіктер 25 ескертпеде ашылған. Экологиялық оңалуға арналған міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 15-ескертпеде ашылған.

5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

2011 жылғы 23 желтоқсанда Компания «Карповский Северный» («КС») АҚ 100%-дық үлесін сатып алды. КС Батыс Қазақстан облысында орналасқан Карповский Северный газ конденсаты кен орнын барлауға арналған лицензиясы бар мұнай газ компаниясы болып табылады. КС үлесі 8 485 846 мың теңге көлемінде ақша сыйақысына сатып алынды. Компания 8 076 432 мың теңге төледі және 409 414 мың теңге сомасына кредиторлық қарызды таныды. Барлауға арналған лицензия 2011 жыл соңына анықталған шарт-

Салық салу

Шегерілген салық Корпоративтік табыс салығы («ҰТС») және ҰТС қатысты есептеледі. Шегерілген ҰТС пен ҰТС болжанатын мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға байланыстырылған міндеттемелер мен активтерде уақытша айырмашылықтарға есептеледі. Шегерілген ҰТС пен ҰТС базалары жоғарыда аталған жаңа салық кодексінде аталған және 21 ескертпеде ашылған салық заңнамасының шарттары бойынша есептеледі.

тарды орындағаннан кейін 2012 жылғы желтоқсаннан 2014 жылғы желтоқсанға дейін ұзартылды.

2011 жылғы 23 желтоқсанға арналған сәйкестендірілетін таза активтердің әділ құнына арналған сатып алу құнын тарату негізінде КС активтері мен міндеттемелері және 2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған сатып алар алдындағы тікелей ағымдағы құны мына үлгіде берілген:

	2011 жылғы 23 желтоқсанға арналған баланстық құн	2011 жылғы 23 желтоқсанға арналған әділ құн	2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған активтер мен міндеттемелер
Ақша қаражаты	16	16	16
Ағымдағы активтер	373	5 508	5 508
Ұзақ мерзімді активтер	3 207 065	10 100 570	10 027 617
	3 207 454	10 106 094	10 033 141
Ағымдағы міндеттемелер	240 520	240 520	240 520
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	1 379 728	1 369 712
	240 520	1 620 248	1 610 232
Таза активтер	2 966 934	8 485 846	8 422 909

Ұзақ мерзімді активтердің әділ құны 6 898 641 мың теңге көлемінде КС барлауға арналған лицензияны және 3 150 617 мың теңге көлемінде барлау мен бағалау бойынша өзге активтерді қамтиды.

Сатып алған сәттен бастап жыл соңына дейінгі кезең ішінде КС қызметінің нәтижелері Компанияның біріктірілген қаржы есебіне қосылды және 62 937 мың теңге көлемде шығынды құрайды.

6. НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТ

	Мұнай-газ активтері	Өзге активтер	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Жиыны
2010				
2010 жылғы 1 қаңтарға арналған жағдай бойынша қалдық құн	214 514 288	30 709 575	10 770 045	255 993 908
Түсімдер	2 009 579	806 415	77 576 377	80 392 371
Активтер шығуы бойынша міндеттемелерді бағалауда өзгерістер	(542 101)	-	-	(542 101)
Шығулар	(2 394 841)	(242 585)	(1 849 502)	(4 486 928)
Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысымдар	70 757 966	4 686 423	(75 444 389)	-
Ішкі ауысулар	190 187	(191 374)	1 187	-
Тозу мен біту бойынша шегерімдер	(29 503 722)	(4 328 781)	-	(33 832 503)
Құнсыздану	(790)	(3 099)	(12 305)	(16 194)
2010 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша қалдық құн	255 030 566	31 436 574	11 041 413	297 508 553
2010 жылғы 31 желтоқсанға арналған				
Бастапқы құн	428 871 355	51 045 927	11 041 413	490 958 695
Жинақталған тозу мен біту	(173 840 789)	(19 609 353)	-	(193 450 142)
Қалдық құн	255 030 566	31 436 574	11 041 413	297 508 553
2011				
2011 жылғы 1 қаңтарға арналған жағдай бойынша қалдық құн	255 030 566	31 436 574	11 041 413	297 508 553
Түсімдер	1 672 317	1 491 771	84 159 219	87 323 307
Активтер шығуы бойынша міндеттемелерді бағалауда өзгерістер	373 922	-	-	373 922
Шығулар	(3 771 308)	(735 028)	(2 638 436)	(7 144 772)
Барлау мен бағалау бойынша активтер көшу	1 407 070	-	-	1 407 070
Аяқталмаған күрделі құрылыстан көшу	69 782 393	10 908 355	(80 690 748)	-
Ішкі ауысулар	39 228	(194 746)	155 518	-
Тозу мен біту бойынша шегерімдер	(34 641 584)	(4 313 294)	-	(38 954 878)
Құнсыздануды сторнирлеу / (құнсыздану)	46 709	(39 700)	(1 660 130)	(1 653 121)
2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша қалдық құн	289 939 313	38 553 932	10 366 836	338 860 081
2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған				
Бастапқы құн	490 309 318	60 630 294	10 366 836	561 306 448
Жинақталған тозу мен біту	(200 370 005)	(22 076 362)	-	(222 446 367)
Қалдық құн	289 939 313	38 553 932	10 366 836	338 860 081

7. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Барлау мен бағалау активтері	Өзге материалдық емес активтер	Жиыны
2010			
2010 жылғы 1 қаңтарға арналған жағдай бойынша қалдық құн	1 745 395	2 276 745	4 022 140
Түсімдер	13 068 275	858 857	13 927 132
Шығындар	-	(6 173)	(6 173)
Өнімсіз ұңғымаларды есептен шығару	(1 103 615)	-	(1 103 615)
Амортизациялық шегерулер	(954 694)	(698 931)	(1 653 625)
2010 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша қалдық құн	12 755 361	2 430 498	15 185 859
2010 жылғы 31 желтоқсанға арналған			
Бастапқы құн	22 553 458	5 027 989	27 581 447
Жинақталған амортизация	(9 798 097)	(2 597 491)	(12 395 588)
Қалдық құн	12 755 361	2 430 498	15 185 859
2011			
2011 жылғы 1 қаңтарға арналған жағдай бойынша қалдық құн	12 755 361	2 430 498	15 185 859
Барлауға лицензия сатып алу	15 794 141	-	15 794 141
Түсімдер	6 245 865	1 074 077	7 319 942
Өнімсіз барлау ұңғымаларын шегеру	(2 586 223)	-	(2 586 223)
Ауыстырып жылжыту	(1 407 070)	-	(1 407 070)
Шығару	(339 381)	(4 176)	(343 557)
Амортизациялық аударымдар	(5 667 278)	(871 980)	(6 539 258)
Құнсыздану	(761 106)	(24 696)	(785 802)
2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған жағдай бойынша қалдық құн	24 034 309	2 603 723	26 638 032
2011 жылғы 31 желтоқсанға арналған			
Бастапқы құн	39 499 685	6 073 194	45 572 879
Жинақталған тозу мен біту	(15 465 376)	(3 469 471)	(18 934 847)
Қалдық құн	24 034 309	2 603 723	26 638 032

Барлауға лицензияны сатып алу өзіне барлауға КС лицензиясын (5-ескертпе) және Бас компанияда барлауға лицензияны сатып алуды амтиды (22-ескертпе).

2011 жылы Компания Р-9, Лиман және Тайсойған блоктарында бұрғыланған барлау ұңғымаларына қатысты өнімсіз ұңғымалар бойынша шығындарды таныды.

8. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Өзге қаржы активтері

	2011	2010
ҚМГ ҰК қарыз құралдарына инвестициялар (22-ескертпе)	187 810 467	220 710 987
Өтегенге дейін ұсталатын, теңгеде көрінген ұзақ мерзімді салымдар	989 064	953 920
Өзгесі	3 074	160 911
Ұзақ мерзімді қаржы активтерінің жиыны	188 802 605	221 825 818
АҚШ долларында көрінген шұғыл салымдар	169 806 482	264 841 437
Өтегенге дейін ұсталатын қаржы активтері	109 541 770	54 916 073
Теңгеде көрінген шұғыл салымдар	36 115 639	57 786 248
фунт стерлингте көрінген шұғыл салымдар	6 206 774	–
ҚМГ ҰК қарыз құралдарына инвестициялар (22-ескертпе)	218 773	256 928
Өзгесі	270	270
Қысқа мерзімді қаржы активтерінің жиыны	321 889 708	377 800 956
	510 692 313	599 626 774

2011 жылы АҚШ долларында мерзімді салымдар бойынша сыйақылардың орташа өлшенген мөлшерлемесі 3,6% (2010 жылы: 6,6%) құрады. 2011 жылы теңгеде мерзімді салымдар бойынша сыйақылардың орташа өлшенген мөлшерлемесі 1,4% (2010 жылы: 4,7%) құрады.

2011 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында берілген қысқа мерзімді салымдар 31 147 066 мың теңге (2010 жылы: 27 639 860 мың теңге) көлемінде ақша қаражаттарын пайдалануда шектеулерді қамтиды, олар жабылған шотта сыйақыны және «ҚазМұнайГаз» ПҚИ Финанс Б.В. («ҚМГ ПҚИ Финанс»), 100%-дық Компанияның еншілесуіне ұзақ мерзімді қарыз бойынша негізгі қарызды төлеуді қамтамасыз ету ретінде орналастырылған (14-ескертпе).

ҚМГ ҰК қарыз құралдарына инвестициялар

2010 жылғы 16 шілдеде Компания ҚМГ ҰК («қарыз құралы») Қазақстан Қорлар Биржасында («ҚҚБ») 221 543 183 мың теңге (1 499 649 мың АҚШ доллары) сомасына шығарған белгіленбеген, купондыұ индекстелген, қамтамасыз етілмеген облигацияларын сатып алды. Шығарылған күніне АҚШ доллары/теңге бағамында индекстелген қарыз құралын купондық сыйақылау бойынша мөлшерлеме жарты жылда бір рет төленеді және 7%-ға тең. Қарыз құралы 2013 жылғы маусымда өтелуге жатады. 2011 жылғы 31 желтоқсанға қарыз құралы бойынша өтелмеген сома мен тиісті есептелген сыйақы сәйкес 187 810 467 мың теңге мен 218 773 мың теңге (2010: сәйкес 220 710 987 мың теңге мен 256 928 мың теңге) құрайды.

Қарыз құралы мынадай түйінді ережелерден тұрады:

- i. Төлеудің белгіленген шарттары белгіленгенге дейін ҚМГ ҰК міндетті тәртіпте Компаниядан алынған келешек кезең дивидендтерін қарыз құралын өтеу есебінен өзара есеп айырысу үшін пайдаланады.

- ii. Егер қарыз құралының айналымының мерзімі ішінде Компания ҚМГ ҰК сатып алған активтерінің жалпы сомасы 800 миллион АҚШ доллары шегінен асса, Компания ҚМГ ҰК қарыз құралының бөліктерін шектен асатын сомаға, қарыз құралын шығару күніне АҚШ доллары/ теңге бағамы бойынша индекстелген жинақталған купондық сыйақыны есепке алып атаулы құны бойынша сату жолымен сатып алуды қаржыландыру мүмкіндігін алады.
- iii. Егер ҚМГ ҰК қарыз құралының айналым мерзімі аяқталғаннан кейін қарыз қалдығын ақшамен өтемесе, Компания акционерлерге қарыз құралының қалған сомасына қарсы есепке алу үшін жеткілікті көлемде Арнайы дивиденд төлей алады.
- iv. Қажет жағдайда Компания миноритарлық акционерлерге Арнайы дивидендтің бөлігін төлеу үшін жеткілікті көлемде Компанияның ақша қаражатын басқару саясатына сәйкесетін, банктерде орналастырылған ақша қаражаттарының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету шараларын қабылдайды. Тәуелсіз директорларға, егер сенімді банктерде сақталатын ақша қаражатының деңгейі жеткіліксіз болатын жағдайда бюджет сомасынан асатын шығындарды бақылауға мүмкіндік беретін арнайы процедуралар әзірленіп қолданысқа енгізілді.

Сауда және өзге дебиторлық қарыз

	2011	2010
Сауда дебиторлық қарыз	83 586 906	65 367 737
Өзгесі	923 150	439 253
Күмәнді дебиторлық қарыз бойынша резерв	(384 254)	(277 223)
	84 125 802	65 529 767

2011 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның сауда дебиторлық қарызы Бас компанияның еншілес ұйымы «ҚазМұнайГаз» - Қайта өңдеу және Маркетинг» («ҚМГ ҚжәнеМ») АҚ шикі мұнай сатуынан 81 686 493 мың теңге көлемде (2010 жылғы 31 желтоқсанда: 63 517 201 мың теңге) дебиторлық қарызын құрады.

2011 жылғы 31 желтоқсанда АҚШ долларында көрінген сауда және өзге дебиторлық қарыз дебиторлық қарыздың жалпы сомасынан 93% көрсетті (2010 жылы: 93%). Қалған дебиторлық қарыз теңгеде көрсетілген. Негізінен сауда дебиторлық қарыз 30 күн өтелу мерзіміне ие.

31 желтоқсанға арналған өтеу мерзімдері бойынша сауда және өзге дебиторлық қарызды талдау мына үлгіде берілген:

	2011	2010
Ағымдағы бөлім	51 073 772	58 298 195
0-ден 30 күнге дейін кешіктіру	18 493 522	7 222 973
30-дан 60 күнге дейін кешіктіру	14 539 440	-
120 және одан артық күнге кешіктіру	19 068	8 599
	84 125 802	65 529 767

Ақша қаражаты және оның баламасы

	2011	2010
АҚШ долларында көрсетілген банктерде мерзімді салымдар	157 092 089	75 315 631
Теңгеде берілген банктерде мерзімді салымдар	28 111 444	12 982 717
Теңгеде берілген банкте қаражат және кассада ақша	17 564 160	3 880 555
АҚШ долларында берілген банкте қаражат және кассада ақша	2 915 914	5 067 220
Фунт стерлингте берілген банкте қаражат және кассада ақша	439 101	878 823
Еврода берілген банктегі мерзімді салымдар	389 215	394 734
	206 511 923	98 519 680

Банктерде ақша қаражаттары бойынша депозиттер бойынша күн сайынғы банк мөлшерлемелеріне байланысты сыйақы мөлшерлемесі белгіленген. Банктік депозиттер Компанияның қажеттігіне орай тиісті мөлшерлемелер бойынша сыйақы төленуін қарастыратын ликвидті активтерде түрлі мерзімдерде (бір күннен үш айға дейін) орналастырылады.

2011 жылы теңгеде салым бойынша сыйақының орташа өлшенген мөлшерлемесі 0,5% (2010 жылы: 1,9%) құрады. 2011 жылы АҚШ долларында салымдар бойынша сыйақының орташа өлшенген мөлшерлемесі 0,3% (2010 жылы: 0,2%) құрады.

9. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫННАН ДЕБИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗ

	2011	2010
«Қазгермұнай» БК («Қазгермұнай») ЖШС үлес	98 823 130	96 737 910
Ural Group Limited BVI БК («UGL») үлес	17 703 117	–
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорынан дебиторлық қарыз	19 499 294	20 356 923
	136 025 541	117 094 833

Қазгермұнай

31 желтоқсанға Компанияның Қазгермұнай активтері мен міндеттемелерінде үлесі мына үлгіде берілген:

	2011	2010
Ақша қаражаты	23 710 222	14 503 911
Ағымдағы активтер	15 055 337	9 998 641
Ұзақ мерзімді активтер	114 125 049	125 855 630
	152 890 608	150 358 182
Ағымдағы міндеттемелер	26 538 741	21 808 244
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	27 528 737	31 812 028
	54 067 478	53 620 272
Таза активтер	98 823 130	96 737 910

Компанияның біріктірілген қаржы есебіне қойылған Қазгермұнай қаржы нәтижелерінің үлесі мына үлгіде берілген:

	2011	2010
Табыс	172 591 202	112 478 772
Операциялық қызмет бойынша шығындар	(109 926 542)	(73 201 797)
Операциялық қызметтен табыс	62 664 660	39 276 975
Қаржы шығындары, таза	(510 790)	(169 169)
Салық салғанға дейінгі табыс	62 153 870	39 107 806
Табыс салығы бойынша шығындар	(23 781 187)	(16 550 967)
Жыл ішінде табыс	38 372 683	22 556 839
Өзге жиынтық табыста танылған оң / (теріс) бағам айырмашылығы	339 537	(460 988)

2011 жыл ішінде табыс 8 695 076 мың теңге (2010 жылы: 10 175 494 мың теңге) сомасында лицензияның әділ құнының амортизациясының әсерін шегеріп және 965 351 мың теңге (2010 жылы: шегерілген салық бойынша шығындар 1 129 711 мың теңге көлемінде) көлемінде шегерілген салық бойынша тиісті үнемдеумен берілген.

2011 жыл ішінде Компания Қазгермұнайдан 36 627 000 мың теңге (2010 жылы: 47 782 250 мың теңге) сомасында дивидендтер алды.

Ural Group Limited BVI («UGL») инвестициялар

2011 жылғы 15 сәуірде Компания Exploration Venture Limited («EVL»)-дан UGL қарапайым акцияларының 50%-дық үлесін сатып алды. UGL Батыс қазақстан облысының Федеров блогында көмірсутектеріне барлау жүргізу құқығына ие «Ural Oil and Gas» («UOG») ЖШС 100%-дық қатысу үлесінің иегері болып табылады. 2010 жылғы мамырда барлауға арналған лицензия 2014 жылдың мамыр соңына дейін ұзартылды.

50%-дық үлес UGL-да акционерлер қарызы үшін 103 114 мың АҚШ доллары (14 983 598 мың теңге) мен акциялар үшін 61 383 мың АҚШ доллары (8 923 237 мың теңге) қоса төлем көзінде табыс салығымен бірге 164 497 мың АҚШ доллары (23 906 835 мың теңге) көлемінде ақша қаражатына сатып алынды.

Сатып алу құнына қосылған 46 687 мың АҚШ доллары (6 784 037 мың теңге) көлемінде сома бастапқыда әділ құны бойынша танылған және әрі қарай тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша бағаланатын бірлескен кәсіпорыннан алуға жататын қарызға жатқызылды. Акционерлердің қарыздарды сатып алу құны мен олардың әділ құны арасында айырмашылық UGL инвестициялар құнына жатқызды. UGL инвестициялар Компанияның біріктірілген қаржы есебінде бірлескен кәсіпорынға инвестициялар ретінде танылады.

UGL операциялық қызметі ағымдағы міндеттемелерді орындау және өз қызметін жалғастыру үшін акционерлердің қарыз түрінде тұрақты қаржыландыруға байланысты болады. Нәтижесінде Компания сатып алған күннен бастап 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін 13 110 мың АҚШ доллары (1 923 356 мың теңге) сомасына қосымша қарыздар түрінде UGL қаржыландырды. Пайызсыз негізде берілген акционерлердің бастапқы және қосымша қарыздарының әділ құны келешек ақша ағындарын дисконттаудың 15%-дық мөлшерлемесін пайдаланып қарыздар бойынша дисконттау жолымен анықталады.

UGL-дың 50%-дық үлесін сатып алуды біріктірілген қаржы есебінде есепке алу әділ құнын алдын ала бағалауға негізделген.

